

ДАЙДЖЕСТ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НОВАЦИЙ

Альманах научно-методических материалов

№6 апрель 2018



ДАЙДЖЕСТ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НОВАЦИЙ

Альманах научно-методических материалов

№ 6 апрель 2018

АЛМАТЫ
2018

УДК 821.512.122

ББК 84 Каз - 44

Д 14

Рекомендовано к изданию
Ученым советом факультета довузовского образования

Рецензенты:

доктор филологических наук профессор *Г.К. Ихсангалиева*

доктор педагогических наук профессор *С.Б. Бегалиева*

Под общей редакцией доктора филологических наук профессора *Ж.А. Нуршаиховой*

Д 14 «Дайджест педагогических новаций»: Альманах / сост. Ж. Нуршаихова. — Алматы, 2018. — №6 апрель 2018. — 162 с.

ISBN 978-601-04-3113-3

В шестом номере альманаха «Дайджест педагогических новаций» собраны научно-методические материалы ученых, работающих в области РКИ и КазКИ, а также лучшие поэтические и прозаические работы студентов и школьников, принявших участие в творческом конкурсе «Мир и человек» на получение ежегодной стипендии имени Народного писателя Азильхана Нуршаихова в декабре 2017 года.

Кроме названных материалов альманах содержит следующие разделы: Культура слова. Поэтическая страничка. Страничка юмора. Раздел об авторах.

Тексты публикуются без изменения в авторской редакции.

УДК 821.512.122

ББК 84 Каз - 44

ISBN 978-601-04-3113-3

© Нуршаихова Ж.А., 2018

© Коллектив авторов, 2018

***ДАЙДЖЕСТ
ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
НОВАЦИЙ***

Альманах

Алматы, 2018

СОДЕРЖАНИЕ

Ж.А. Нуршаихова Что такое «Дайджест педагогических новаций»?	7
РАЗДЕЛ 1 » НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ	
» Часть 1 Материалы Республиканского Круглого стола «Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту: коммуникативтік-прагматикалық аспект», 22 ақпан 2018	
Дүйсенбаева Р.И., Нұртілеуова С.Р. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялардың маңыздылығы	9
Мұсаева Г.Ә., Дюсетаева Р.К. Қазақ тілін оқытуда интенциялық қатарды қолдану тиімділігі.....	11
Машинбаева Г.Ә. Тіл оқытуда мәтін арқылы ойды жинақы жеткізуге үйрету...15	
Нуржанова Ж.С. Орыс тілін шет тілі ретінде оқытуда лексико-грамматикалық ойындарын қолдану.....	18
Омаркулова Л.К. Студенттердің өзіндік жұмысын орындаудағы ақпараттық құралдардың рөлі	23
Өмірбекова Ж.Қ. Қарым-қатынастағы сөйлеудің типтері.....	26
Болатқызы А.Қ. Үштілділік – заман талабы.....	30
» Часть 2 Материалы Международной научно-методической виртуальной конференции «Полиязычное образование: опыт прошлого – взгляд в будущее», 26 апреля 2018	
Ихсангалиева Г.К. Инновационная среда языкового обучения.....	33
Нуршаихова Ж.А., Азнабакиева М.А. Использование идей «теории действий» в прикладных целях лингвистики.....	36
Айтпаева А.С., Ахмедова А.К. Работа с грамматическими таблицами на разных этапах РКИ.....	43
Койлыбаева С.С. К вопросу о когнитивной парадигме в системе парадигм современной лингвистики.....	47
Раимбекова А.А. Лингвосоциокультурный метод формирования полиязыковой личности в РКИ.....	50
Торохтий Л.С., Мацко И.В. Формирование межкультурной компетенции как фактор обучения РКИ.....	53
Якубаева К.С. Социально-психологическая адаптация иностранных студентов.....	58

Божко Н.М. Особенности национально-культурной специфики и психологические характеристики монгольского студенчества	61
Димитрова-Бурлаенко С.Д. Пути и средства формирования креативной компетентности в процессе преподавания математики в иностранной аудитории.....	65
Кисиль Л.Н. Методы обучения диалогической профессиональной речи студентов-иностранцев транспортных специальностей.....	71
Моргунова Н.С. Проблема адаптации иностранных студентов к иноязычной профессионально-культурной среде вуза.....	76
Приходько А.М. Образовательный потенциал технологии «скрайбинг» в системе обучения иностранных студентов в техническом вузе.....	82
Семененко И.Е. Организация учебной деятельности иностранных студентов в процессе их профессиональной подготовки.....	87
Цимбал Т.Н. Возможности использования социальных сетей в процессе обучения.....	91

Ignatova E.R., Sadenova A.E., Tolmacheva D.S. Method Of Teaching Listening As A Type Of Speech Activity.....	95
Kazmagambetova A.S., Aznabakiyeva M.A., Shaykhynova M.Zh. An Algorithm Mastering Of Language Is In A Foreign Audience	99

РАЗДЕЛ 2 ☉ ЛУЧШИЕ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ

Нуршаихова Ж.А., Мусаева Г.А. Несколько слов о литературном конкурсе на стипендию имени Народного писателя РК Азильхана Нуршаихова.....	103
Нұрғазы Шалқар Әзілхан ағаға.....	105

2018 жылы 1 қазан - 1 желтоқсан аралығында Қазақстанның Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың стипендиясы үшін жарияланған «Адам және әлем» әдеби шығармашылық байқауында үздік деп танылған шығармалар

☉ КОНКУРСНЫЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Проза:

1 место Ақбота Кенжеқожаева.....	106
2 место Света Әлхан.....	108
3 место Елдос Тоқтарбай.....	110

Поэзия:

1 место Ділда Уәлибекова.....	113
2 место Махаббат Жарбосина.....	115
3 место Данагүл Мәденқызы.....	116

«Жас қаламгер» номинациясының жеңімпаздары:

Гулсара Әділова.....	117
Аружан Рақымғалиева.....	120
Самат Раимбеков.....	120

«Жас ақын» номинациясының жеңімпаздары:

Дәулет Жәлелов	123
Аманкелді Ақжігіт	125
Сәдуақас Ерасыл.....	126
Қарлығаш Хавай.....	127
Әбдіразақ Тұрсынбек	128
Қасиет Қапиетов	129
Аягөз Мақатова.....	131
Серік Салтанат.....	132
Алтынбек Мерсадықов	134
Ерназ Дуриханов	136
Динара Мухтарова	138
Еламан Төлеутай	139
Бекарыс Назар	141
Айгерім Бірімжанова	143
Ермахан Даулетәлі	145

☉ КОНКУРСНЫЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ

Проза:

Амир Темирсеит.....147

РАЗДЕЛ 3 ☉ КУЛЬТУРА СЛОВА

Алтынбекова О.Б. «Чуду-юду я и так победу!», «Отксерьте мне документ!»..148

РАЗДЕЛ 4 ☉ ПОЭТИЧЕСКАЯ СТРАНИЧКА

Нуршаихова Ж.А. «Современные стихи, которые вынимают из тебя душу...».....150

Аля Кудряшева.....151

Дана Сидерос.....152

Ок Мельникова.....153

Федор Сваровский.....153

Ася Анистратенко.....154

Ксения Желудова.....155

Ах Астахова.....156

Вера Полозкова.....156

Полина Санаева.....160

РАЗДЕЛ 5 ☉ СТРАНИЧКА ЮМОРА).....166

Нуршаихова Ж.А. (из собрания студенческих перлов

РАЗДЕЛ 6 ☉ ОБ АВТОРАХ.....170

ЧТО ТАКОЕ «ДАЙДЖЕСТ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НОВАЦИЙ»?

В 2012 году кафедра языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовского образования Казахского национального университета им. аль-Фараби впервые в Казахстане провела Республиканский фестиваль педагогических идей «Диагностика технологий в преподавании языков». Встречи подобного рода (фестивали, семинары, круглые столы, виртуальные конференции) на факультете стали площадкой для дискуссий по актуальным проблемам обучения казахскому и русскому языкам как иностранным. На обсуждение выносились современные научно-методические технологии в области преподавания языков, участники обменивались передовыми методиками, знакомили и знакомились с новыми разработками. И весь этот материал необходимо было как-то собрать и сделать видимым общественным достоянием для заинтересованных лиц. Возникла необходимость издания ежегодного республиканского научно-методического журнала, в котором были бы представлены педагогические новации казахстанских лингвистов. Этот журнал был назван «Дайджест педагогических новаций» и выпущено уже 5 номеров.

Традицию совместных научных диспутов и издание журнала поддержала республиканская вузовская общественность, которая была представлена учеными из ведущих университетов Казахстана (КазНУ им. аль-Фараби, КазНПУ им. Абая, КазУМОиМЯ им. Абылай хана, КазГосЖенПУ, КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова, КазНПТУ им. К.И. Сатпаева, университет менеджмента, ПГУ имени С. Торайғырова (Павлодар), ТГУ им. М.Х. Дулати).

В последние годы к нам активно присоединились ученые из Украины – Харьковский национальный автомобильно-дорожный университет (ХНАДУ). С их работами можно ознакомиться в последних номерах нашего журнала.

Радует также, что не остались равнодушными к вопросам преподавания языков и учителя казахстанских школ. Их ежегодное участие в наших конференциях, круглых столах показывает, что есть еще энтузиасты, неравнодушные учителя, которым небезразлично ЧТО и КАК они преподают, и они с удовольствием делятся своими разработками, методиками и технологиями.

Альманах состоит из нескольких разделов. Первый раздел этого номера называется «*Научно-методические материалы*». Он состоит из двух частей.

Первую часть обычно составляют материалы республиканского Круглого стола «Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту: коммуникативтік-прагматикалық аспект», посвященные вопросам преподавания казахского языка как иностранного (КазКИ). В этом году Круглый стол состоялся 22 февраля 2018 года.

Вторая часть состоит из материалов, присланных на Международную научно-методическую виртуальную конференцию «Полиязычное образование: опыт прошлого – взгляд в будущее», которая состоится 26 апреля 2017.

Статьи, опубликованные в разделе «Научно-методические материалы», посвящены проблемам преподавания языков в национальной и иностранной аудитории. Этот раздел актуален в том плане, что до настоящего времени не существовало периодических изданий, посвященных комплексной дескрипции сущности преподавания второго языка во всем ее многообразии. С этой позиции переключка педагогических идей в преподавании языков становится той областью, которая способна заинтересовать не только преподавателей практического русского и казахского языков, но и ученых, занимающихся изучением когнитивных процессов в сознании инофонов, изучающих неродные языки.

Не вызывает сомнения и тот факт, что инновационные педагогические решения, описываемые авторами альманаха, могут быть применимы при разработке учебных пособий и презентаций по преподаванию языков.

Во втором разделе уже традиционно мы помещаем лучшие поэтические и прозаические работы студентов и школьников, принявших участие в творческом конкурсе «*Мир и человек*» на получение ежегодной стипендии имени Народного писателя РК Азильхана Нуршаихова.

Третий раздел «*Культура слова*» продолжает вести наш постоянный автор, доктор филологических наук профессор О.Б. Алтынбекова.

В этом году поэтическая страничка представлена подборкой стихотворений молодых поэтов нашего времени.

Студенческие языковые курьезы, допускаемые иностранными студентами в речи, получили отражение на *страничке юмора*.

Надеемся, что альманах «*Дайджест педагогических новаций*» станет научно-методической трибуной преподавателя-лингвиста, стимулирующей к новым интересным идеям.

Желаю всем неугасающего творческого вдохновения!
Ж.А. Нуршаихова

РАЗДЕЛ 1
☞ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ

Часть 1. Материалы Республиканского Круглого стола «ҚАЗАҚ ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ: КОММУНИКАТИВТІК-ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТ», 26 февраля 2018

Дүйсенбаева Р.И.

аға оқытушы

Нүртілеуова С.Р.

аға оқытушы

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНАЛАТЫН
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Резюме

В статье говорится о важности применения инновационных технологий в преподавании казахского языка как иностранного. Одна из них - коммуникационная технология обучения. Коммуникационная образовательная технология помогает свободно выражать свои мысли, используя общий язык взаимодействия мнений. Мнение учится через диалог, обмен мнениями. С использованием коммуникативных технологий обучения следует обратить внимание на то, что это процесс построения речи. Существует языковая система, которая развивает навыки чтения и общения через общение. Использование различных технических средств речи расширяет лексику на уровне преподавания.

Summary

The article talks about the importance of applying innovative technologies in teaching Kazakh as a foreign language. One of them is the communication technology of teaching. Communication educational technology helps to express freely their thoughts, using the common language of interaction of opinions. Opinion is learning through dialogue, exchange of opinions. With the use of communicative learning technology, attention should be paid to the fact that this is a process of constructing speech. There is a language system that develops the skills of reading and speaking through communication. The use of various technical means of speech broadens the vocabulary at the teaching level.

Бүгінгі ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде педагогиканың ең озық, тиімді әдістерін, тәжірибелерін жалғастыра отырып, тың жаңалықтармен іздену, оқу үрдісін жаңашылдықпен толықтырып дамыту - бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі екені анық. Сондықтан қазіргі заманның білім беру жүйесі оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу арқылы тіл үйретуші оқытушыларының тұлғасы мен құзіреттілігіне де жоғары талаптар қойылып отыр.

Білім берудегі мақсат тек білімді кәсіп иелерін дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру керек екенін баса айтқан жөн.

Оқыту мен оқу үрдісінде қолданылып жүрген технологиялар қатарында қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда коммуникативті оқыту технологиясының маңызы зор. Қоғам талабына қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда қойылып жүрген ортақ міндет - тілді коммуникативті бағытта үйрету.

Коммуникативтік оқыту технологиясының мақсаты: қазақ тілінде пікір алысуды пікір алысу арқылы үйрету, тіл үйренушілердің өз ойларын еркін жеткізуі мен өзара тіл табысып, сөйлеуді дамытуы. Коммуникативті оқыту технологиясы - дегеніміз пікір алысуға негізделген әдіс. Коммуникативтік – оқыту процесінің тілдік бағытын білдіреді, ол тіл дамыту жұмыстарының бір түрі.

Тіл - қарым - қатынас құралы. Тіл игеру арқылы адам айналасындағы дүниені таниды, басқалармен қарым - қатынасқа түсе отырып оның ой өрісі кеңейеді. Қазақ тілін шет тілі ретінде үйретудегі негізгі әдістемелік бағыттар - оқу үрдісі оңайдан қиынға қарай бағытталған, тілдік материалдар күнделікті өмір шындығынан алынған және оқу процесінде әбден шыңдалып, өңделген. Коммуникативті оқытуда білім беру- тіл үйренушінің өзін ауызша (түсіну, сөйлеу) және коммуникацияға(оқу және жазбаша) тарту, яғни оқылып жатқан тілде бүкіл курс бойынша қарым-қатынасын қалыптастыру.

Коммуникативтік әдіс қазақ тілін оқытудағы оқу тәрбие үрдісінің барлық мақсат-міндеттерін қамтиды. Басты көңіл бөлінетін нәрсе ол сөйлеу және оқу. Тіл үйренушілер сөйлеу мен оқуды меңгергеннен кейін жазуды үйренеді. Сөйлеу мен оқу арқылы дұрыс нәтижеге жеткен тіл үйренуші өз ортасында қазақша еркін сөйлеп, тілді қатынас құралы ретінде пайдаланады. Коммуникативті технологияны пайдалана отырып сабақ жүргізгенде жұптық, топтық жұмыстардың, ойынның, әннің, жобалау жұмысының маңызы зор.

Қазіргі кезде оқытушыларға қойылып отырған талап - жаңа инновациялық-технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы терең білім беру, тіл үйренушілердің ойлау, есте сақтау көру қабілеттерін жетілдіру.

Жаңа технологиялар арқылы оқыту қазақ тілін шет тілі ретінде үйренудің сапасы мен маңызын арттырады. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту процесінде тілді дұрыс үйрету ауызша сөйлеу, сауатты жазу, мәнерлеп оқыту өте маңызды. Қазіргі кезеңде оқу орындарында қазақ тілін оқыту дұрыс жолға қойылған. Тіл үйренушілердің қазақ тілін біліп ғана қоймай ,оның тарихын, ұлттық мәдениетін білуге көп көңіл бөлінеді. Қазақ тілін шет тілінде оқытудағы білімділік мақсаты - қазақ тілінде сөйлеуді үйрету, байланыста бола алу мен ортақ тіл табысып, қарым-қатынасты нығайтуға ұмтылу болса, тәрбиелік мақсаты - өзге адамдарды тыңдау мәдениетін қалыптастыру негізінде өз пікірін айта алу және қорғауға үйрету.

Сондықтан оқытушы тіл үйренушіні ынталандыру, пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында сабақты төмендегідей жолдармен өткізе алады.

- Сабақта тақырыпқа байланысты кестелерді, суреттерді кең көлемде қолдану;
- Интерактивті тақтаны қолдану арқылы тақырыпқа қатысты слайд-шоу, бейнетаспаларды көрсету;
- Сабақты ойын түрінде өткізу;
- Сабақта ақпараттық-техникалық құралдарды және инновациялық технологияларды тиімді қолдану білім сапасын әсер етеді.

Пәнге деген қызығушылықты арттыруда ең көп қолданылатын тиімді тәсіл сабақты ойын түрінде өткізу болып табылады. Сабақты ойын түрінде өткізу тіл үйренушілердің грамматиканы, лексиканы тез меңгеруге, сөйлеу және есту қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар ойынды сүйіспеншілікпен оқытушылар да, тіл үйренушілер де ойнайды. Себебі, ойын тіл үйренушілер үшін еліктіргіш сабақ болып табылады. Ойын кезінде жақсы оқитын тіл үйренушілер де, нашар оқитын тіл үйренушілер де тең. Сол себепті ойын кезіндегі теңдік сезімі, тіл үйренушінің тапсырманың қолынан келетінін сезінуі, еркін атмосфера әрбір тіл үйренушіге өз бойындағы ұялшақтық сезімін жеңуге, өз ойын еркін білдіруге, топта бірлесе жұмыс істеуге көмектеседі. Ойындар келесідей маңызды әдістемелік тапсырмалардың орындалуына мүмкіндік туғызады:

1. Тіл үйренушілердің сөйлеу арқылы араласуына психологиялық дайындығын жасауға;

2. Тіл үйренушілердің тіл материалын көп қайталауына табиғи қажеттілікті қамтамасыз етуге жаттықтырады.

Белгілі ғалым М.Ф. Тронин өзінің “Ағылшын тілі сабағында қолданылатын жаттықтырушы ойындар” кітабында ойындарды келесідей категорияларға бөледі: лексикалық ойындар, грамматикалық ойындар, фонетикалық ойындар, орфографиялық ойындар және шығармашылық ойындар.

Сонымен қатар сабақта электронды кітаптарды пайдаланудың да маңызы өте зор. Себебі, ол тіл үйренушінің танымдық көзқарасын қалыптастыруға, ізденісін ұлғайтуға, шығармашылық қабілетін арттыруға, өзіндік жұмыстарды тез орындауға көмектеседі.

Оқу процесінде жаңа технологияларды қолдану аса маңызды. Шыныменен, жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолдану үлкен рөлге ие болып, барлық салаларда қолданылуда. Интернет-технологиялар ақпаратты іздеуге, халықаралық ғылыми жобаларды әзірлеуге, ғылыми зерттеулер жүргізуге үлкен мүмкіндіктер туғызады.

Сондықтан қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту сабағында тіл үйренушінің оқу-танымдық көзқарастарын дамыту үшін, ең алдымен қазақ тіліне деген қызығушылығын арттырудың жолдарын іздестіруіміз керек. Сондықтан, тіл үйренушілердің тілге қызығушылығын арттыру - ең бірінші тіл үйретуші ұстаздарға байланысты.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін шет тілі ретінде меңгеру өте маңызды. Ол тіл үйренушілердің ой-өрістерін кеңейтеді, халықаралық достыққа, мәдениетке тәрбиелейді. Тіл үйренушінің жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасауға бағыт алып отырған бүгінгі білім беру жүйесінде әлемдік стандарттар талабының негізгі компоненттерінің бірі деп танылылғаны бүгінгі заман тапсырысы екенінде дау жоқ.

Қазақ тілін шет тілінде үйретуші оқытушы оқытудың жаңа технологиясын, инновациялық жан-жақты меңгеріп, соңғы жарық көрген ғылыми әдістемелік әдебиеттердегі тәжірибелі оқытушылардың оқыту әдістерін оқып үйреніп, оларды өз жұмысында орынды қолдана білуі керек.

Мұсаева Г. Ә.

ф.ғ.к. доцент

Дюсетаева Р.К.

аға оқытушы

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИНТЕНЦИЯЛЫҚ ҚАТАРДЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Резюме

В статье рассматривается коммуникативно-прагматический аспект. Автор рассуждает о необходимости адекватного использования говорящим связанных с разговорной ситуацией языковых единиц для успешного осуществления процесса коммуникации, а также для регулировки действия коммуникации. По мнению автора, для начала надо определить конечную цель обучения и результаты, к которым необходимо прийти. Направленный на коммуникацию процесс овладения языком развивается по спирали, начиная с формирования алгоритмов и определения языкового материала (лексического), который отбирается с целью осуществления коммуникации и умножается в количестве в процессе обучения.

Ключевые слова: обучение казахскому языку, коммуникация, интенционный ряд, лексический материал.

Summary

The article deals with communicative and pragmatic aspect. The author discusses the necessity of adequate use of language units related to the conversational situation for the successful implementation of

the communication process, as well as for regulating the action of communication. According to the author, for a start it is necessary to define the final purpose of training and results to which it is necessary to come. The process of mastering the language develops in a spiral, starting with the formation of algorithms and the definition of language material (lexical), which is selected for the purpose of communication and multiplied in number in the learning process.

Key words: instruction in the Kazakh language, communication, intentional series, lexical material

Жылдам өзгермелі әлемде коммуниканттардың табыстылығын қамтамасыз ету үшін, қазіргі өмір талабына сай, жаңа сапа – метабілімділік, метақұзыреттілік қажет. Озық экономика білім беру мақсаттарын «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын адамға» ауыстыруды қажет етеді. Бұл мақсатқа жетуде лингвистикалық антропоцентристік: коммуникативтік прагматикалық, когнитивтік парадигмалар зерттеулері қолданылмақ.

«Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) 2014 жылы өткізген Қазақстандағы орта білім беруге жасаған шолуында академиялық пәндер теорияға назар аударатын отырып оқытылады, олардың практикада қосымша қолданылуына жеткілікті көңіл бөлінбейді, осының салдарынан білім алушылар жеткілікті дәрежеде алған білімдерін стандартты емес жағдайларда тиімді қолдануға және пайдалануға қабілетті емес деген қорытынды жасалған» [1, 3-4 б]. Олай болса, жалпы алғанда, біздің мектептің білім алушылары пәндік сапалы, нақты айтсақ, дәйекті білім алады, бірақ оларды өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдылары жоқ.

Бұл, әрине, білім беру орындарында оқытылатын бүкіл пәндерге қатысты, алайда қазақ тілін екінші тіл немесе шет тілі ретінде оқыту мәселесіне келсек, қазіргі жағдайда қыруар жұмыс жүргізілуде. Еліміздің егемендік алған жылдарында пайда болған сұраныс – қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйрету бойынша оқулықтар жоқтың қасы болды. Әдіскерлер сол кезде жазған оқулықтар мен қазіргі жазылып жатқан оқулықтарды салыстырсаңыз, мазмұн мен құрылымында айтарлықтай дамуды көре аласыз. Схоластикалық оқыту мен жаттап алу әдісі келмеске кетті. Дегенмен, бұл да қазіргі сұранысты қанағаттандыра алар емес. Білім алушы білімді енжар «алушы» болып қалып отыр. Тәжірибеге сүйенсек, тілді үйретуде әлі де болса, тек компаративизм мен құрылымдық лингвистикаға негізделген мазмұнның басымырақ болуында деп ойлаймыз. Ғалымдар ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап сабақтағы оқыту үдерісінің кезеңдерін толықтай сипаттап, анықтап беруге тырысты. Олардың бәрі де шамамен бірдей мақсатты көздеп отырған.

1. білім алу;
2. икемділік пен дағдының қалыптасуы;
3. алған білімді қолдану;
4. шығармашылық әрекет;
5. бекіту;
6. білімді, дағдыны, білікті, тексеру [2].

Немесе

- А) оқу-танымдық әрекетті ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістері;
- Ә) оқу-танымдық әрекетке шақыратын және уәждендіретін әдістер;
- Б) оқу-танымдық әрекеттің тиімділігін бақылау мен өзін-өзі тексеру әдістері [3].

Оқытудың мазмұнын оқытудың мақсаты, яғни нәтижесінде біз нені көргіміз келеді деген ұстаныммен құрылғаны дұрыс деп ойлаймыз. Қазіргі қойылып отырған талап бойынша біз білім алушылар сабақта оқыту мақсаттарына жетсе ("біледі", "түсінеді", "қолданады", "талдайды", "бағалайды" және "жинақтайды") деп бағалауға тырысамыз [1]. Ал бұл неден шығып отыр? Бұл оқыту әдістерінің психологі американдық Бенджамин Блумның таксономиясы (1956 жылы) және 2001 жылы Л. Андерсон мен Д. Кратволенің

жаңартылып, жетілдірілген таксономиясы негізінде жасалған. Блумның таксономиясы бойынша білім беру мақсаты үш саланы (когнитивтік (танушылық), аффективтік (эмоционалдық - құндылық), психомоторлық) қамтыса, екінші авторлардың ұсынысы бойынша білім беру мақсаты когнитивтік саланың өзі бойынша білім 4 деңгейді, когнитивтік процесс 6 деңгейді құрайды. Бұл таксономиялар оқушының оқыту үдерісінде меңгеруге тиісті негізгі құзыреттер типі мен оның дескрипторларын анықтап береді.

Оқытудың мақсаты мен түпкі көздеген нәтижемізді белгілеп алған соң, оқыту әдісі коммуникативтік бағытқа құрастырылған оқыту үдерісінің алгоритмін құрастыру қажет. Сөйлеу актісіне себеп болатын сөйлеу жағдаяты тілдік айтылымның уәждемесін туындатады. Белгілі бір жағдаяттың бірнеше уәжідемесі болады да, ішіндегі ең негізгі уәждеме коммуниканттың интенциясын (коммуникативтік ниетін) оятады [4]. Интенция – сөйлеушінің сөйлеу актісіне дейінгі ішкі дайындығының бір кезеңі. Сондықтан сөйлеу интенциясы сөйлеу құралдарының негізгі мазмұнды беретін вербалды түрімен қоса, вербалды емес түрлерін, сөйлеу жылдамдығын, үнін, дауыс ырғағын, ым-ишарат белгілері сияқты паралингвистикалық сөйлеу құралдарын да таңдауды талап етеді. Яғни, интенция сөйлеу әрекеті кезінде өз мазмұнына қыруар ақпаратты жүктейді.

Бұл айтылған мәселелер өзге тілді меңгеруде баса назар аударуды талап ететін болғандықтан, оқыту үдерісін құрастыруда да, міндетті компонент ретінде баса көрсетіліп отырды.

Оқу үдерісінде сөйлеу жағдаятын, әрине, лексикалық тақырыптармен бере аламыз, лексикалық тақырыптың өзі бүкіл курста бірнеше блок түріне топтастырылады. Мысалы: Танысу блогы амандасу, танысу, отбасы, жас мөлшері, кім қайдан, мамандық және іс-әрекет деген лексикалық тақырыптардан тұрады. Бұл блокта тіл меңгеруші өзі және өз отбасы, досы, әріптесі туралы толық мәлімет беруге, осы тақырып төңірегінде мәлімет сұрай білуге, қосымша бағалай білуге, өз ойын айта білуге (менің ойымша, оның жасы жиырмаларда, сенің досың еңбекқор екен, т.с.с.) үйрене алады. Меңгерілетін материал блокқа, лексикалық тақырыптарға бөлінген соң, әр лексикалық тақырыптың өз ішінде бірнеше интенциясы сараланып жазылады. Мысалы «Амандасу» тақырыбы бойынша: Жасы үлкен адаммен қалай амандасамыз? Достармен қалай амандасамыз? Жасы кішімен қалай амандасамыз? Сондай-ақ әр жағдаятқа байланысты қалай ризашылық білдіреміз деген сияқты интенциялар қатары беріледі. Ал грамматикалық материал осы айтылған интенцияларды жүзеге асыруға қажеттісі ғана іріктеліп, жүйелі түрде тіл меңгерушіге ұсынылып отырады.

Оқу үдерісінің алгоритмінің (үш тақырып) көрінісі төмендегідей болмақ [толық нұсқасы: 5;6].

БЛОК	САБАҚ ЖӘНЕ ТАҚЫРЫП	ИНТЕНЦИЯ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫ	ГРАММАТИКА	ЕЛТАНУ (өз бетімен оқу)
ТАНЫСУ	1-САБАҚ АМАНДАСУ ТАНЫСУ	<ul style="list-style-type: none"> • Амандасу. • Қоштасу. • Аты-жөні туралы айту / сұрау. • Ризашылық білдіру. • Ризашылыққа жауап қайтара білу. 	<ul style="list-style-type: none"> • Алфавит. Дыбыстар және оның жүйеленуі. • Тәуелдік форма I,II жақ – тек диалог ішінде. • Зат есім жалпы/жалқы есімдер. 	
	2-САБАҚ БҰЛ КІМ/НЕ?	<ul style="list-style-type: none"> • Зат немесе нәрсе туралы мәлімет сұрау /айту. (Бұл кім/не?). 	<ul style="list-style-type: none"> • Зат есімнің көптік жалғауы. • Сұраулық шылау: 	

		<ul style="list-style-type: none"> • Зат немесе нәрсенің сын-сипатын, сапасын айту / сұрау. (Кім/не қандай?) • Алғыс айту. • Алғысқа жауап беру. • Кешірім сұрау, оған жауап беру 	<p>ма/ме/ба/бе/па/пе.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сын есім: сапалық/қатыстық. • Күшейтпелі шырай: өте. • Жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік есімдіктері. 	
	3-САБАҚ ОТБАСЫМЕН ТАНЫСУ	<ul style="list-style-type: none"> • Меншік иесін, нәрсенің, заттың кімге / неге тәуелді екенін сұрап білу / айту. • Бірін-бірі таныстыру. • Отбасы мүшелері. • Отбасы туралы мәлімет айту / сұрау. (Үлкен / кішкентай, Кім қандай адам?). 	<ul style="list-style-type: none"> • Тәуелдік жалғау: оңаша, ортақ тәуелдеу. • Ілік септік формасы. • Меншік формасы: -нікі/-дікі/-тікі. 	Алматы қаласы. Суреттермен берілген.

Осындай жүйелі алгоритммен құрылған оқыту үдерісі қойылған мақсатқа орай, курс соңында бүкіл лексикалық тақырыптар, коммуникативтік жағдаяттар, интенциялар, грамматикалық материал бірігіп, біртұтастықты құрап жоғарыда айтылған когнитивтік, функционалдық, жүйелілік, әлеуметтік құзыреттілікке жеткізе алады.

Оқыту үдерісінің әрбір қадамын жазып шығу арқылы біз тек өз мақсатымыз бен міндеттерімізді саралап, шетсіз, шексіз материалдан дәл осы курста нені оқыту керек деген мәселені ғана шешіп алдық. Ал енді қалай оқытамыз? Осы таңдап алынған тілдік материалды қалай ұсынамыз? Оның жауабы, біздің ойымызша, жүйелілік. Ол қандай жүйелілік?

Коммуникативтік мақсатпен таңдап алынған тілдік материал (лексикалық материал) бірінен бірі өрбіп, бірін бірі толықтырып спиралды түрде дамып отыруы тиіс. Мысалы, сіз тілін білмейтін елге келіп, тілді үйренуді бастадыңыз делік, алдымен сіз кіммен қалай амандасу керек екенін үйренесіз, содан кейін ризалық білдіру, жағдаятқа сай қоштасуды, танысуды, қайдан келгенін айтуды, бұл не/кім және ол қандай деген нәрсені, жасыңыз туралы, мамандығыңыз, қайда тұрасыз, жұмыс істейсіз деген сұрақтарға жауап бересіз, өзіңіз мәлімет сұрап үйренесіз. Содан кейін сізге не керек, не үшін керек, ол үшін не істеу керек, қайда бару керек, т.с.с. өзіңіздің коммуникативтік қажеттілігіңізді өтей алатын материалдарды игергіңіз келеді. Осыған орай, қажетті грамматикалық материалды қоса меңгересіз.

Қазақ тілі құрылымы жағынан – агглютинативті тіл. Бұл – жүйелі тіл. Грамматикалық материалды ұсынуда да алғаш зат есімді, содан кейін, көптік жалғауды, интенцияға сай сын есімді, содан кейін тәуелдік жалғауды, келесі кезекте жіктік жалғауды, содан кейін жатыс септікті, одан кейін барыс септігін, т.с.с. алгоритм қажет болады. Мінеки, жүйелілік деген – осы. Осы бағытта ұсынылған тілдік материалда артық нәрсе де, меңгеруге қиын жағдаят та кездеспейді. Оқу үдерісі бір жақты тіл меңгерушінің коммуникациясына ғана қатысты материалмен шектелмеуі тиіс. Тіл – мәдениетті құраушы бөлшек. Бастаушы топтарда елтану, мәдениеттануға байланысты шағын, бейімделген мәтіндерді оқыту, меңгерту де жүзеге асады.

Бүгінгі күні шет тілін үйренудің басты мақсаты сөйлеу әрекетінің төрт түрін ғана меңгеру емес, мәдениетаралық тілдік қарым-қатынас жасай алу, меңгерілген білімді іс-жүзінде жағдаятқа бара бар қолдана алу. Тіл меңгертудегі біздің мақсатымыз –

стереотипті қарапайым, мысалы; айтылған өтінішпен келісу немесе бастарту, берілген кеңеске ризашылық білдіру сияқты қарым-қатынастан вариативті тілдік қарым-қатынасқа, яғни, кез келген жылдам өзгермелі жағдаятта нормаға сай өз ойын толық білдіріп, еркін сөйлеуді жүзеге асыруға үйрету.

Әдебиеттер

1. 2017-2018 оқу жылында қазақстан республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хат Астана, 2017. – 362 б.
2. Данилов, Есипов, 1998, – С. 127 Дереккөз: http://studbooks.net/1954951/pedagogika/klassifikatsiya_metodov_priemov_obucheniya_inostrannym_yazykam].
3. Ю.К. Бабанский Избранные педагогические труды – М: Педагогика 1989 -560 С.
4. Основы теории речевой деятельности / Под ред. А.А. Леонтьева. – М., 1974. – С. 30.
5. Мұсаева Г.Ә. Қазақ тілі – шет тілі ретінде (Базалық деңгей) 1-кітап Оқу құралы (Өңделіп толықтырылған, 2 басылымы) Алматы «Қазақ университеті», 2017 жыл, – 244 б.
6. Мұсаева Г.Ә. Қазақ тілі – шет тілі ретінде (Жалғастырушы деңгей) 2-кітап Оқу құралы (Өңделіп толықтырылған, 2 басылымы) Алматы «Қазақ университеті», 2017 жыл, – 138 б.

Машинбаева Г.Ә.

ф.ғ.к. доцент

ТІЛ ОҚЫТУДА МӘТІН АРҚЫЛЫ ОЙДЫ ЖИНАҚЫ ЖЕТКІЗУГЕ ҮЙРЕТУ

Түйіндеме

Мақалада қазақ тілін шет тіл ретінде оқытудағы мәтінмен жұмыстың ұтымдылығы туралы айтылады.

Ілмек сөздер: мәтін, мәтіннің лингвистикалық мақсаты, мәтін алды тапсырмалары, мәтіннен кейінгі тапсырмалар, мәтін тақырыбы, мәтін ыңғайы№

Өзге тілді аудиторияда тіл үйретуде оқытушының ең алдыңғы кезектегі міндеті – студенттердің қарапайым мәтіннен бастап күрделі мәтіндерді құрастыра алу мүмкіндіктеріне жол ашып жұмыс істеуі.

Сабақта пайдаланылатын мәтін ғылыми тұрғыда сұрыпталған, өңделген, түсінікті болуы керек. Мәтіннің түсініктілігі дегеніміз ең алдымен ол мәтіннің құрамына енген сөздердің айқын, оқытылып отырған тілдің әдеби нормасына сай таңдалынып алынуы немесе құрастырылуы. Бұл мәтінде қабылдаушының түсінуіне қиындық туғызатын диалект сөздердің, жаргон сөздердің болмауын немесе терминдердің шамадан тыс көп болмауын қадағалау деген сөз. Мұндай мәтіндерді сұрыптауға зерттеушілер әр қырынан келіп, көптеген талаптар қояды: «Мәтін шартты түрде екі қырынан: мазмұндық-әдістемелік және лексика-синтаксистік, стильдік жағынан тексеріліп, бағаланады» [1; 43]. Мәтіннің мазмұндық-әдістемелік сипатына: оның ғылыми мазмұны, қажеттілігі, қайталаусыз, жүйелі баяндалуы, теориялық абстракциялық деңгейі, өткен материалмен сабақтастығы, күрделірек деңгейі, студенттердің білімі мен логикалық ойлау деңгейіне сәйкестілігі, терминологияның бірізді қолданылуы, түрлі ақпараттық және фактілік материалдардың мөлшері т.б. мәселелер жатады. Ал лингвистикалық-стильдік сипатына: студенттердің лингвистикалық әзірлік деңгейінің ескерілуі, сөйлемдердің тым ұзын, шұбалаңқы немесе кілең қысқа студенттік толық та сапалы сөйлеуін дамытпайтын қысқа

сөйлемдердің ғана болмауы, оқылуы мен жазылуы қиын көп буынды сөздердің сирек қолданылуы, абстракт мағыналы және бейтаныс сөздердің қажетті мөлшерде әрі мағынасы мәтін ішінде түсінікті болатындай етіп жұмсалуды, сөздердің бір мәтінде екіұшты мағына беретіндей қолданылмауы жатады. Сабақта қолданылатын мәтін студенттің жас ерекшелігіне психикалық, физиологиялық ерекшелігіне, тіптен кей жағдайда ұлттық ерекшелігіне де бейімделіп алынуы ескерілуі керек. Әдістемелік әдебиеттерде мамандар мәтінді сұрыптағанда студенттердің мамандығы бойынша актив сөздер мен түсіндірме терминдердің ауқымы; лексико-грамматикалық материалдың ерекшелігін қамтамасыз ету; мәтіннің қиындық деңгейін анықтау критерийі; мәтіннің семантикалық моделін құру мүмкіндігі; мәтінде ойлау-танымдық мәннің болуы; контекстік көркемдік пен жанрлық шектеулік; тақырыптық принцип; мәтіннің композициялық-мәндік құрылымы мен стилі сынды факторларды ескеру керектігін басып айтады. [2; 18] Студенттің тіл үйренуіндегі ең басты назар мәтіннің сұрыпталуына баса назар аударсақ мәтінмен жұмыс істеуде қиындық болмайды. Қосымша әдебиеттер мен баспасөз беттерінен алынатын мәтінді белгілі деңгейде қолданғанда сол тіл оқушы топтарға сәйкес қайта бейімдеп сұрыптап қолданған жөн. Мәтінге тән тілдік зерттеулерде кез-келген мәтінге төмендегі талаптар қойылады:

1. Мәтіннің лингвистикалық мақсатқа;
2. мазмұнының танымдық-педагогикалық ұстамға;
3. әдістемелік нысанаға сәйкес болуы керек [3; 111].

Жалпы тіл үйретуде мәтінмен жұмысқа тілдің фонетика, лексика, морфология, синтаксис, пунктуация, фразеология бөлімдері тұтастай қатыстырылады. Сондықтан оқытушының алғашқы сабақтардағы тіл дыбыстарымен, сөз мағыналарымен жұмыс істеуінің нәтижесі кейінгі мәтін мазмұнымен жұмыс істеу, мәтіннің мазмұнын айту, мәтінге ұқсас мәтін құрастыру сынды тапсырмаларда көрінуі әбден мүмкін болғандықтан әрбір сабақта мәтін алды, мәтінмен жұмыс, мәтіннен кейінгі жұмыс түрлері дұрыс, мақсатты ұйымдастырылуы тиіс.

Оқытушының алдындағы мәтінмен жұмыс істеуде тұрған бірінші кезектегі міндет – мәтіннің қандай түрімен жұмыс жүргізетінін білу міндеті. Яғни сабақта жұмыс жасалатын мәтіннің қай стильде жазылғандығын айырып алу бірінші кезектегі мәселе. Мәтіннің түрлері ондағы сөз қолданыстарға, лексикасына қарай ажыратылады. Осыған байланысты мәтіннің ауызекі, ресми, көркем, публицистикалық, ғылыми мәтін сынды түрлерінің әрқайсысын студенттің сол уақытқа дейінгі білім деңгейіне сай ұсынуы мәтін талдауды жемісті ететін басты элементтердің бірі. Кез-келген тіл үйрету сабақтарындағы мәтінмен жұмыс мынадай сатылай тәсілдерге өту арқылы орындалуы тиіс.

1. Қазақ тіліндегі төл дыбыстармен жұмыс.
2. Жаңа сөздермен жұмыс.
3. Сөздік қорларын жетілдіру.
4. Тіл дамыту.
5. Сөйлеуге шығару.

Мәтін алды тапсырмалары мәтінмен жұмыстың алғашқы сатысы болып табылады. Бұл бөлімдегі тапсырмалардың барлығы мәтінді қабылдауға дайындық жаттығуларының легінен тұруы тиіс.

Мысалы: *Сөздердің мағынасын сөздік арқылы түсініңіз.*

майлы бояу	сия
қыр-сыры	сызық

Оқытушының бұл тұстағы құралы сөздік болады. Студенттер сөздіктен қарап сөздің мағынасын білген соң, сурет көрсету арқылы да жаңа сөздің есте сақталып қалуы үшін, жаңа сөзді қатыстырып сөйлем құрастырту да артықтық етпейді.

Сөздердің жасалуына назар аударыңыз.

сезім – сезімтал – сезімтал суретші

кәсіп – кәсіби – кәсіби суретші – деп берілетін жаттығуларды негізгі түбірден тараған түбірлес сөздер беріледі. Мұндай жаттығулар студенттердің грамматикадан оқыған қосымшалар туралы білімдерін қайта жаңғыртып, есте сақтауларына, сондай-ақ оны практика жүзінде қолдануына мүмкіндік алады.

Етістіктердің мағынасын түсініп, басқа сөздермен байланысына көңіл аударыңыз.

бейнелеу – кім нені бейнелеу?

айнытпау – нені неден айнытпау?

көрсету – көрсете білу = көрсете алу

– Ол суреттердегі сызықтардың, жарық пен көлеңкенің үйлесімділігін кәсіби суретшілер сияқты көрсете білген – деген үлгіде құрылған жаттығулар сөздің контекстік мағынасын анықтауда ұтымды болып табылады, кейбір сөздер жеке тұрғандағы мағынасы мен контекстке байланысты мағыналық сәл өзгешелікті саналы түрде ажырату үшін мұндай жаттығулардың орындалуы аса қажет.

Мәтін мазмұнына кіріспе ретінде орындалатын тапсырмалардың тіл үйренушінің мәтінді қабылдауға дайындығында ерекше орын алады. Оқытушы мәтінде айтылатын ойды бірден мәтін ретінде оқып бермей, қысқа сөйлемдер мен көмекші құралдар арқылы (суреттер немесе слайд арқылы берілетін мәліметтер болуы да мүмкін) береді. Ондай кіріспе жұмыстың алғашқысы – әңгіменің тақырыбын анықтау. Мұнда оқытушы тақырыпқа қатысты кіріспе сөз айтып, суреттер көрсетеді. Кіріспе сөз мүмкіндігінше үш-төрт сөйлемнен аспауы тиіс.

Берілген сөздердің антонимін табыңыз.

Ерте, жоғары, білімді, ақылдылық, ойлылық, табандылық, әділдік, мейірбандық. – деп берілетін бұл тапсырма да мәтіндегі сөз мағыналарны толық түсінуге бір сөздің антонимін табу арқылы сөздік қорларын толықтыруға жағдай туғызатын жаттығулардың бірі болып табылады.

Сөйлемдерді оқып, мағынасын түсініңіз.– деген тапсырмалардың артықшылығы студент сөздерді жеке емес сөйлемде басқа сөздермен байланыста көре алады. Мұнда студенттер берілген сөйлемді басқаша екінші сөйлеммен қалай айтуға болады дегендей тапсырмаларды орындайды. Мәтінге дейінгі тапсырмалардың тікелей мәтінге қатысты мынадай түрлерін құрастыруға болады:

- 1. Мәтін тақырыбын түсіндіріңіз.**
- 2. Мәтінді оқып, мазмұнын өз сөзіңізбен айтып беріңіз.**
- 3. Мәтінді оқып, Күләш Бәйсейітованың кім екендігін айтыңыз.**
- 4. Сұрақтарға жауап беріңіз.**
- 5. Сөйлемді толықтырыңыз.**
- 6. Оқығанды суреттермен салыстырыңыз.**
- 7. Мәтінді оқып, мазмұнына сәйкес жоспар құрастырыңыз.**

Жалпы мәтінге дейінгі тапсырмаларды құрастыруда бір ескеретін нәрсе, мұнда мәтіндегі маңызды элемент болып табылатын әрбір сөздер тобына, грамматикалық қосымшаларға т.б. бөліктерге жеке-жеке тапсырмалар берген дұрыс. Мәтіннен кейінгі тапсырмалардың орындалу мақсаты студенттердің мәтін бойынша алған материалды қорытып, қайта өндіріп шығаруға, яғни мазмұндауына мүмкіндік береді:

1. Еліңіздегі сурет өнерінің негізін салушы суретші туралы айтыңыз.

2. Өзіңіз білетін әлемге әйгілі суретшінің өмірі, шығармашылығы және салған суреттерінің тақырыбы туралы айтыңыз.

3. Мәтінде берілген суреттерге қандай ат қояр едіңіз?

Мәтіннен кейін берілген тапсырмалардың келесі тобы шығармашылық ізденіске, еркін әңгімелеуге бағыттталып жасалады.

Әдебиеттер

1. Құсайынов А.Қ., Асыллов Ұ.Ә. Оқулықтанудың өзекті мәселелері. – Алматы. – 2000.
2. Жақсылықова К. Мәтінмен жұмысты ұйымдастыру.//Қазақ тілі мен әдебиеті. N5-1999.
3. Шаханова Р.А. Қазақ тілін оқытуда мәтіндердің жалпы сипаттамасы//Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. N8-2004.

Нұржанова Ж.С.

ф.ғ.к. доцент

ОРЫС ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДА ЛЕКСИКО-ГРАММАТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРЫН ҚОЛДАНУ

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы эффективности использования лексико-грамматических игр на уроках РКИ. Применение таких игр на начальном этапе обучения способствует развитию устного и письменного общения. Игры на уроках иностранного языка рекомендуется использовать для снятия напряжения, монотонности, при отработке языкового материала, при активизации речевой деятельности.

Summary

It is already long time that a linguistic principle as a basic principle of language teaching has given way to the communicative one in theory and practice. The purpose of teaching foreign students in the University is to develop their communicative competence. That is a set of programs of verbal behavior, depending on the person's ability to navigate in an environment of communication. These target principles of teaching Russian as a foreign language highlight the activity-related teaching didactic tools as an important factor for the effectiveness of the educational process. These tools include educational and, in particular, didactic games. They could not better implement a technological approach to the teaching. In the various systems of education game has special place.

Лингвистикалық қағида тілді оқытудағы жетекші қағида ретінде теория мен практикада коммуникативтік ұстанымға әлдеқашан жол берді. Жоғары оқу орнында шетелдік студенттерді оқытудағы мақсат олардың коммуникативтік біліктілігін

қалыптастыру болып табылады, яғни адамның қарым-қатынас жасау жағдайына бейімделу қабілетіне байланысты сөйлеу әрекеті бағдарламасын жинақтап, жүзеге асыру. Орыс тілін шет тілі ретінде оқытудың аталмыш мақсатты қағидалары оқу үдерісі нәтижелілігінің маңызды факторы ретінде іс-әрекеттік дидактикалық құралдарды алдыңғы қатарға шығарып отыр. Мұндай құралдардың қатарына оқыту ойындары, атап айтқанда, дидактикалық ойындар жатады. Олар арқылы оқытудың технологиялық бағдары табысты түрде жүзеге асырылады. Әртүрлі оқыту жүйелерінде ойынға айрықша маңыз беріледі.

Бүгінгі таңда психологтар ойынның жаңа тілге ауысуды «айғақтайтынын» дәлелдеп отыр. Ойын студент үшін әрі қызықты жұмыс түрі, әрі оқытушы үшін тілдік жаттығулардың аналогы болып табылады, соның арқасында сөйлеу әрекетінің әртүрлі дағдылары дамытылады.

Ойынның әмбебаптылық секілді ерекшелігі бар: ойын тәсілдерін қолдануды әрқилы мақсат-міндеттерге икемдеуге болады.

Оқытудың бастапқы кезеңінде ойын технологиялары білім, дағды, білікті меңгерудің ұзақ сипатын қамтамасыз етеді.

Оқу ойыны деп оқу үдерісінде тапсырма ретінде берілетін, оқу міндетінен тұратын ойын түрін айтамыз (проблеманы, проблемалық жағдаятты), оның шешілуі белгілі бір оқу мақсатына жетуді қамтамасыз етеді.

Оқу сабақтарында ойынды қолдана отырып, оқытушы студенттердің қажетті ақпаратты табу, оны түрлендіру, соның негізінде стереотиптік, стереотиптік емес жағдаяттарда жоспар құру дағдысын қалыптастырып, дамытады. Ойын элементтері бөгдетілдік қарым-қатынас жасаудың шартты сипатымен байланысты үлкен қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа ойын жағдаяттары сабақта емін-еркін, өзіндік атмосфера тудырады.

Оқу ойыны мақсатты түрде бағытталған болуы қажет. Сабақ жүргізу формасының өзгешелігі, оның бейшаблондық сипаты үйреніп жатқан тілге деген қызығушылықты арттырып, тіл үйренуді қолдап отыруға ықпал етеді. Дәстүрлі оқу жүйесіне енген оқу ойыны бірнеше мақсаттарды жүзеге асырады: уәждемелік-түрткі, қозғаушы, тәрбиелік, бейімдеу, компенсаторлық.

Ойын көрнекі құрал және жаттығу ретінде қолданылады. Ойынның мақсаттың өзі емес, лексиканы, грамматиканы жетілдіру құралы, дұрыс айту дағдысын қалыптастыру, оқу, жазу және ауызша сөйлеу құралы екендігін есте ұстау қажет.

Орыс тілі бойынша сабақтарда шетелдік студенттерге арналған дидактикалық ойындардың жағымды ерекшеліктерінің бірі ойынға дайындық студенттің өзіндік жұмысын жандандыратындығы болып табылады, оған тек қана жаңа лексиканы игеру бойынша ғана емес, сондай-ақ ауызша сөйлеудің белгілі бір типтерін модельдеу бойынша да, қажетті ақпараттық материалдарды іріктеу бойынша да дидактикалық ойынға өзіндік дайындықты ынталандыратын тапсырмаларды енгізген жөн.

Студенттерді дидактикалық ойын жағдайына тартуда оқуға деген қызығушылық бірден өседі, игерілетін материал олар үшін қолжетімдірек бола түседі, жұмысқа қабілеттілік айтарлықтай ұлғаяды.

Дидактикалық ойындар – педагогикалық үдерістерді ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерінің айтарлықтай кеңейтілген тобы. Дидактикалық ойындардың жалпы ойындардан негізгі айырмашылығы оның маңызды белгісінде – алға қойылған айқын оқыту мақсатының болуы және соған сәйкес педагогикалық нәтижесінің болуы, айқын бір түрге негізделіп, белгіленуі және оқу-танымдық бағыттылығымен сипатталады. Дидактикалық ойыны бар сабақтарға тән ерекшелік ойындардың сабақтың құрылымдық элементтердің бірі ретінде түрленген түрде енуі.

Дидактикалық ойындарды (ДО) бірнеше белгілер бойынша топтастыруға болады:

- функционалды-мақсатты міндеті бойынша;
- өткізу уақыты бойынша;
- құрылымды-композициялық құрылуы бойынша.

Функционалды-мақсатты міндеті бойынша ДО-ның диагностикалық, рөлдік, бақылау түрлері болады.

Өткізу уақыты бойынша ДО-ны үлкен (4 сағат және одан көп), орташа (2-3 сағат), аз (1 сағат) және мини-ойындар (1 сағатқа дейін) деп бөлуге болады.

Құрылымдық-композициялық құрылуы бойынша ДО қатаң түрде алдын ала программаланған және бейімделген құрылымдық-композициялық жүйесі болуы мүмкін.

Дидактикалық ойындардың аталған белгілерін ескере отырып, ортақ белгілері бойынша төмендегідей топтастыруға болады:

- көріністік дидактикалық ойындар, ойынның әрбір көрінісі негізінде оқу материалының нақты элементімен байланысты бір педагогикалық міндеттің шешімі жатады;

- тұтас-тақырыптық дидактикалық ойындар, тақырып бойынша бірнеше педагогикалық міндеттердің шешілуімен байланысты;

- кешенді дидактикалық ойындар, онда студенттердің репродуктивтік және продуктивтік әрекеті үйлеседі және білімдік, дамытушылық міндеттер кешені шешіледі.

Дидактикалық ойындар педагогикалық технологиялардың әртүрлі нұсқалары болып саналады.

Педагогикалық технологиялар туралы қазіргі түсініктер жүйелі түрде практикада алдын ала жобаланған, ғылыми-негізделген оқу-тәрбие үдерісін іске асырумен байланыстырылады. Осы тұрғыдан педагогикалық технология дидактиканың, жалпы педагогиканың негізгі тұжырымдамаларын таза практикалық түрде іске асыру болып табылады. Технологиясыз нәтижелі оқыту мүмкін емес екендігі күмән тудырады, себебі оқыту технологиясы оқыту мақсатын, білім мазмұнын, оқытушы мен студенттердің іс-әрекетін үйлестіру мүмкіндіктерін, оқытуды ұйымдастырудың қажетті формаларын, оқыту әдістері мен құралдарын, сондай-ақ оқыту үдерісі тиімділігін анықтау бойынша теориялық және эмпирикалық күштерді біріктіру болып саналады.

Технология сонымен қатар уақытты тиімді пайдалану, орынды тәсілдерді, формаларды, техникаларды, жеке тұлғалық бағдарларды, жаттығуларды орындаудың мақсаттылығын және т.б. ескереді. Практикада педагогикалық технологияны қолдануға дидактикалық ойындарды шет тілін оқытуда қолдану, біздің жағдайымызда – орыс тілін шет тілі ретінде оқыту мысал бола алады.

Дидактикалық ойындарды дайындау және өткізудің негізгі кезеңдері мынадай:

1. Дайындық кезеңі: оқытушының ойынға дайындалуы (ойынның мақсатын, ережесін, регламентін белгілеу), студенттерді дайындау және студенттердің ойынға өзіндік дайындығы, ойынның дидактикалық, әдістемелік және техникалық қамсыздандырылуы, студенттердің ойынға дайындығын анықтау, алдын ала ойын топтарын құру.

2. Ойынға кіріспе: ойынға қатысушыларды тақырыппен таныстыру, оқытушының ақпарат беруі, ойынға нұсқау жүргізуі, ойын сценарийі мен ережесін таныстыру, ойын топтарын құру, рөлдік міндеттерді бөлу, ойынға тапсырмалар беру, дидактикалық, әдістемелік және техникалық материалдармен қамтамасыз ету.

3. Таза ойын кезеңі: топта алынған тапсырманы талқылау, ойын жүргізушінің кеңес беруі, ойынға қатысушылардың ойын рөлдерін орындауы, топта ұжымдық ой-әрекеттерін ұйымдастыру, тапсырманы шешу нұсқаларын талқылау, тапсырма бойынша оңтайлы шешім қабылдау, ойын тобынан баяндамашыны анықтау, көрнекі құралдарды дайындау, сөз сөйлеу, сұрақтарға жауап беру, ойыншылардың топаралық пікірталасқа түсуі.

4. Қорытындылау кезеңі: ойынға қатысушылардың ой қорытуы, ойынды жүргізушінің өз ойын білдіруі, ойын жеңімпазын анықтау, жүргізушілердің ойынды қорытындылауы.

5. Ойыннан кейінгі кезең: дидактикалық ойын тараптарының мазмұндық және әрекеттік талдауы, дидактикалық ойын нәтижелерін талдау және бағалау.

Дидактикалық ойындардың дидактикалық және әдістемелік қамсыздандырылуы, дидактикалық ойын пакеті төмендегілерді қамтиды:

1. Мәтіндік материалдар.
2. Сөйлеу материалдары.
3. Лингвистикалық материалдар.
4. Дидактикалық ойын сценарийі:
 - а) сюжет сипаттау;
 - ә) ойын өткізу ережесінің тізімі;
 - б) регламент;
 - в) ойын әрекеттерін орындау ретіне нұсқаулар;
 - г) қатысушылардың рөлін және сөйлеу әрекеті орын алған әлеуметтік жағдайларды сипаттау.

Мәтіндік материалдарға төмендегілер кіруі қажет:

- а) пікірталасқа енген проблема туралы ақпарат;
- ә) ауызша жарыссөз үлгілері;
- б) теле- және радиосюжеттерді қолдану.

Лингвистикалық түсініктеме:

- а) лексика-грамматикалық мәліметтер мен ережелер;
- ә) мәтіндерді оқу және қайта айтып берудегі қиындықтарды жоятын жаттығулар мен тапсырмалар.

Ойынның тілдік қамсыздандырылуы мыналардан тұрады:

- а) ойынның әртүрлі кезеңдерін қамтитын сөйлеу әрекеттерінің тізімі;

ә) бір-бірімен байланысқан монологиялық сөйленістер желісіне сөйлеу әрекеттерін қосу ережелері;

б) ойынға қатысушыларды ынталандыратын тапсырмалар мен жаттығулар.

Жоғарыда айтылғандар аясында әдетте оқытушылар төмендегі сабақ түрлерін қолданады:

1) рөлдік ойындар (сахналау);

2) оқу үдерісінің ойын тапсырмаларын қолдана отырып, ойын ұйымдастыру (байқау сабағы, саяхат сабағы, презентация сабағы);

3) оқу үдерісінің әдеттегі дәстүрлі сабақтарда ұсынылатын тапсырмаларды қолдана отырып, ойын ұйымдастыру (орфограмманы тап, талдаудың бір түрін жаса және т.б.);

4) ойынды сабақтың белгілі бір кезеңінде қолдану (басы, ортасы, соңы; жаңа материалмен танысу, алған білім-дағдыны бекіту, өтілген материалды қайталау және жүйелеу).

Дидактикалық ойынның негізі инновациялық мазмұн болып табылады. Ол оқу проблемасын шешуде қолданылатын білім-дағдыларды меңгеруде бекітіледі.

Ойын құрал-жабдықтары сабақтың құрал-жабдықтары болып саналады: көрнекі құралдар, оқытудың техникалық құралдары, дидактикалық үлестіру материалдары және т.б.

Сабақта әртүрлі фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ойындар жүргізіледі.

Орыс тілін шет тілі ретінде оқытудағы маңызды фактор бастапқы кезеңде әліпбиді үйретіп, оқу дағдысын қалыптастыру болып табылады. Сондықтан бұл кезеңде әртүрлі ойын формаларының маңызы орасан.

Өз жұмыс тәжірибеміз бойынша әліпбиді үйретуде төмендегідей неғұрлым қарапайым ойын түрлерін ұсынамыз:

1. Оқытушы-студент, студент-студент, студент-оқытушы тәртібі бойынша әліпбидегі әріпті атай отырып, доп лақтыру.

2. Бір студент әліпбидің кез келген әріпін айтады, екіншісі оны жалғастырып әкетуі керек.

3. Студент әріпті атайды, екінші студент соңғы тұрған әріпті айтады.

4. Жол әріптерін бас әріптерге, бас әріптерді жол әріптерге айналдыру.

5. Жіберілген әріптерді қосу.

6. Әліпбидегі әріп тәртібін жөндеу.

7. Әліпби жазуындағы қателерді табу.

8. Дауысты әріптерді айтқанда шапалақ ұру.

Лексиканы есте сақтау үшін және жазу дағдысын дамыту үшін суреттер бойынша диктант жүргізуге болады.

Сонымен ойын оқытудың дәстүрлі түріне қарама-қарсы қойылмайды, қазіргі педагогикалық теорияларға қарсы келмейді және біріктірілген оқыту формасының бірі болып табылады, онда орыс тілін шет тілі ретінде оқыту теориясы мен технологиясындағы бар игі нәтижелер, болған және болатын тың жаңалықтардың барлығы біріктірілуі қажет.

Омаркулова Л.К.

М.Х.Дулати атындағы ТарМУ
Тараз

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ОРЫНДАУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫҢ РӨЛІ

Түйіндеме

Мақалада жоғары оқу орнында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың түрлі жолдары қарастырылады.

Резюме

В статье рассматриваются различные способы организации самостоятельной работы студентов в высшем учебном заведении.

Summary

The article considers different ways of organization of students independent work in higher educational institution.

Қазақстанда жалпы орта білім беруді жаңғырту стратегиясы мектептегі оқыту процесін түбегейлі жаңартуға бағытталған. Білім беру процесін мектеп студенттердің бойында өзіне және өз елінің игілігіне деген жауапкершілігінің қалыптасуына, олардың дербес, төзімді және әлеуметтік белсенді тұлға қалыптастыруымен байланысты құндылықтарының дамуына бағыттау қажеттігі көзделуде.

Осы мақсаттарға жету білім беру процесін өзгерту ғана емес, сондай-ақ жеке тұлғаның әлеуметтенуіне, кәсіби өзін-өзі анықтауына, негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға қажетті және студенттің бойындағы қасиеттерін дамытуға, біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жағдайлар, құралдар, әдістер жиынтығын қолдануды көздейтін тың қызметті ұйымдастырумен тікелей байланысты.

Қазіргі кезде білім берудің, оны дамытудың мәселелерін шешу нақты ғылыми-теориялық және өмірлік бағыттағы реформаны қамтамасыз ететін, тұтас, интегративті дамытуға жобалау және жасақтауды, ерекше оқу тәрбие үрдісін, жоғары тиімділіктегі педагогикалық технологияның пайда болуына талап ететін материалдық өндірістегі басым дамыған мемлекетке айналдыру белгілі мақсатқа бағыт алумен айқындалады. Мұндай міндетті шешу оқытушылардан оқу үрдісіндегі жаңа технологияны меңгеруді, педагогикалық жаңалықтарды тәжірибеде батыл енгізуді талап етеді.

Педагогикалық технологиялар көмегімен күнделікті оқытудағы педагогикалық оқу-тәрбие үрдісін алдын-ала жобалау жолына ауыстыру, оларды ізбе-із сабақта қолдану көзделеді. Оқытушы үшін жазылатын дәстүрлі және жаңа педагогикалық технологияларды қолдану баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында «Халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, қазақ тілін оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеп, енгізу қажет. Мемлекеттік тілді тиімді меңгерудің ең үздік, инновациялық әдістемелік, тәжірибелік оқу – құралдарын, аудио – бейнематериалдарды әзірлеу керек» [1:3] деген еді. Ендеше бұл қазақ тілін оқытудың сапасын, оның тиімділігін арттыру қажет деген сөз.

Ақпараттық технологияның даму заманында меңгеру, бекіту, дамытуға арналған көрнекі материалдарды оқытушы да, студент те дайындай алады.

Білім берудің осы бағытында оқыту жүйесінің ақпараттық құралдар (компьютер, аудио, бейнеқұралдар), ақпараттық технологиялар және ақпараттық өнімдерімен байланысты іс-шаралар кешенін айтуға болады [2:24].

Тілдік емес ЖОО-ның қазақ топтарында орыс тілін оқыту, орыс топтарында қазақ тілін оқыту курсының жұмыс бағдарламасында СӨЖ-дің түрлі тапсырмаларын, кездестіреміз: реферат, пікір жазу, өлеңді жатқа оқу, презентация жасау, т.б.

СӨЖ тапсырмаларының кейбір түрлерін сан алуан компьютерлік бағдарламалар көмегімен орындалатын бір жобаға біріктіруді жөн деп санадық.

Жобаның бірінші бөлімі шеңберінде «Қаржы», «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарын құрастыру және технологиясы», «Биология», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Әлеуметтік-мәдени сервис», «Стандарттау, сертификаттау және метрология», «Химия» секілді мамандықтар тобының студенттеріне мамандық терминінің иллюстрациялық сөздігі жасалған.

Оларды жасауда студенттік ортада кең тарағандықтан Microsoft Office Power Point бағдарламасына көп мән берілді. Онда аудио-бейнетоптамаларды презентацияға орналастыру және слайд терезелерін анықтау үшін біз «гиперсілтеме» опциясын белсенді түрде қолдандық. Сөздік қазақ және орыс тілінде құрастырылған. Көрнекі құрал ретінде animashky.ru секілді түрлі интернет- сайттардан алынған көптеген анимациялық суреттер пайдаланылған. Сөздік көрсетілімі «демонстрация» форматында жүзеге асырылады. Осылайша бізде ерекше мультимедиялық сөздік-плакаттар жасалды. Бұл жобаның бөлімі оқытудың бірінші семестрінде жүзеге асырылды.

Екінші семестрде жүзеге асқан жобаның екінші бөлімінде болашақ мамандығы туралы бейнеролик дайындау жоспарланған.

Бейнероликті жасаудың алғашқы қадамдарын студенттер өткен жылы жасады. Студенттер 3-5 минут көлеміндегі «Менің мамандығым – ең қажет мамандық» тақырыбында жарнамалық роликке арналған материалды түсіріп, монтаж жасады. Осылайша «Жол қозғалысын ұйымдастыру», «Аударма ісі», «Дизайн» мамандықтары бойынша роликтер ұсынылды.

Алдағы жұмыстардың қиындықтары мен жетіспеушіліктерін есепке ала отырып біз үдерістің алгоритмін жасадық. Жұмыс сценариді егжей-тегжейлі жазумен басталып, мамандықтың пайда болу тарихы, осы мамандықтың біз ЖОО-дағы ашылу енгізіліп, осы мамандықты дайындаушы кафедралардың оқытушыларынан, осы мамандықтар түлектерін қажет ететін мекемелерден сұхбат алумен аяқталады. Осы жылы «Стандарттау, сертификаттау және метрология» мамандығының студенттері «Стандарттау саласындағы мамандарды дайындау жайында не білесіз?» деген сұрақпен жаяу жүргіншілерден сұхбат алған. «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарын құрастыру және технологиясы» мамандығының студенттері 2,3,4-курс студенттерінен сұхбат алуды өз жұмыстарына қосқан.

Содан кейін студенттер өздеріне қажетті бейне роликті түсіріп, сюжетке түсініктеме береді және фильмге монтаж жасайды. Осы кезде ең қолжетімді және қарапайым техникалық материалдарды пайдаланады: Windows Movie Maker, UV Sound Recorder.

Біздің ЖОО-ның 3 курс студенттерінің оқу жоспарына «Кәсіби қазақ тілі» пәндерінің қосылуымен біздің жобамыз кеңейтілді. Осы пәннің оқыту бағдарламасы көпшілік алдында сөйлеу қабілетін дамытумен байланысты болған соң, 3 курс студенттері жобаға талапкерлерге арнап «Осы мамандықты танда...» тақырыбындағы агитациялық сөзін аудиожазба түрінде енгізді.

Мұнда да жұмыс белгілі схемамен құрастырылды. Бірінші «Көпшілік алдында сөйлеу шеберлігі» тақырыбы бойынша теориялық материалды меңгерді. Келесі қадамда, атақты бизнесмен, саясаткерлердің көпшілік алдындағы сөзі егжей-тегжейлі талданған

бейнероликтер көрсетіледі. Мысалы, АҚШ президенті немесе компьютерлік гений С.Джобс сөздерін тыңдау. Ары қарай студенттер сөйлейтін сөздерінің жоспарын құрады, қажетті материалды жинақтайды, кеңестерді есепке ала отырып сөйлейтін сөздерінің мәтінін жазады. Соңғы кезеңде сөздерін аудиотаспаға жазып, көпшілік талқысына ұсынады.

Қазақ тілін кәсіби салаларда үйретудің маңыздылығы:

- өзінің мамандығы аясында қажетті мәліметтерді игереді;
- өзінің болашақ кәсібі бойынша ойын толық жеткізе алады;
- өзінің қызметіне байланысты терминдердің орысша-қазақша аудармасын,

мағынасын түсінеді;

- мамандығына қатысты мәселелерді талқылай алады;

Білім алушыларға салалық бағытта мемлекеттік тілді үйрету оқытушыға тілді үйретуге басқа бір қырынан келуді, нақты мақсатты және жағдайды жүктейді.

Компьютерлік бағдарлама арқылы СӨЖ тапсырмаларын орындау - қазіргі технологиялар ақпараттық-коммуникациялық мүмкіндіктерін байланыстыратын, ақпараттық кеңістікте бейімделген тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ету секілді, заманауи оқытудың негізгі мақсатының орындалуына мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, 2009. – 3 б.
2. Никишина И.В. Инновационные педагогические технологии в организации учебно-воспитательного и методического процессов в школе. – Волгоград: Учитель, 2006. – 91б.

Өмірбекова Ж.Қ.

ф.ғ.к. доцент

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ СӨЙЛЕУДІҢ ТИПТЕРІ

Түйіндеме

Мақалада қарым-қатынастағы сөйлеудің типтері, сонымен қатар коммуникация кезінде білінетін тіл бірліктерінің бейнесі т.б. мәселелер қарастырылады.

Резюме

В данной статье рассматривается картина языковых единиц в сознании, выражающаяся в ходе коммуникации. Приведены доказательства того, что вся человеческая сущность проявляется в языке, а язык в свою очередь реализуется в ходе коммуникации.

Summary

This article deals with the picture of linguistic units in consciousness, expressed in the course of communication. Evidence is provided that the whole human essence is manifested in the language, and the language in turn is realized in the course of communication.

Кез келген тіл, сол сияқты қазақ тілі – «адам қатынасының аса маңызды құралы» бола келіп, адамзаттың бір-бірімен түсінісу, пікір алысу, сөйлесуіне жол ашып қана қоймайды. Сонымен қатар, сыртқы қоғамдық жағдайларға әсер етеді. Халыққа қажетті

элеуметтік, экономикалық істерді аңғаруға мүмкіндік жасайды; бірлесіп еңбек етуге дәнекер болады; қоғамдық-саяси күштердің өз мақсаттары үшін күресуіне қызмет ететін саяси құралы болады. Сөйтіп, жалпы көпшілік қауым мен саяси топтар арасындағы көпір болып табылады.

Ғалым А.Байтұрсынұлы тілдік фактілерді сұрыптай келе, кез-келген лингвистикалық еңбектің бір ғана тіл негіздеріне сүйене жазылмайтындығын есекере отырып, тіл ғылымындағы салыстырмалы, салғастырмалы, зерттеулердің маңызын атап көрсетті. Осы мақсатта еңбекте «Дүниедегі жұрттың тілі» негізінде үшке бөлінеді деп талдау жасалынды: 1) түбіршік тілі 2) жалғамалы тіл 3) қопармалы тіл. Түбіршек тіл түпті қалпынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен, қытай, тапон тілдері. Жалғамалы тіл – сөздің аяғында жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәселен, түрік, фин тілдері. Қопармалы тіл – сөз түбірімен қопарылып өзгертін тіл, мәселен, орыс, араб тілі» [1, 143 б.] – дей келе тілші барлық дүние жүзі тілдерінің типологиялық жүктемесі де назардан тыс қалмады. Үшіншіден, ғалым тіл табиғатын зерделей келе, тілдің ойлау жүйесімен байланысына ерекше мән береді. Ол сөйлемнің құрылымдық, мазмұндық сипатын оның қатысымдық қызметімен ұштастыра келе, «ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді» [1,264б.] деген қорытынды жасады. Зерттеуші айтушы мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынастың ерекшелігіне тоқталып, ой мен сөздің «қиындасуын» маңызды фактор ретінде қарастырды: «...айтушының ойын тыңдаушы арасындағы қарым-қатынастың ерекшелігіне тоқтала отырып, ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ған сөйлем болады. Сөйлегенде жазғанда кім де болса ойын айтады.

Адамның ойы мен санасы қаншама күрделі болғанымен, тілсіз ой жүзеге аспайды. Сондықтан да тіл – қоғамдық объективті шындықты танудың, оны өмірде пайдаланудың құралы болып табылады [2, 19]. Қазақ тіл біліміне қатысты зерттеулерде "коммуникация", "коммуникатив" деген сөздер 1960 жылдардан бастап кездеседі. Бұл терминдер тілдің қоғамдық-элеуметтік қызметіне қатысты қолданылғанмен, оның мән-мағынасына түсініктеме берілмеген.

Қазіргі таңда тілдік қатынас мәселесінің теориялық тұрғыдан дамуы тілдік коммуникацияның жеке ғылым болып қалыптасуына ықпал етті. «Коммуникация» терминінің қолданысын әмбебаптық сан салалы қырымен түсіндіруге болады. Себебі, «қатынас» көп элементтерден құралған компонент болғандықтан, коммуникация қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдары секілді дербес пәндердің объектісі болып табылады. Қатысым теориясы қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың (психолінгвистика, психология, лингвистика, мәдениеттану, этнография) коммуникативтік аспектілері мен оларға тән ерекшеліктерді қарастырады. Ғалымдар лингвистикалық қатысым теориясы жөнінде: «Объектом лингвистической теории коммуникации выступают различные виды коммуникации. Субъектом выступает человек говорящий» деген пікір айтады [3,13].

Қатысым – адамдардың қарым-қатынас жасауының басты тетігі. Қатысым қызметі – ақпаратты хабарлау мен тасымалдаудың тәсілдерін анықтап, байланыс мүмкіндіктерін кеңінен жүзеге асыру.

Қатысым теориясы сөйлеу актісі теориясымен тікелей байланысты. Тіл – адам ойын білдіретін қарым-қатынас құралы. Қатысым барысындағы тілдің рөлі лингвистикалық коммуникация теориясының объектісі болып табылса, ал субъектісі – сөйлеуші адам, ол сөйлеу арқылы қарым-қатынас орнатады.

Қатысым барысындағы тілдің маңыздылығын Ф.Ш.Оразбаева: «Қарым-қатынас – тілдің өмір сүруінің, тілдік болмыстың басты өлшемі. Қарым-қатынас сөйлеу, сөйлесім арқылы жүзеге асады. Сөйлеудің ең маңызды құралы – тіл, сөйлесімді жүзеге асыратын да – тіл» деп көрсетеді [4, 259].

Қатысым барысындағы тілдік бірліктердің санадағы көрінісіне тоқталсақ. Көптеген тілші ғалымдар тілдің пайда болуы алдымен қоршаған ортаның санада бейнеленуі деген

тұжырымға келеді. Бұл жөнінде ғалым С.Аманжолов: «Тіл – сана-сезімнің, ойдың тәжірибеде көрінетін заттық сәулесі» дегенді айтады [5, 68].

Сананы «жалпы» когнитивті құбылыс деп есептеген жөн, себебі оның басты қызметтерінің бірі – «танымдық». Сана субъектінің қоршаған ортаны тануы мен бейнелеуінен қалыптасады, ал сананың мазмұны – субъектінің танымдық әрекеті (когнициясы) барысында сипатталып, әлемдік білімді жинақтайды. Тілдік бірліктер – автор санасында лексика-семантикалық, грамматикалық, коммуникативтік тұрғыдан кодталған және оқырман түсінігіне де ортақ болып табылатын қатысымдық мазмұнға ие жүйелі тұтастық. Қолданыста мұндай қатысымдық бірліктер арқылы бейнеленген ой тұтастығы мәдениеті ортақ ұлт өкілдеріне түсінікті болады, әрі ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі. Сондықтан автор өзіндік қолтаңбасына қарай жаңа, тың қолданыстар іздейді. Бұл жөнінде С. Аманжолов: «Адам баласының ой-өрісі қанашама кеңейсе, соншама ойын беру жолы көбейіп, әр түрлі құрал іздейді, көркем әдебиет, өнер осындай жолдарының көптігімен өз алдына өнер, өз алды білім саналады» деген пікір айтады [5, 12]. Мысалы: *Түні бойы үстін басқан қараңғылық әрең ауып бара жатқандай. Үһлеп азнаған жел де тына бастады. Аспан ала қаншықтанып, бірлі-жарымды таң жұлдыздары көріне бастады. Түні бойы торыған өліммен осы арада қоштасып, Біржан мен Шәйза ауылға келгенде алтын күн қызарып, көкжиектен кеудесін шығарып келе жатыр еді* («Тулаған толқынды» романынан). Сөйлемдердегі тың бейнелеулер арқылы таңның атуы, күннің шығуы ерекше бөлек сипатқа ие болған. Қолданыстағы үстін басқан қараңғылық, ала қаншықтанып, алтын күн, көкжиектен кеудесін шығарып деген бірліктер табиғат құбылыстарына қатысты қасиеттерді сатылай суреттеп, қатысымдық түрде сипаттайды. Тілдік бірліктерге жаңа қатысымдық мән бере отырып, шынайы болмыстың бейнесін жасаушы – жазушы. Көркем шығармалардағы тілдік бірліктердің авторлық қолданысын Р.Сыздық былайша түсіндіреді: «Көркем шығармада көріктеу құралдарының қай-қайсының да авторлық түрлері басым болып келеді. Бұл – жазушының дүниетанымына, содан кейін алатын ой түйініне тікелей байланысты құбылыс» [6, 31].

Тілдік қатынас барысында тілдік сана мен когнитивтік сана арасында байланыс пайда болады. Тілдік сана тілге дейін қалыптасатын саналық тәжірибенің ерекше деңгейінде кодтар түрінде ұйымдастырылған қарым-қатынас үдерісінде жүзеге асырылатын тілдік ережелер мен нормалар жүйесі болып табылады. Когнитивтік сана тұлғаның жалпы өмірлік түсінігін, тұжырымы мен пайымдауын көрсететін білімдердің жиынтығын құрайды. Тілдік бірліктердің санада қатысымдық құралға айналуына ықпал ететін бірден-бір жағдай – танымдық түсінік. Танымдық түсінік тілдік сана мен когнитивтік сананың бір-бірімен тоғысуынан туындай отырып, тілдік бірліктердің таным деңгейіндегі қатысымдық мәнін айқындайды.

Сананың дамуына байланысты ұғымның мағыналық өрісі ұлғаяды. Бұл процесс сөз мағынасының дамуына әсер етеді. Дегенмен, мағына айтушыға да, тыңдаушыға да бұрыннан белгілі білімдер жиынтығынан құралады. Әрбір жеке адам үшін сөз мағынасы белгілі дәрежеде субъективті десек те, көптеген жағдайларда тілдік бірліктердің бұрыннан қалыптасқан аталымдық мағынасы басты орын алады. Сондықтан, тілдік бірліктер қолданыс барысында грамматикалық ережелерге бағына отырып, қатысым үдерісін туындатады. Осы тұрғыдан келгенде санадағы тілдің кодталу құрылымына қарай негізгі үш көрсеткішті бөліп көрсетуге болады:

1) тілдік бірліктердің коммуникативтік қарым-қатынасқа негізделген мағыналарының тұтастық жүйесі;

2) грамматикалық қағидаларды дұрыс қолдануға негізделген айтылымдардың құрылымдық жүйесі;

3) қатысым барысындағы жағдаяттарға сәйкес хабарламаның ұйымдастырылу аясы. Мысалы: *Қорқылдақ шабдарыма міне бергенде жынды қыз мені тағы бір түйіп қалды* («Боранды түнде» әнімесінен). Біріншіден, сөйлем құрамындағы тілдік бірліктер

қатысымдық қызметіне қарай толық мағыналық тұтастық сипатында көрінеді. Мәселен, сөйлемдегі *жынды қыз* тіркесіндегі сөз тура мағынада қолданылмай, *«ерке қыз»* мағынасын береді. Екіншіден, *қорқылдақ, шабдар, міну, жынды, қыз, мен, тағы, бір, түйін қалу* сияқты тілдік бірліктер өзара грамматикалық ережеге сай байланыса келіп, бір әрекетті екінші әрекетке ұластыра отырып, іске асырылған амалдардың коммуникативтік сипатын тұтас іс-қимылмен білдіреді. Үшіншіден, көркем шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті хабарламаның ұйымдастырылу аясына қарай белгілі бір жағдаятты баяндайды.

Тілдік бірліктердің санадағы мұндай қызметтік көрсеткіштері санадағы кодталу деңгейіне тәуелді. Бұл деңгейлер: лексика-семантикалық код, яғни – тілдің семантикалық құрылымын анықтайтын таңба мен мазмұн жиынтығы. Көптеген бөлшектер (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) тілде мағыналық байланыста болады. Дүниетанымдық лексикалық бірліктер ғаламдық түсініктер мен олардың компоненттері арасындағы семантикалық қарым-қатынасты сипаттайды. Лексика-семантикалық өрістің ядросын жалпыға маңызды мағына құрайды, ол тілдегі сөйлеуші адамға тән сөздік қорды анықтайды. Грамматикалық код – қатысымдық бірліктерді құрастырудағы грамматикалық ережелер мен құрылымдар. Тұлға қарым-қатынас барысында қалыптасқан грамматикалық ережелерді сөйлесім әрекетінде қолданады. Тілдік бірліктердің өзара сабақтасып, тұтас қатысымдық мәнді беруінде грамматикалық құрылымның маңызы ерекше. Сонымен қатар, коммуникативтік код – сананың қатысымдылық қызметін атқарады. Коммуникативті код мәселесі тіл білімінде жаңадан қолға алына бастады. Ол субъектінің коммуникативтік құзіреттілігі аясында санада іріктелген, жатталған коммуникативтік ережелер, үлгілер, модельдер түрінде жинақталады. Коммуникативтік код қатысым орнату барысында тілдік мағлұматтарды жан-жақты түсінудің негізі болады, болып бөлінеді.

Сөйлеу актісінде екі сана – адресанттың және адресаттың санасы қатар жұмыс істейді [3, 40]. Осы екі санада берілген ақпарат пен қабылданған мазмұнның бір-біріне түсінікті болуы коммуникацияның сәтті болуына оң әсерін тигізеді. Қатысымның жүзеге асуы барысында сананың аталған үш деңгейлік кодталу дәрежесі ерекше сипатқа ие болады. Мысалы: *«Әмина балаларын дөңестеу жерге әкеліп, жолдың қырқа жиегіне шығарып қуыршақтай тізіп қойды»* («Әмина» әңгімесінен). Сөйлемдегі сөздерді сананың бірінші деңгейінде жеке-жеке алып қарастырту лексика-семантикалық кодталу түрін береді. Бұл сөздер баяншыға да, қабылдаушыға да белгілі. Олар – осы уақытқа дейін қолданыста бар сөздер.

Көркем шығармадағы автор мен оқырман қатысымдылығы. Көркем шығарма немесе кез келген мәтін қатысымдық негізде құрылып, оқырманға, қабылдаушыға әр түрлі әсер етеді. Сөйлеу актісінің орын алуы үшін мәтіннің құрылуы шарт болса, мәтінді тудырушы адресант пен мәтінді қабылдаушы адресаттың да болуы қажет. Автор мен оқырман байланыс арнасының екі жағында болғандықтан, қарым-қатынас барысында екеуінің де рөлі ерекше. Әдетте, көркем шығармада автор рөлінің маңызы зор, дегенмен оқырманның да психологиялық күйі мен қабылдау, пайымдау табиғатын жоққа шығаруға болмайды. Мәтінді оқып түсіну арқылы оқырманның әлеуеттік болмысы қалыптасады. Оқырманның мәтінді қабылдауы жөнінде белгілі ғалым Н.Уәли былай дейді: *«...ықпал етуші субъектінің, сырт қарағанда, сөз мәтінін тудырушы, өндіруші ретінде әрекеті белсендірек көрінеді де, мәтін қабылдаушыда белсенділік жоқ сияқты сезіледі. Алайда мәтінді қабылдаушыда да белсенділік болады, бірақ бұл белсенділік – ішкі белсенділік»* [3, 19].

Көркем мәтінде тура қатынас орнамағандықтан, оқырман тікелей адресат ретінде қарастырылмайды. Адресатты анықтауға ықпал ететін жайттар ретінде шығарманың бағытын, стилін, автордың жеке тілдік қолданыс ерекшелігін, көркем мәтіннің қатысымдық мәні мен қызметін айтуға болады.

Кез келген мәтіннің оқырманы болуы тиіс, егер де мәтін оқылмаса, ол мәтін өлі мәтін болып есептеледі. Көркем шығарма оқырманын тапқан кезде ғана өзінің

қатысымдық қызметін жүзеге асырады. Көркем мәтін мазмұнының әсері оқырманның психологиялық ерекшеліктеріне де байланысты. Сондықтан, бір шығарма бірнеше оқырманға әр түрлі мәнде әсер етуі мүмкін. Әрбір оқырман ерекше психикалық сипатқа ие көркем туындыны қабылдаушы.

Сонымен қатар, оқырман оқылым барысында рухани ләззат алып, автормен де, бейнеленген әлеуметтік ортамен де қатысымдық байланысқа түседі. Көркем әдебиеттің, мәтіннің бағалану сипаттамасы оқырманның мағлұматты игеруінен көрінеді. Оқырман қызығушылығы жоғарылаған сайын, оқылымның маңыздылығы мен жағымды әсері де арта түседі.

Автор санасында пайда болған оқиға және кейіпкер болашақ адресатқа жан-жақты әсер етуді көздейді. Оқырман – оқығанын түсініп, бағалайтын, қоғамдық мәдени құбылыстарды бағдарлайтын мәтін мазмұнын қабылдаушы. Оқырманды жеке субъектілік қызығушылығына байланысты және көркем шығарманы оқып, бағалауына қарай мағлұматтық, жарнамалық және сыншыл деп ажыратуға болады. Мағлұматтық оқырман – оқыған шығармасынан алған қандайда бір ақпаратпен сусындау арқылы танымдық түсінігін кеңейтуші. Жарнамалық оқырман – оқыған көркем шығармасынан алған мәліметімен, әсерімен өзге адамдармен ой бөлісіп, көркем туындыны насихаттаушы. Сыншыл оқырман – көркем шығарманы оқып қана қоймай, ол туралы сыни пікір білдіруші, мәтінге қатысты көркемдік, идеялық, стильдік кемшіліктерді немесе жетістіктерді айтып сынаушы.

Кез келген жанрдағы мәтінде автор өзіндік көзқарасы арқылы белгілі бір жайттармен оқырманды хабардар ете отырып, қандайда бір түйін жасап, қатысымдық тұрғыда ықпал етеді. Көркем мәтінде басқа мәтіндерге қарағанда коммуникация үдерісі күрделірек болады. Себебі, көркем мәтінде баяншы және қабылдаушымен қатар автор бейнесі мен оқырман бейнесі қалыптасады.

Автор мен адресат қатысым барысында бір-бірінен ажырағысыз күрделі ұғымдар ретінде қарастырылады. Бұл жөнінде ғалым Қ. Есенова: «Бірі – қандай да бір идеяны туындатып, мәтінге айналдырса, екіншісі – сол идеяны меңгеріп, мәнге айналдырады. Адресантты жасампаз, шебер, шығармашылық қабілеті бар тұлға десек, адресатты сол туындыны түсінетін, тереңінен ұғынатын қабылдаушы деуге болады» дейді [7, 108]. Сондықтан да көркем мәтінді қатысымдық тұрғыда қарастырғанда оқырман көзқарасымен, қабылдауымен ұштастыра талдау қажет. Мысалы: *Түйеге артқан жүктің үстінен айқара жаба салған екі оюлы текемет пен шағын-шағын екі түкті кілемді жұлып тастап, әйелдер кілті аузында тұрған екі сандыққа жабылды. Кілем мен киіз арасында көрінген бірнеше көрпе-жастыққа да көздерін салған жоқ. Сандықтар сыңғырлап ашылады екен, оны да естіген жоқ. Сандықтардың ішіне үңілді («Ұлпан» романынан).* Жазушы қазақ тұрмысының бір бөлшегін көркем мәтін арқылы баяндайды. Оқырман қазақтың тұрмыстық өмірінде орын алатын мұндай оқиғамен етене таныс. Сондықтан да, мәтін беретін ақпарат мәні мен оқырманның мұндай оқиғаны санасында қайта жаңғыртуы және автор ойын қабылдауы өзара сабақтасып жатыр.

Көркем шығармадағы автор мен оқырман арасындағы коммуникацияның жүзеге асуын былайша көрсетуге болады:

- көркем шығарманы тудырушы – автор;
- көркем шығарманың идеясын жеткізуші – баяншы;
- көркем мәтіннің мазмұны – хабар;
- көркем шығарманы қабылдаушы – адресат.

Көркем мәтін оқырманға жол тартқанда оқырман мен автор арасындағы қарым-қатынас әрекетінің сипаты түрліше өрбиді. Ауызша сөйлеу барысында баяншы қатынас жасауға қажет адресат факторын ескереді. Автор көркем шығармадағы бейнелеулермен оқырманның дүниетанымын кеңейтеді, оны тың қарым-қатынасқа жетелейді. Сондықтан, көркем шығарма барысында жазушы оқырманмен өзара қарым-қатынас орнатып,

қатысымдық байланысқа түседі. Осыдан келіп, оқырман мен автор арасында іштей пікірлесу орнайды. Көркем шығарма әсерінен оқырман өзіне-өзі сұрақ қояды, ойланады, айналасын жаңа қырынан таниды. Оқырманмен байланыс, негізінен, автордың суреткерлік бейнелеуі арқылы жүреді, автор тілдік, жағдаяттық қатысыммен өз тілімен түсіндіреді.

Осылайша, автордан оқырманға бағытталған көркем мәтіндегі мағлұмат мазмұны көптеген сүзгіден өтеді. Хабарды түсіну, қабылдау автор мен оқырман арасында рухани қарым-қатынасты қалыптастырып, шығарманың мазмұнын өзара қатысымдық тұрғыда жеткізуге көмектеседі.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Оразбаева Ф. Ш. Тілдік қатынас негіздері.– Алматы: Print-S, 2005. – 248 б.
3. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Ф.ғ.д. авторефераты, Алматы, 2007. – 22 б.
4. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Ан Арыс, 2009. – 368 б.
5. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Научно-издательский центр «Ғылым», 2002. – 368 б.
6. Сыздықова Р. Сөз күдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
7. Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде). – Алматы, 2007. – 450 б.

Асаубаева Қ.Б.

мұғалім

ҮШТІЛДІЛІК – ЗАМАН ТАЛАБЫ

«Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет»

Н.Ә.Назарбаев

XXI ғасыр – жаңаша даму кезеңінің бастауы білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде Елбасы көрегендік танытып, алдымызға үштілді білу қажеттігін қойып отыр. Үштілділік – нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы.

Қазіргі таңда барлығымызға белгілі тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең маңызды мәселесіне айналып отыр. Үш тілде білім беру орта мектепте оқушылардың пәнге деген қызығушылығымен бірге сабаққа белсене қатысуын арттырып, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруда көп септігін тигізуде.

Үштілділік жөніндегі сөз Елбасымыздың «Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар – қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі» деген салиқалы үндеуінен бастау алған болатын. Сонымен қатар Нұрсұлтан Әбішұл Назарбаев: «мектептерге ағылшын тілінен шетелдік оқытушыларды тарту қажет. Кез келген ортанқол мектептің балаларға ең жоғары деңгейде шет тілін оқып үйренуіне жағдай жасайтындай дәрежеге қол жеткізуіміз міндет» [1] – деп ерекше атап көрсеткен.

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен қалыс қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз керек. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз.

Бүгінде ағылшын тілі бастауыш сыныптардан бастап оқытыла бастады. Бұл, өте дұрыс нәрсе. Себебі, бала жастайынан тілді базалық деңгейде білсе, болашақта кәсіби деңгейде үйреніп алуына мүмкіндік туады. Қазіргі кезде мектеп бағдарламасынан ағылшын тілін еркін меңгерген көптеген бітірушілер шет елдерде білімін дамытып, тәжірибесін молайтуда.

Біз үштілділікті тәуелсіз еліміз үшін стратегиялық мәні ерекше құбылыс деп бағалаймыз, сондықтан да бұл құбылысты төрттілділік пен бестілділіктен бөліп қараймыз, үштілділіктің кез келген сыңары ретінде кез келген шет тілін алуға болар еді, бірақ біз бұл жерде де қоғамның нақты сұранысы басым түскен қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне ерекше мән берген жөн деп түсінеміз [2].

Ең бастысы жүрегі «Отаным, Қазағым, Тілім» деп соғатын ұлттық сана – сезімі жоғары, ұлтжанды оқушылар тәрбиелеу. Бірнеше тілді меңгеру арқылы жас ұрпақ білім кеңістігінде еркін самғап, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік алады. Мектептердің үш тілде оқытуды қолға алудағы негізгі мақсаты – бірнеше тілді меңгерген, жан-жақты білімді, бәсекеге қабілетті, мәдениетті тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі.

Барлық салалардағы жаңалықтардың қалыптасу заңдылықтарындағы үздік, озық тәжірибелерді оқып білу, оны тануда тілдің қажет екендігі белгілі. Себебі, өндірістің, ғылыми техниканың дамуына байланысты тілдердің көптеген саладағы қызметі артып, күннен күнге тілдердің дамуы мен өзгеруі жеделдеуде. Әсіресе, біздің еліміз үшін экономика мен өндірісті, білім мен ғылымды, медицинаны, туризмді дамытуда, телекоммуникацияны жетілдіруде, ғарышты игеруде, тағы басқа қоғамның біршама салаларында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің қызметі дамып, үштілділік мәселесі белсенді қолданыс табуда.

Еліміз бен жерімізге ие болатын жастар үш тілді де қатар меңгеруі тиіс. Бірақ бұл үш тілдің тұғыры бірдей деген сөз емес. Қазақстанда бір ғана тұғырлы тіл бар, ол мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Тұғыр сөзі дінгек, қазық деген мағынада қолданылады. Бір шаңырақты көтеру үшін үш дінгек керек емес. Бір дінгекпен көтерген шаңырақтың жан-жағынан уықтар қадалып, оның беріктігін қамтамасыз етеді. Біздің алтын дінгегіміз, тұғырымыз – қазақ тілі, ал жан-жағынан өзге тілдер мемлекеттік тілді қолдап, уық секілді қадалады.

Ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгірттенбейміз. Ағылшын тілі – әлемдік бизнес тілі, мемлекеттік тіл – ұлт тілі. Мемлекеттік тілде сөйлеу – әрбір Қазақстан азаматының борышы. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білу керек.

Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу – ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік. Қиындық туғызатыны – аталған үш тілді меңгерген мамандардың кездесе бермейтіні. Ендеше, аталған компоненттерден тұратын, яғни қазақ, ағылшын, орыс тілі қатысқан үштілділік сөйлермендерін дайындау кезек күттірмейтін мәселе. Мәселені түбегейлі шешу үшін Қазақстанның жоғары оқу орындарында ағылшын, қазақ тілінен маман болып шыққан қазақтілді қазақ және басқа ұлт өкілдерін үштілділікке ыңғайлап қайта дайындаудан өткізіп, оларға үштілділік маманы деген құжат табыс еткен жөн.

Егер біз, Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, олақоғамдағы тілге жүктелетін қажеттілігіміз болса, өтеуге жарайтын бай тіл. Мәселе тілдің міндетін дұрыс түсініп, өз міндетімізді атқаруда болып отыр. Ұлттың өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын иеленетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Дәл бүгін де қазақ тілінің әлем тілдерінің ешқасысынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл екендігіне еш күмән жоқ.

Тілдік пәндерді оқу барысында оқушылар әр ұлт пен әр тілдің өзіне тән ерекшеліктерімен танысып, әр тілдің ұлттық нормаларының көптүрлілігіне, оларды бағалауға немесе салыстыруға болмайтынына көз жеткізеді және тілдерге тән бұл ерекшеліктерге түсіністікпен қарай отырып, әр азамат өз бойында басқа ұлттарға деген құрметтеушілік сезімді қалыптастырудың маңыздылығын түсінеді. Сонымен қатар бастауыш сынып пәндерін оқытуда қазақ-ағылшын тілі және қазақ-орыс тілі екітілділік элементтерін біртіндеп енгізу жоспарлануда. Көптілді білімнің дамуына байланысты қазақ-орыс-ағылшын тілді ортаны кеңейту қажеттілігі туындайды.

Өскелең ұрпақтың үш тілді: қазақ тілін – мемлекеттік тіл, орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілін – халықаралық тіл ретінде оқып үйренуге ұмтылыс жасауы – замана талабы, болашақ ұрпаққа қажеттіліктен туындап отыр. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Көптілді болу – уақыт талабы. Тіл арқылы өсіп келе жатқан ұрпақты әмбебап, жаһандық құндылықтарға қосу, әлемдік кеңістік пен көршілес мәдениеттер өкілдерімен қарым-қатынас жасап, сөйлесе білу дағдыларын қалыптастыруға болады. Көптілділік қазіргі әлемнің басты мәселесі – адамдар арасындағы келісім мен өзара түсінушілікті шешуге көмектеседі.

Осы қағиданы басшылыққа алып, ұстаздарымыз үш тілді еркін меңгерген, өз білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын ұрпақ тәрбиелеуге кірісіп те кетті. Қазіргі ақпараттық технологияларының дамыған заманында үш тілді меңгеру қиындық тудырмайды. Оқушылар ағылшын тілін тек қана сабақ барысында емес, ғаламтордың көмегімен де еркін меңгеріп жүр. Көп тілді үйрету арқылы біз болашақта көкірегі ояу, көзі ашық, әлемдік мәдениетке көзқарасы қалыптасқан азамат тәрбиелейміз деген ойдамын. Ақын Қадыр Мырза-Әли ағамыз айтқандай «Ана тілің арың бұл, ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» дей келе, ана тілімізді құрметтейік, ал өзге тілдерді меңгеруге барынша құлшыныс жасайық.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007№
2. Әбдуәли Т. Үштұғырлы тілден түңілмейік // Жетісу, 2008. – №31.
3. Тәңірбердіқызы Т. Ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес // Қазақ әдебиеті, 2008. – №48.
4. Ғабжәлелов Х. // Тасжарған, 2008. – №18.
5. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Ер-дәулет, 2003.
6. Нұртазин Т. Сөз құдіреті. – Астана: Ер-дәулет, 2007.
7. Әлімбек Г. Қазақ тілі. – Астана: Ер-дәулет, 2007.

РАЗДЕЛ 1

☞ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ

Часть 2 Материалы Международной научно-методической виртуальной конференции «ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ОПЫТ ПРОШЛОГО – ВЗГЛЯД В БУДУЩЕЕ», 28 апреля 2017.

Ихсангалиева Г.К.

д.филол.н. проф.

ИННОВАЦИОННАЯ СРЕДА ЯЗЫКОВОГО ОБУЧЕНИЯ

Резюме

В статье рассматриваются некоторые инновационные тренды в методике преподавания языков.

Ключевые слова: инноватика, методика, проектная деятельность, интерактивное и контекстное обучение.

Түйіндеме

Тілді оқытудың инновациялық аймағы. Мақалада тілдерді оқыту әдіснамасындағы кейбір инновациялық тенденциялар қарастырылады.

Түйін сөздер: инноватика, методика.

За последние десятилетия мир кардинально изменил привычную систему координат. Глобализационные процессы в обществе коснулись не только внешней стороны жизни и политической ситуации, но и базовых ценностей, жизненных установок и привычек людей.

Неотъемлемой частью жизни нового поколения студентов стали телевизор, компьютер, мобильные телефоны, Интернет, массовый туризм и возможность переписки и синхронной беседы в виде чата через Интернет.

Трансформация манеры мышления и поведения людей не может не отражаться и на методах обучения языкам. Стремительные метаморфозы, происходящие с социумом, повлияли не только на изменение его состояния, но и явились также действенным импульсом для появления на современном этапе различных подходов к обучению языка как иностранного.

Стремительный переход от аналоговых технологий к цифровым, растущая потребность общества и государства к перемещению потребителей и трудовых ресурсов в сетевой мир, формирование веб-стиля жизни, работы, образования кардинально меняет педагогические процессы, лингводидактику, методику обучения языкам, требует новой методологии в создании соответствующей времени инновационной среды обучения языкам.

Одной из глобальных характеристик XXI века является утверждение инновационного способа развития в качестве доминирующего. Под давлением современных информационных процессов наметились существенные семантические сдвиги в методике обучения языкам, которая должна быть гибкой и учитывать все факторы, влияющие на успешность обучения.

Специфика обучения языку как иностранному состоит в том, что это процесс овладения не знаниями, как при обучении иным предметным дисциплинам, а *навыками и умениями*; и обучение видам речевой деятельности — слушанию, говорению, чтению,

письму — требует использования повышенной мультимедийности и интерактивности, в отличие от обучения дисциплинам знаниеведческого цикла.

В настоящее время педагогическое сообщество пришло к новому толкованию роли преподавателя: преподаватель не может выполнять роль простого транслятора знаний и навыков. От него требуется умение помогать учащимся в процессе обучения.

Успешное проведение занятий возможно при условии, что каждый преподаватель будет опираться на следующие основные принципы.

Во-первых, при обучении студентов решающее значение приобретает сильная мотивационная база, которая приводит к быстрым и хорошим результатам.

Во-вторых, обучение языку должно быть студентоцентричным, поскольку необходимо учитывать индивидуальные свойства учащихся, которые отличаются друг от друга не только варьированием восприятия с помощью разных органов чувств, но и тем, что процесс познания у них разный.

В-третьих, необходимо коренным образом модернизировать технологический базис обучения языкам. Новые технологии могут дать новый импульс.

В-четвертых, при обучении языкам большую роль играет непринужденность и естественность общения между преподавателем и студентами.

В-пятых, предпосылкой для успешной коммуникации на изучаемом языке является дозировка, охват и презентация грамматического материала, которая должна быть ориентирована на практику.

В быстро меняющихся условиях информационного общества современные реалии требуют от преподавателей актуализировать лингводидактический инновационный потенциал, внедрить в учебную практику наиболее эффективные методики и технологии и творчески развить накопленный теоретический и практический опыт преподавания дисциплины.

В связи с этим возникает необходимость осмыслить цели и задачи современной лингводидактической инноватики с учётом научно-методического, организационного и педагогического потенциала всей системы образования предыдущих лет и эпох и сделать краткое обобщение в нашей статье.

Лингводидактическая инновация определяется как какое-либо педагогическое новшество на основе последних научно-технических и технологических достижений с целью удовлетворения актуальных потребностей лингводидактики.

В последнее время к инновационным трендам в методике преподавания языков относят использование таких технологий, как проектная деятельность, интерактивное и контекстное обучение [1].

Под проектной деятельностью понимают инновационную, творческую деятельность, которая направлена на преобразование реальности и базируется на диалоге участников учебного процесса. Главная особенность проектной технологии заключается в том, что обучаемый находится в центре процесса обучения и акцент смещается с обучения на изучение. Проектная методика ориентирована на применение и приобретение новых фактических знаний путем самоорганизации и самообразования студентов.

Полат Е.С. рассматривает проектную методику как совокупность поисковых, проблемных методов, творческих по самой своей сути, представляющих собой дидактическое средство активизации познавательной деятельности, развития креативности и одновременно формирование определенных личностных качеств студентов в процессе создания конкретного продукта [2].

В качестве основных проектная методика выдвигает следующие цели:

- 1) самовыражение и самосовершенствование учащихся, повышение мотивации обучения, формирование познавательного интереса;
- 2) реализация на практике приобретённых умений и навыков, развитие речи, умение грамотно и аргументированно презентовать исследуемый материал, вести

дискуссионную полемику;

3) демонстрация уровня культуры, образованности, социальной зрелости.

К видам проектов относят ролевые игры, исследовательские, творческие (сочинения, перевод, сценарии и т.д.), мультимедийные презентации.

Многие современные методические инновации связаны с применением интерактивных методов обучения. Интерактивное обучение — это, прежде всего, диалоговое обучение, в ходе которого осуществляется взаимодействие преподавателя и студента, это обучение, погруженное в общение. Язык усваивается во время естественного общения, организатором и участником которого является преподаватель. Эмоциональность отношений в учебной аудитории и юмористическая тональность манеры общения преподавателя с студентами содействует естественности обучения. При этом конечная цель и основное содержание образовательного процесса сохраняется, но транслирующие формы модифицируются в диалоговые, которые базируются на взаимопонимании и взаимодействии.

Идея контекстного обучения также связана с современными требованиями социума к обучающейся личности, которая в процессе образования должна из объекта педагогических манипуляций превратиться в субъекта собственного саморазвития. В связи с этим к началу XXI в. в методике преподавания языков сформировалась культуuroобразующая концепция, ориентирующая преподавателя на обучение студентов межкультурному общению. Преподаватель должен выработать у студентов представление о языке как отражении национальной и общечеловеческой социокультурной реальности. Таким образом, формирование межкультурной компетенции осуществляется в учебном процессе через межкультурное образование.

Характерной особенностью лингводидактических инноваций на современном этапе следует считать их тесную взаимосвязь с последними научно-техническими и технологическими достижениями интеллектуальной деятельности человека, к которым относится комплекс разнообразных средств информационных и коммуникационных технологий.

Еще одним инновационным трендом нашего времени является наличие различных моделей обучения языку, построенных на компьютерных технологиях оперативного получения информации из любой точки земного шара и доступа к мировым информационным ресурсам, накопления и хранения информации, ее отбора и переработки, а также обмена ею с самым широким кругом партнеров по коммуникации.

Использование современных технических средств способствует эффективности обучения языку в самых различных условиях и на всех его уровнях. Презентация новой лексики посредством электронных словарей, онлайн словарей, смартфонов, демонстрация видеороликов с помощью ноутбуков, планшетов, запись на диктофон чтения студентами диалогов, микротекстов, стихов и корректировка их произношения также обладают определенной методической новизной.

К существенной инноватике языкового обучения следует отнести закономерное перемещение процесса обучения в формат веб-страницы. Обучающая игра всегда считалась мощнейшим дидактическим стимулом в педагогическом процессе. Поэтому ее появление в электронном виде имеет особое значение в силу своей специфики. Инновационные качества электронных средств позволяют сделать интерактивную обучающую игру обязательным компонентом каждого урока при обучении разным аспектам речевой деятельности.

Все рассмотренные выше инновационные тренды в методике преподавания языков присутствуют и в профессиональной деятельности преподавателей кафедры языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев Казахского национального университета им. аль-Фараби, где обучаемый студент-иностранец выступает как активный субъект учебной деятельности.

Литература

1. Щукин А. Н. Современные интенсивные методы и технологии обучения иностранным языкам / А. Н. Щукин. – М.: Филоматис, 2008. – 188 с.
2. Полат Е.С. Метод проектов на уроках иностранного языка / ИЯШ, 2000. – №2, 3. – С.14, 27.

Нуршаихова Ж.А.

д.филол.н. профессор

Азнабакиева М.А.

старший преподаватель

**ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИДЕЙ «ТЕОРИИ ДЕЙСТВИЙ»
В ПРИКЛАДНЫХ ЦЕЛЯХ ЛИНГВИСТИКИ**

Резюме

Существует много работ, предлагающих увидеть теорию театра и применить режиссерские идеи на занятиях в школах по разным предметам. В задачу лингвиста-прикладника, занимающегося со студентами-иностранцами казахским и русским языками на начальном этапе обучения, входит превращение площадки у доски в творческую лабораторию для оживления и активизации работы в языковой группе.

Не секрет, что студентам всегда необходимы подлинные, живые, непроизвольно выразительные реакции преподавателя, ведущего занятия, значит, преподаватель и есть творец урока, его режиссер и его главный «положительный» герой.

Профессиональное поведение преподавателя на занятиях по неродному языку для начинающих должно включать предлагаемые театральными теоретиками поведенческие рекомендации. Опытный преподаватель эмпирическим путем вычисляет необходимость использования того или иного режиссерского метода, соответствующего текущему моменту.

Ключевые слова: режиссерские идеи, профессиональные модели поведения преподавателя, поведенческие рекомендации.

Түйіндеме

Театр теориясын, қойылымдық идеяларды мектептерде түрлі пәндерді оқытуда қолданып көруді ұсынатын көптеген еңбектерді кездестіруге болады. Шетелдік студенттерге қазақ және орыс тілдерін үйрететін қолданбалы лингвист маманына оқытудың бастапқы кезеңінде топтың жұмысын жандандырып, белсенділігін арттыру үшін тақтаның шағын алаңын шығармашылық сахна зертханасына айналдыру қажет болады.

Тіл үйренушілерді сабақ жүргізіп тұрған оқытушының белсенді келбеті мен оның болып жатқан жағдайға қатысты шынайы әрекеті ынталандырып отыратыны белгілі. Яғни сабақты жасап отырған – оқытушы, ол қоюшы режиссер, оның негізгі «жағымды» кейіпкері болып табылады.

Бастауыш топтарға өзге тілді оқытушының кәсіби әрекеті театр теоретиктері ұсынатын мінез-құлықпен ерекшеленуі қажет. Тәжірибелі ұстаз дәл сол жағдаятқа қатысты қандай қойылымдық әдіс-тәсілді қолдануға болатынын өз түйсігімен-ақ сезіп, біліп отырады.

Түйін сөздер: мінез-құлық ұсыныстар, мұғалім мінез-құлқының кәсеби үлгілері, директордың идеялары.

Summary

There is a lot of works, offering to see the theory of theater and apply director's ideas in the classroom for different subjects. The task of an applied linguist, teaching foreign students Kazakh and Russian

languages in the initial phase of training, includes the conversion of the area "at the blackboard" into a creative laboratory for the revival and activation of the work of language group.

It's no secret that students always need real, lively, spontaneously expressive reactions of their instructing teacher, which means that the teacher is the creator of the lesson, it's director, and it's main hero.

Professional conduct of the teacher in the foreign language class for beginners should include behavioral recommendations proposed by the theater theorists. An experienced teacher empirically evaluates the need to use a particular method of directing, which corresponds with the current moment.

Key words: director's ideas, professional models of teacher behavior, behavioral recommendations.

*Сделай жизнь вокруг себя красивой.
И пусть каждый человек почувствует,
что встреча с тобой – это дар.
Ошо (Бхагван Шри Раджниш)*

Каждый раз, когда мы говорим о преподавании языков как иностранных, особенно на начальном этапе преподавания, мы часто сравниваем нашу работу с актерским мастерством. В таком случае, почему бы нам не воспользоваться давно опробованными и разработанными трудами по теории актерского мастерства. И отсюда, через призму режиссуры и актерского творчества, попробовать реализовать свои педагогические замыслы.

Существует много работ, предлагающих увидеть теорию театра и применить режиссерские идеи на занятиях в школах по разным предметам. Мы же, занимаясь со студентами-иностранцами, изучающими казахский и русский языки, с успехом могли бы превратить нашу площадку у доски в творческую лабораторию, оживляя и активизируя работу в языковой группе.

Нас заинтересовали труды известного теоретика театрального искусства П.М. Ершова: *Технология актерского искусства*, 1992; *Режиссура как практическая психология*, 1972 и *Искусство толкования*, 1997, – который стал продолжателем творческих идей гениального художника и великого знатока театра К.С. Станиславского. Разработанная П.М. Ершовым *теория действий* явилась новой ступенью в том, что М. Горький назвал *наукой об искусстве* [1, 3]. Это продолжение теоретического изучения актерского мастерства, начало которой в своей *системе* положил выдающийся деятель русского театра К.С. Станиславский.

Апологеты и сторонники научных изысканий П.М. Ершова называют два фундаментальных направления, разработанных им при изучении вербальных аспектов общения между людьми [2].

Первое направление, открытое ученым, П.М. Ершов назвал *лепкой фразы*, законы построения которой просты и доступны не только актерам. В книге *Технология актерского искусства* точно названы особенности произнесения простой фразы и сложной фразы. По Ершову, важно то, считает ли говорящий свою мысль простой или сложной. В его предложении может быть мало слов, но оно будет произнесено как сложная фраза. А может быть слов много, но произнесена фраза (мысль) будет – как простая. Таким образом, знакомство с идеями П.М. Ершова о *лепке фразы*, обогащает и нас, преподавателей-лингвистов, новым пониманием особенностей всякого вербального общения.

Второе направление исследований живой речи привело автора *Технологии* к идее отбора определенного количества интонаций для словесного воздействия на слушающих.

Речь как воздействие, как осуществляемое намерение чего-то достигнуть, что-то изменить в тех, к кому речь обращена, предстаёт перед тем, кто знает систему простых

16. Застенчивые студенты, обычно не проявляющие себя на аудиторных занятиях, в социальной сети чувствуют себя более комфортно и становятся более активными участниками учебного процесса.

17. Техническое обеспечение учебных аудиторий не всегда позволяет преподавателям и студентам демонстрировать на занятии наглядные материалы в цифровом формате. В соц. сети их можно продемонстрировать в виртуальной учебной группе, заранее загрузив нужные файлы. Некоторые учащиеся смогут их увидеть прямо на занятии с помощью мобильного Интернета, другие же – по возвращении домой.

18. Дискуссии и обсуждения, начавшиеся на очном занятии, могут быть продолжены в социальной сети. Это позволяет студентам больше времени проводить в активном обсуждении.

19. Социальные сети делают преподавателей в плане коммуникации более социально доступными для студентов.

20. Становится возможным совместное создание учебного контента. Студенты вместо простого потребления информации в пространстве виртуальной учебной группы создают сообщения, дискуссии, ресурсы и др.

21. Социальная сеть позволяет преподавателю лучше запоминать студентов и понимать их интересы. У преподавателей появляется возможность узнать больше о личности студента, его особенностях и предложить ему информацию, темы и задания, которые должны его заинтересовать.

В последнее время многие учебные заведения используют средства Facebook для публикации новостей, сбора информации, общения, привлечения абитуриентов и предоставления студентам нужной информации, для осуществления научной деятельности.

Кроме того, студенты и преподаватели используют множество приложений Facebook в научных целях. Такими приложениями являются:

- Книги weRead - это приложение позволяет делиться мыслями о книгах, писать свои комментарии и узнавать мнение других читателей о книгах.

- Flashcards - с помощью этого приложения можно создавать флэш карты, которые помогут учиться на Facebook.

- DoResearch 4ME - это приложение предназначено для сбора информации с помощью тезисов, инструкций и многое другое.

- Study Groups - с помощью этого приложения можно реализовать групповой проект. Такой например, как курсовая работа и др.
- HeyMath! - эти мини-фильмы объясняют сложные понятия математики, помогают студентам лучше понять материал.
- SlideShare - это приложение дает возможность создания презентаций для отправки студентам слайд-шоу.
- BookTag - программа предлагает отличный способ поделиться книгами, а также создавать интересные тесты для изучения.
- Docs - приложение позволяет создавать и обмениваться документами Microsoft Office в Facebook.
- Zoho Online Office - пользователи имеют возможность сохранять свои документы в Интернете, а также делиться ими со студентами и коллегами.

Следовательно, возможность совмещения индивидуальных и групповых форм работы способствует большей степени понимания и эффективного усвоения материала. Коммуникативное пространство дает возможность коллективной оценки обучения для всех участников учебного процесса и возможность наблюдения за результатами работы каждого из участников.

Также нужно отметить, что социальные сети несут в себе не только развлекательный характер, но и являются сегодня инструментом образовательного процесса. С их помощью вузы будут конкурентоспособными и предоставят студентам интерактивную, мобильную и вовлекающую в обучение и общение среду, соответствующую глобальным трендам на рынке.

Литература

1. Ушинский, К.Д. Избранные педагогические сочинения / К.Д. Ушинский. – В 2т. – Т.2. – М., 1974.
2. Richard J. Light. Making the Most of College: Students Speak Their Minds. Cambridge: Harvard University Press, 2001.
3. The Facebook Classroom: 25 Facebook Apps That Are Perfect for Online Education. [Электронный ресурс] – Режим доступа: [http:// www.collegedegree.com/library/college-life/15-facebook-apps-perfect-for-online-education](http://www.collegedegree.com/library/college-life/15-facebook-apps-perfect-for-online-education) (дата обращения 03.07.2017)

E.R. Ignatova

PhD A/Professor

A.E. Sadenova

DSc A/Professor

D.S. Tolmacheva

PhD A/Professor

METHOD OF TEACHING LISTENING AS A TYPE OF SPEECH ACTIVITY

Түйіндеме

Мақалада шетелдік студенттерді тыңдалымға оқытудың әдістері және тәсілдері қарастырылады, тыңдалымның әр түріне оқыту бойынша ұсыныстар беріледі. Сөздің лингвистикалық түріне ғана емес, сонымен қатар мазмұнына да назар аударылады. Мақалада оқытуды үйрету үшін ұсынылған жаттығулар жүйесі қабылданған хабарламалардың психологиялық және лингвистикалық күрделілігін жеңуге көмектеседі.

Түйін сөздер: тыңдау, оқу, қабылдау, бағдарлау, оқыту, болжау.

Резюме

В статье рассматриваются общие методы и приёмы обучения аудированию иностранных студентов, даются рекомендации для обучения разным видам аудирования. Акцентируется внимание не только на языковой форме высказывания, но и на содержательной. Система упражнений для обучения слушанию, предложенная в статье, помогает преодолеть психологическую и лингвистическую сложность воспринимаемых сообщений.

Ключевые слова: аудирование, чтение, восприятие, ориентация, обучение, прогнозирование.

In numerous researches on training foreign students with the Russian and Kazakh languages it is paid attention to the fact that the motives of the language selection for the study have changed. Nowadays most students study the Russian language in order to get an education and find good jobs. Russian, of course, refers to the “market” or the language of “marketing” and in terms of development of the world economic space is the international language. Exactly the internationality of the Russian language can serve as the main motive for its choice to study. However, getting in Kazakhstan, where the official language is Kazakh, and Russian language is the language of international communication, foreign students realize that knowledge of the Kazakh language is the need for education and further work. President of Kazakhstan N.A. Nazarbayev proclaimed the principle that in Kazakhstan are studying three languages: Kazakh, Russian and English.

New time, globalization of world processes require a search for new methods of training the Russian and Kazakh languages for foreign students. Students learn languages with a clear understanding that, in practice, they must not only speak, but also understand the interlocutors, colleagues, lectures. Listening has a special place in the development process of speech activity.

Listening is hearing and speech understanding of native speakers, lectures on the language, listening to the radio and television programs. Mastering the language is impossible with the ability to understand the speech of others. It is necessary to develop new methods of training to audition. It should be remembered that the main purpose of listening is the ability not only to hear, but also to understand the other’s speech, and, to understand properly, fully and deeply enough. In Kazakhstan foreign students find themselves in conditions where the Russian and Kazakh speech are spoken in everyday life, on television, while studying at the universities. Al-Farabi Kazakh National University international students are required to study the Russian and Kazakh languages, enabling them to adapt to the conditions of intercultural communication. Training to listening takes a special place in the teaching of the Russian and Kazakh languages.

Author of numerous books on the Russian language S.A.Khavronina pays attention to the fact that a long period of mastering a foreign language is divided into segments, called “stages of learning”. These are the beginner, intermediate and advanced stages; advanced divides into basic and final. Before training to listening, it is need to choose a good material, corresponding to these stages. In addition, you should be well aware of the whole process of listening, the ability to understand foreign speech and memorize the necessary information.

At the initial stage you should provide information in portions, increasing the length of the pauses between syntagmas, sentences for understanding content. It is also recommended to increase the time for removal of constraints to the perception of the text.

In theoretical studies on teaching the Russian language of N.D.Galskovaya and N.I.Geza on the laws of making the learning process, a lot of attention is paid to the analysis of the process of listening, which is associated with the perception, understanding and active processing of information, contained in oral speech message.

For development listening skills it is necessary to build upon the work of memory (short-term and long-term).

Short-term memory helps to keep incoming information during the process of perception, until its receipt and processing of the information in long term memory.

Long-term memory helps to store articulation-auditory images of words, word combinations and syntax constructions, allowing connecting them to understand. With this it is come an understanding of phrase structure and the communicative type of a sentence. For understanding the voice messages a listener must hold words and phrases, to associate heard at the moment with the fact that he had heard before.

Short-term memory and long-term memory are in interaction. Short-term memory helps to enter the information into a long-term memory. The result of an understanding depends on the proper selection of the material, its gradual introduction and consolidation.

To develop methods of training to audition it is need to understand clearly the purposes of listening. On the initial stage the aim of this process is an understanding the statement of an interlocutor in different situations. In the future, it must be a transition to an understanding of educational texts with a various degree and depth of penetration in their content. Students-foreigners who study at al-Farabi Kazakh National University, from the first days face with situations, when their surroundings speak in the Russian and Kazakh languages. In the dormitory, in the cafeteria workers usually use the Kazakh language, so students try to understand greetings, questions, sounding in this language. In the stores, in the transport people speak in the Russian and Kazakh languages. Real-life situations stimulate students to study both languages actively. The technique of mastering the Russian language is used to study the Kazakh language.

Communicative objectives determine the levels of understanding of an audiotext, its types and conditions of perception.

Texts for the initial stage: verbal communication in the classroom (teacher's guidance, students' replicas, including in the language game, simple texts).

Texts for an advanced stage: cognitive and country studies, can be monologue and dialogue nature. These are stories, songs, poems. Texts are complicated gradually. Students prepare for the perception of lectures, radio and television programs. Intercultural communication in Kazakhstan has its peculiarities on all parties and concerts, students get into an environment where they need to understand in Kazakh and in Russian. Meetings, discussions are held also in two languages. This is a strong motivation to learn languages.

Different methods must be used in the different groups. For English-speaking students are good exercises for the development of language guess. About the meaning of unfamiliar words students realize the similarity with the words of the native language. This applies to both the Russian and the Kazakh language. (In the Kazakh language as well as in Russian there are many international words).

Headings and subheadings help to highlight important in the sounding text. In dialogic speech clarification of details with the help of repeated, repeated requests, and others helps to an understanding.

The system of exercises for training to audition must ensure accordance of exercises to the psychological and linguistic complexities of the perceived messages.

Correlation of listening is possible in conjunction with other kinds of verbal activity, primarily with speaking.

In the methods of teaching Russian as a foreign language are defined two types of exercises: training, preparation and speech, communicative. These exercises can be used in teaching the Kazakh language.

Training preparatory exercises remove the linguistic and psychological complexities of semantic perception, develop an ability of logical-semantic understanding from words to microtexts.

Getting training to audition, it should be combined elementary operations with complex mental activities, developing creative opportunities of students. Just on the small texts students

should be taught to find the support and guidance of perception. It should increase complexity of language gradually, developing hearing of students. It should teach students to focus on similar difficulties, combine known and unknown in exercises. It should pay attention of students not only on content but also on the form.

At the intermediate and advanced stages it should use voice messages, approaching the natural speech dialogue (contact and distant) without support, tips and familiarity. These exercises teach students to identify the most informative parts of messages. Preliminary discussion helps understanding by forecasting.

We need to teach to listening, taking into account the situation of communication. Students should be able to divide an audiotext in the meaningful parts and define the basic information in each of them. For the understanding and comprehension of oral speech it should teach students the ability to combine different parts of speech in a whole text, to understand the different individual characteristics of the speaker. [3; 93].

Speed of sounding speech is different. Students need to learn to perceive a speech in tempo from below average to above average, to be able to catch a pause, intonation, rhetorical questions, and repetitions.

From the initial stage it should be taught the skill to keep in mind the actual text data (digital data, chronological dates, proper names, geographical names, etc.).

Starting with simple voice messages it needs to teach students the logical-semantic activity in the process of listening. All students have different abilities of auditory perception, different auditory memory.

It can be offered the following exercises, training to listening:

I. Exercises to train memory.

1. Listen to two or three short phrases, put them together in one sentence;
2. Listen and repeat after the teacher (announcer) phrases, that are longer than the amount of short-term memory;
3. Listen to a text / message, to compare it to a printing version. Highlight strange, listen to the text again.

II. Exercises to train probable forecasting.

1. Determine the content by title, keywords, questions, drawings;
2. Develop the ability to finish a phrase, a text;
3. Select proper names, place names in the text and use of existing knowledge of students to forecast an understanding.

Modern technical equipments allow students to write texts, lesson fragments, fragments of radio and television programs on audio and video media easily.

Working experience with foreign students, studying the Russian language, shows that training exercises are very effective for the development of auditory memory, when students have the opportunity to listen to the text, and then compare it with the printed text. If it is necessary, it can be repeated. Memory of a listener enriches with the new vocabulary, holds common words and phrases, and develops a language guess. These exercises can be used to study the Kazakh language.

When selecting audiotexts students need to focus on the right understanding of the major international events in the field of politics, economy, culture and sports. Starting with a short message, it is necessary to prepare for the understanding of radio and tele programs gradually.

In conclusion we need to note that the innovative techniques should be used taking into account the specific audience, according to national circumstances, the extent of training and educational level.

Positive attitude to studying language forms interesting materials in the country studies and cultural relations that need to be carefully selected. Thus, listening skills allow students to experience progress in language acquisition and activate the entire speech process.

Literature

1. Fokina K.V., Ternova L.N., Kostygeva N.V. Metodika prepodavaniya inostrannomu yazyku. - М .: Vysshee obrazovanie, 2008. Obuchenie audirovaniu (pp. 98-105).
2. Gal'skova N.D., Gez N.I. Teoriya obycheniya inostrannym yazykam. – М.: Akademia, 2008. – 336 p. Obuchenie audirovaniu (pp. 161-186)
3. Ignatova E.R., Tolmacheva D.S. Innovatsionnye priemy obucheniya audirovaniu na urokah russkogo yazyka dlya inostrannyh uchashihsya. Innovacii obrazovatel'noi deyatel'nosti. Materials of the 42nd International scientific-methodological conference. Volume 3. – Almaty: Kazakh Universiteti, 2012.

Kazmagambetova A.S.

PhD A/Professor

Aznabakiyeva M.A.

Top-rank teacher

Shaykhynova M.Zh.

Senior teacher

AN ALGORITHM MASTERING OF LANGUAGE IS IN A FOREIGN AUDIENCE

Summaru

This article deals with the model of summarized algorithms. Besides, the algorithm of presentation to foreign students of the following grammar material is observed: noun in a prepositional case. The most optimal model of the generalized algorithm is that one, which, being compact and visible, presents maximal possibility for generalization and classification of materials.

Key words: algorithm, noun, stemma, prepositional case.

Резюме

В статье рассматривается модель обобщающих алгоритмов, а также подробно описан алгоритм изложения иностранным студентам следующего грамматического материала: существительное в предложном падеже. Наиболее оптимальной моделью обобщенного алгоритма является та, которая, будучи компактной и видимой, дает максимальную возможность для обобщения и классификации материала.

Ключевые слова: алгоритм, существительное, стемма, предложный падеж.

As long-term experience of teachers shows /at the chair of language and general training for foreigners/ the use of algorithmic methods of presentation grammar materials largely provides purposeful organization of cognitive students' activity in the process of application of rules. Moreover, it teaches logic of reasoning, assists to more clear differentiation on the first stages of mastering of new material. In opinion of K.M Sholomy, considerable interest is presented by the research, conducted on material where two models of summarizing algorithms are examined in a comparative plan, - dichotomic and polythomic. As a result of research an


author comes to the conclusion about greater efficiency of polythomic model of algorithmic binding.


For determination of criteria of comparative efficiency of dichotomic and polythomic models of algorithms K. M. Sholomy takes such parameters, as middle length and ramified of algorithm, The level of difficulty is connected with the size of loading on main memory.

The offered technology passed long-term approbation at the chair of language and general training for foreigners at KazNU. The ideas of design of Russian sentences and presentation by algorithm of grammatical material underlay monographs of doctor of philological sciences, professor Zh.A.Nurshaikhova [1].

Step 1

– to Acquaint students with stemma of prepositional case O6 of noun in a singular (sing.) with all endings and meanings.





Step 2

– to work out table of case endings.

Step 3

– to consolidate endings of nouns by O6 training exercises.

Step 4

– to show variants of exceptions from step 2

– words of the female gender ending with - Ъ :

• тетрадь, площадь, ночь, кровь, тень, дверь, грязь, даль, пыль, радость, любовь, жизнь... (в/на тетради, на площади, в ночи, в крови, в тени, на двери, в грязи, в дали, о радости, о любви, о жизни).

• Words with endings -ИЙ, -ИЕ, -ИЯ:

санаторий, здание, упражнение, задание, армия, линия... (в санатории, в здании, в/об упражнении, о/в задании, в/об армии, на линии).

– Words which in O6 have the ending -У: в саду, в шкафу, в углу, в лесу, в аэропорту, на берегу, на полу, на мосту

Step 5

– to consolidate endings of the enumerated exceptions by training exercises.

Step 6

– present the list of the verbs used with the case of O6, disposing them by meanings.

Step 7

– to give exercise on mastering of verbal management with all verbs offered in a list.

Step 8

– together with students to construct stemma of suggestions, filling it by well-known data.

– in the same way, step by step, the adjectives of singular in the studied case (in this case O6) are entered, after this - plural of nouns and adjectives of plural. All endings, the moments of

concordance (adjectival knot) and management (verbal knot) are constantly reflected in that model, construction of which had begun during the first steps of mastering the target language.

Our practical experience has showed that efficiency of work with algorithms to a great extent is determined also by other very substantial factors. In particular, by degree of approachement of algorithm description with the standards of the verbal reasoning and graphic fixing of mental actions at reasoning of writing and, in addition, by level of generalization of algorithm. Thus, exactly these factors constantly influenced both on a process and the results of learning and, in particular, on a clearness and completeness of the generalized knowledge and abilities. Thus, in the basis of comparative analysis of efficiency dichotomic and polythomic algorithms the next complex of factors has been fixed: length of algorithm (i. e. amount of tiers enroute from top to bottom) and its ramification (number of rays going from a top); level of generalization of model of algorithm; degree of coincidence of it's form with the methods (standards) of the verbal reasoning and graphic fixing of mental actions.

Thus, making analysis of comparative efficiency of dichotomic and polythomic algorithms it is possible to formulate the next substantive initial provisions:

– Efficiency of model of the generalized algorithm is in a great deal determined by the amount of tiers going on a vertical line, and number of rays outgoing from a top. The most rational is an algorithm with minimum length and ramification.

– the most optimal model of the generalized algorithm is that one, which, being compact and visible, presents maximal possibility for generalization and classification of materials.

Efficiency of the generalized algorithm is in direct dependence on the form of it's description. The last must adequately reflects both the structure of summarizing rules and algorithms and corresponding to them standards of the verbal reasoning and written (graphic) basics of orthogram

Thus, more effective is, however, a model of polythomic algorithm. It is more compact in a form, that creates more favourable conditions for the operative memorizing.

In conclusion, it is necessary to underline that efficiency of the use of dichotomic (and polythomic algorithms can be raised under several conditions. Among them the most essential, as experience has showed, are the following:

– the described models will be better to apply while studying simple (not difficult) rules;

– the most optimal is a model of algorithm with minimum length and ramified on a horizontal;

– at all stages of mastering the language the system of facilities of evidentness and design is used.

At the observance of the named terms good results can be got in the process of studying such morphological rules, as, for example: cases of nouns, adjectives, pronouns and others [2].

Literature

1. Nurshaikhova, Zh.A. Algorithmized Syntax: monograph / Zh.A. Nurshaikhova. – Almaty: Kazakh University, 2002. – 294 p.
2. Nurshaikhova, Zh.A. Structural syntax: a look from pragmatics: monograph / Zh.A. Nurshaikhova. – Munich: Lambert Academic Publishing – 2013. – 276 c.


РАЗДЕЛ 2
☞ ЛУЧШИЕ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ
ТВОРЧЕСКИЙ КОНКУРС «МИР И ЧЕЛОВЕК»

Нуршаихова Ж.А.

д.ф.н. профессор

Мусаева Г.А.

к.ф.н. доцент



В 2012 году в честь 90–летия ветерана ВОВ, лауреата Государственной премии им. Абая, лауреата Международной премии им. А.А. Фадеева Народного писателя Казахстана Азильхана Нуршаихова его семья решила провести творческий конкурс среди молодежи города на лучшее эссе по произведениям писателя. Победители конкурса получили дипломы и дорогие призы, участники – книги и сертификаты.

В 2013 году решением Ученого совета факультета довузовского образования КазНУ им. аль-Фараби была учреждена стипендия имени А. Нуршаихова. Теперь конкурс получил свое продолжение в более официальном формате. Этот конкурс ежегодно проводит кафедра языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовского образования КазНУ им. аль-Фараби.

Первые два года конкурс был посвящен жизни и творчеству писателя. В последние годы формат конкурса был изменен: расширен тематический диапазон, работы стали приниматься по электронной почте. Конкурс получил название «Мир и человек». Благодаря возможностям Интернета, география конкурса расширилась. В последние годы в конкурсе стали принимать участие студенты и школьники со всей республики. Радует, что в конкурсе участвуют юноши и девушки не только из городов, но и из далеких аулов. Также как в начале прошлого века мальчик Азильхан отправлял в столичные молодежные газеты свои первые стихи, так и нынешняя молодежь, пользуясь Интернетом, с надеждой посылает на конкурс свои первые творческие пробы пера.

Призовые и наиболее интересные работы опубликованы на сайте <http://nurshaihov.kz/ru>, а также по старой традиции они включены и в этот 6–ый номер ежегодного журнала «Дайджест педагогических новаций». Экспертизу работ проводило жюри Конкурса-2017. В его составе – ведущие профессора и преподаватели КазНУ им. аль-Фараби. Определяли победителей по жанрам ПРОЗА и ПОЭЗИЯ на казахском и русском языках. Выбрать победителей всегда нелегко – очень высок уровень конкурсных работ.

В 2016–м году администрация Национальной библиотеки РК предложила свою территорию для проведения заключительных мероприятий Конкурса. Подведение итогов Конкурса-2017 и вручение стипендий имени А. Нуршаихова прошло в конференц-зале Национальной библиотеки РК.



Имена победителей Конкурса «Мир и человек» – 2017 на стипендию имени Народного писателя РК Азильхана Нуршаихова за лучшее творческое произведение:

Проза:

1 место

Ақбота Кенжекожаева – Сүлеймен Демирел атындағы университет.

2 место

Света Әлхан – ХҚТУ Ахмет Яссауи Университеті.

3 место

Елдос Тоқтарбай – Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

Поэзия:

1 место

Ділда Уәлибекова – Л. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университеті.

2 место

Махаббат Жарбосина – Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты.

3 место

Данагүл Мәденқызы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО дейінгі білім беру факультеті.

«Жас қаламгер» номинациясының жеңімпаздары:

Гулсара Әділова – Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті.

Аружан Рақымғалиева – Сәтпаев Университеті.

Самат Раимбеков – Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті.

«Жас ақын» номинациясының жеңімпаздары:

Дәулет Жәлелов – Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

Аманкелді Ақжігіт – Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

Сәдуақас Ерасыл – Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

Қарлығаш Хавай – Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

Әбдіразақ Тұрсынбек – Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.
Қасиет Қапиев – Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті .
Аяғез Мақатова – Қостанай Мемлекеттік педагогикалық институты.
Серік Салтанат – Абай атындағы ҚазҰПУ.
Алтынбек Мерсадықов – Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті .
Ерназ Дуриханов – Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті .
Динара Мухтарова – М. Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжі.
Еламан Төлеутай – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Бекарыс Назар – М. Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжі.
Айгерім Бірімжанова – Қостанай Мемлекеттік педагогикалық институты.
Ермахан Даулетәлі – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Филология және әлем тілдері факультеті.

Мы предлагаем вниманию читателей стиховорение, написанное вне конкурса и посвященное А. Нуршаихову. Оно было прочитано на открытии мемориального кабинета Народного писателя Азильхана Нуршаихова в Национальной библиотеке Республики Казахстан в 2016 году.

Нұрғазы Шалқар

ҚР Ұлттық банк қызметшісі

Әзілхан ағаға

Әзілхан ата, өз ата – жауынгерім,
Бағымызға қан майданнан аман келдің.
Бауыржан аға бастаған жауынгерлердің
Өшпестей ерлігінен хабар бердің.
«Ақиқат пен аңызды»,
«Махаббат, қызық мол жалдар»,
Жігітке де, қызға да алатын мол тағлым бар.
«Мәңгілік махаббат жырында» жырлап өттің жан ата,
Халима апа өзіңе болды лайық асыл жар.
Ақ мәрмәрдан жарыңа ескерткіш қойдың сағынып,
Абайдың жырын оқыдың басына барып жабығып.
Өзің де енді аттандың қайырылмас сапарға
Пейіште нұрың шалқысын, жаныңда жарың табылып.
Қозы Көрпеш Баяндай бір молада жатырсың
Тіріде соны ойлаған, ата, сен қандай батырсың!
Жаны да ізгі, ойы адал, махаббаттың символы
Ешқашанда көнермес тот баспайтын асылсың!

Ждем студентов осенью этого года в КазНУ им. аль-Фараби на факультете довузовского образования на кафедре языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев для участия в Конкурсе-2018 на стипендию имени Народного писателя А. Нуршаихова.

Дальнейших вам успехов, дорогие конкурсанты!

БАЙҚАУ ШЫҒАРМАЛАРЫ

ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР БОЙЫНША I ОРЫН ИЕГЕРІ

Ақбота Кенжеқожаева

Сүлеймен Демирел атындағы университет

ШИЕ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ

Жер бетінде жан құлағы шалмаған сиқырлы әуен. Олар бақыттың құшағында тербеліп билеп жүр. Қызды Ай мен Күнге теңесек әсіре сілтеушілік болары хақ! Көрер көзге өзіндік сүйкімі бар бұйра шашты, қоңыр көзді кішкене қыз. Бет-әлпетінде одан артық сұлулықтың да, көркемдіктің де нышаны жоқ. Жігіт ересек. Жанарынан шексіз жылулық жымияды. Жүрегіндегі мейірімді жүзінен байқау қандай оңай болса, жүрегiнiң ең түбіне жасырған мұңын аңғару сондай қиын. Ырғақты би тіршіліктің күйбеңінен екеуін ысырып әкеткен. Тым жыраққа!

ҚАРАҢҒЫ

Ұйқыдан маужырай оянған ол шыны әйнектің сыртында басқа әлем бардай ұзақ үңіліп, тапжылмай тұрды. "Сағындым" деді күбірлеп. Меңіреу түн мылқау қалпынан айнымады. Жылы төсегіне жантайып, ұйқыға қайта жеңілді.

Күн сәулесі көзіне түсіп, ұялтып оятты. Сергіп қалған секілді, бойына әлдебір жеңілдік орнапты. Есікті ақырын ашып, құрбысы енді. Дүкеннен келген беті екен.

- Ояңдың ба, күнім, - деді жанашырлықпен. Жауап орнына басын шұлғыды.

- Түнімен шие сұрадың. Күздің соңғы күндерінде шие қайдан болсын. Жақын маңнан таппадым, - деді сосын күмілжіп.

Құрбысының қамқорлығына разы болды ма, әлде басқа себеп пе, кім білсін шырайы кіріп шынайы күлімсіреді. "Шие" деді сосын дауыстап. Құрбысы басын шайқады.

ЖАРЫҚ

Қаладағы беймаза тіршілік біржола толас тапқан тәрізді. Жігіт томаға-тұйық. Мүлгіген тыныштық. Тек жапырақтар симфониясы салтанат құрып, күз тіршілігінен хабардар етуде. "Үзіле көрмеші, Соңғы жапырақ". Іштей қайталай берді.

"Соңғы жапырақтай мықты боламын" деген қыз.

- Қайдағыны айтпашы, - деген жігіт.

- Жоқ, сіз дұрыс түсінбедіңіз. Соңғы жапырақтай рухым мықты менің, - деген қыз күлімсіреп. Жігіт маңдайынан сүйген.

... Шыр көбелек айналып жүр. Қуыршақтай кішкене қыз жеңіл қозғалады. Жігіт ақырын құшақтап, шашынан емірене иіскеді. Еліктің лағындай бауырына тығыла түсті.

ҚАРАҢҒЫ

- Жаман адам?

- Иә?

- Сіз кімсіз? Білесіз бе, кімсіз?

- Иә, кімін?

- Шиесіз?

- Неге?

- Сондай тәтті әрі сондай қышқылтым.

- Ммм. Ал сен кімсің сонда?

- Мен соңғы жапырақпын!

Қалың ойдан арыла алмай төсегінде дөңбекшіп біраз жатты. Жарық дүниенің рауандауына әлі көп уақыт бар сияқты. Жанын, әлде тәнін меңдеген белгісіз дерт түн қараңғылығымен бірге сейілетіндей асыға таңды күтті.

ЖАРЫҚ

- Жарығым?

- Иә?

- Ештеңе.

Жігіт үндемеді. Әлден уақытта:

- Жаман қыз, - деген.

- М?

- Кетеміз бе алысқа?

- Алысқа-алысқа ма?

- Иә! Жыраққа.

Қыз басын изеді. Мақұлдағаны.

... Іңкәрлік сезім-бесікті әлдилеуде. Құштарлық пен құмарлық қараңғыдан сығалап, шекарадан аттай алмай, қызғаныштың қызыл отына күйе-күйе сөніп барады. Сүйіспеншілік төбелерінен үңіліп, тәубе етуде. Ал екеуі әлі де билеп жүр...

ҚАРАҢҒЫ

- Таңғы шықтай тұнық сезіміме мыстан махаббаттың уы түсіп кетсе қайтем?

- Есейме!

- Қалай?

- Пәлсапа құрма!

- Сіз неге тым қаттысыз?

- Сен неге тым жұмсақсың?

- Мұз!

- Үлпілдек!

Қыз томсырайып үнсіз қалды.

- Жапырақ? Жауап болмады.

- Әй, соңғы жапырақ?

- М?

- Неге үндемей қалдың?

Қыз орнынан тұрып кетті.

ЖАРЫҚ

Қыз қасына отырған жігітті аңғарса да кітаптың қызығына батқан кейіп танытты. Қолынан кітапты алғанда да, дәл осылай болуы керек тәрізді еш қарсылық көрсетпеді.

Экзюпери. "Түсінікті" деді жігіт. Ойын дауыстап жатпады. Кітапты асықпай парақтап, әлдебір сөздің астын сызып, қызға ұсынды.

"Ты навсегда в ответе за всех, кого приручил".

Қыз:

"Когда даёшь себя приручить, потом случается и плакать".

Жігіт:

" Слова только мешают понимать друг друга".

Құшақтай алды. Шашынан иіскеп, жанарымен еркелетті. Жүзіне көктем күніндей көңілділік орнаған қыз құшағынан босап:

- Ащысыз, - деді.

- Тәттісің, - деді жігіт.

...Балғындық пен балалық тамсанып, ұзай алмай қалықтап жүр. Өмір асқан ыждаһаттылықпен екеуін бақылауда. Таңғажайып әлемнің ханшасы мен ханзадасы іспеттес бұл екеуі шексіз бақытқа бөленген. Қыз жымыды. Еркелегені. Жігіт күрсінді. Себеп көп еді.

ҚАРАҢҒЫ

Өз әдетінен жаңылған сағат тілі тым жылдам соғуда екен. Тәні ұйқысырағанымен, санасы оянуды талап етті. Жарықты қосып, күнделігін алды қолына.

... Білесіз бе, қатты қиналып ояндым. Белгісіз күш оянуымды қажетсінгендей төсегімнен жұлып алды. Қараңғылықпен айқасып жатқан Ақ әлемді көріп жанымды тыныштық биледі. Сіз алаңсыз ұйқыдасыз ғой. Әйтпесе, жапалақтап жауып тұрған қарды көрер едіңіз! Міне, Сіз жадыма оралып едіңіз, жан-дүниеме жылулық орнап, барлық жамандық атаулыны ұмыттым. Жаныма батқан дертті де. Рас, Сіздің сезім жайлы тұжырымдарыңызды білмеймін, бірақ "Мендік Сезім" бүгінгі ақ ұлпа қар қандай болса, дәп сондай таза, аппақ! Кейде таңғалам, қалай ешбір қызғанышсыз, кіршіксіз, риясыз сүйіспеншілікпен Адамды жақсы көруге болады деп?! Менің кеудемде соққан жұдырықтай жүрек дүрсілін тоқтатқанша, сол жүректе тұрақтаған Жылулық екеумізді де тондырмайды! Мен мына жарық дүниені шексіз сүйем, шексіз сүйем Жарығым!

... Қалам еденге сырғып түсті. Арсыз ұйқы жетегіне ерткен еді.

ЖАРЫҚ

Қар Ханшасы үлпілдек мақтаны аялай алақанына салып, үп еткізіп үрлеп отыр. Аяулы тазалықты Қара жер тойымсыздана жұтып жіберуде. Ақ ұлпа Пенделердің табанына тапталып жатыр. Қара жермен сағыныса қауышқан Қар Ханшасының аяулылары мауықтарын да баса алмай лезде еріп кетуде. Жігіт жапырақтардың сыбдыры жиілегенін аңғарды. Қоңыр мезгіл қоштасып жатты. Жаман қызды қызғаншақ күз ұрламаса екен деп тіледі. "Үзіле көрме, Соңғы жапырақ"!

...Әуен. Тербетіліп жүрген қыз кенеттен тоқтай қалып, жігітті қатты құшақтай алды. Әуен әлсіз естілді. Тіптен әлсіз. Еркелегендегі әдетімен қою кірпіктерін бірнеше рет қақты. Аяғының ұшынан тұрып жігіттің ерніне ернін тақады. Қас-қағым сәт. Қыз талмаусырап барады. "Үзіле көрмеші, Соңғы Жапырақ"! Жігіттің таңдайына шиенің дәмі келді. Тәтті әрі қышқылтым.

...Түн патшалығы ғайып болды. Шұғыла шуағы көңілсіз рай танытып, бұлттардың арасына жасырына түсті. Сонау аспандағы Ақ Ханша еріксіз күрсініп қоя берді. Соңғы Жапырақ үзілген екен. Мезгілі жеткен Қоңыр күз мұңайды. Жапырақ-перзенттері тапталып жатыр. Күз-Ана қауқарсыз, билік үлпілдектердің қолына көшкен еді. Тек Соңғы жапырақ бұл заңдылыққа мойынұсынбай қалықтаған күйі көкке көтеріліп кетті.

ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР БОЙЫНША

II ОРЫН ИЕГЕРІ

Әлхан Света Төлендіқызы
ХҚТУ Ахмет Яссауи Университеті

Ескі Асхана
(Хикаят)

Тағдыр дегенің қызық қой. Ұшақта кезіктіріп, вокзалда жолықтырып, тіпті троллейбуста төбелестіріп адамдарды бір-біріне қауыштырып жатады. Кездейсоқ басталған достықтың ақыры бауырмалдылыққа, біртамырлылыққа апарды деседі білетіндер. Мүмкін, солайда шығар. Бірақ, оқушы қауым, біздің шерткелі отырған хикаямыз басқалай бастау алады.

Қыз-қыз қайнаған Қыркүйектің уақыты болатын. Қаланың шетінен жаңадан бой көтерген университетке Балқан мен Байкалдың арасындағы Алтай мен Атыраудан талапкер біткен ағылып келіп жатты. Марат пен Сәкен де осы оқу жылында танысқан болатын. Кейіннен бір факультетте тәлім алатындары да белгілі болды...

II

Қазақта “Жаман жолдас жолда қалдырар” деген сөз бартын. Алайда, Марат пен Сәкен араларына қылдырықтайда сызат түсірмеді. Мүмкіндігінше достықтарын берік қылуға тырысып, бірге сейіл құруға уағдаласты. Алыстан келген досын құрметтеген Сәкен кездесетін орынын өзі белгіледі.

Кешқұрым. Сағат жетілер шамасы. Жалғыз аяқты жолмен біреу қаралаңдап келе жатыр. Бұл Марат еді. Айнала өлі тыныштық. Тіпті ызындауық шегірткеде ауызын буып қойғандай. Ол айналасына жалтаңдай береді. Көздері ескі асханадан өзгені көрер емес. Қаланың құлақ тұндырар шуылы жұтылып кеткен. Тыпырши берді. Біресе сағатына қарап, өзінше ішкі ойымен арпалысуға тырысты. “Сәкен, - дейді міңгірлеп. Ол бақуатты адам. Ал шақырған жері жетінші ғасырда қарақытайлардың соққысынан қирап қалған ескі шаһарға ұсайды. Өз ойына өзі күлімсіреді. Сонсоң ақталмақ боп, бәлкім, мекенжайдан шатасқан шығармын. Аңғал басым” деп шекесін алақанымен тарс еткізіп ұрды. Соққысы қатты болды ма, көзінен ыстық жас ырш ете түсті. Төңірегіне жалтаң қарап, жеңімен жасын сүрте бастады. Арт жағынан естілген аяқ сықырынан секем алып жалт қарады. Сәкен екен.

- Қашан келіп алғансың? Ішке неге кірмегенсің? - деп сұрақты үдете түсті.
- Сүт пісірімдей уақ болды. Сен келгенше бой сергітейін деген тұрысым ғой. Қане, “баста ендеше патша ағзам” деп мысқылдай күлді.
- Ие, сен күлесің, менің қарыным аш. Ер соңымнан, сардарым! - деп Сәкен де қарсы соққы берді. Мараттың маңдайы еріксіз терлеп кетті.

Бағанадан бері кірер ауызын таппай дал болған қу басы қамыстан тоқыла пішілген есікті көріп есінен ауысты. Дәліз бойын жағалай отырып межелеген орынына да кеп жетті. Мараттың ішкі ойы тағы да сандырақтай бастады: “жұпыны жиһаздар, ескі шам. Келушілердің де қарасы көрінбегеніне біраз болған сияқты. Өткір ауа мұрынымды қарып барады. Сау басыма сақина тілеп алмасам болар еді”. Қабырғасымен айқасып келе жатқан ол Сәкен жайғасқан шеткеріреу тұрған үстелдің жанына отырды.

- Аманбысың, балам. Бұл жолы да сол ас па? - деп сұраған егде жастағы, қартаң әйелдің бейнесі көрінді.

- Әрине, бұл жолы екі кесе беріңізші,-деп Сәкеннің жүзі бал-бұл жайнап кетті. Онысын түсінбеген Марат:

- Жиі келіп тұрасың-ау шамасы, ә? Сенен басқа келушілер бар ма өзі?-деп таңырқап сауал тастады. Жоқ, бағанадан бері көкейінде жүрген сұрақты қойды. Қанша тырысқанымен өнімді жауап өндіре алмас, қарсы қарап отырған жолдасына үдірейе қарады. Бір мезеттік эмоциясын, даяшы бұзып жіберді.

- Балам, асыңды ала ғой. Қуат берсін! - деп кейін шегіне берді. Марат бұл жолы шыдай алмады:

- Құдай-ау, тауық сорпасы үшін шыттай киініп, аяқ баспаған аймаққа келгеніміз қызық болды. Әлде, қыстың қамын жаз ойлап, тұмаудын алдын алмаққа жасаған іс-шараларыңның бірі ме? - деп қарқылдай күлді.

- Жоқ, бұл сорпа менің бақытты шағымды алдыма әкеледі.

- Әй, қайдағы бақыт? Сен қызық екенсің, алдымен менің сенімді досым сен ғанасың дейсің де, әкелген жеріңнің сыйқы мынау. Әңгіме сорпа туралы болса “бақыт” дейсің, оның қатысы қандай? Бұның жанында химиялық формулланы шешкен оңай сияқты. Жә-жарайды асымыз сіңімді болсын. Осы тас үйден шығайықшы, мен сені мейрамханаға апармасам..

Сәкен үндеместен сорпаны құштарлықпен іше берді.

- Апа, укроп салмапсыз ғой?

- Қап, балам, сенің келетініңді білмедім. Бізде сорпа көп өтпейтіндіктен алған укроптарымыз ысырап болып, тасталып жатыр. Келетініңді ескерткеніңде алып қояр ем, - деп аспазшы ақтала бастады.

- Әй, Сакен-ай, біздің жайлауда көп шөп дегенің белден келеді. Жазда жаныма еріп барсаң, менің ешкілеріммен жарысып жүріп жейсің, - деп сөзбен қағытты.

Сәкен орынынан оқтай атылып тұрып кетті. Байқағаны көзіндегі жас булығып барады екен. Марат сіресіп қалды. Ләм-мим деуге де шамасы келмеді.

Жанына асхана иесі бағанағы даяшы һәм аспазшы әйел кеп жайғасты.

- Сәкеннің бізге келіп жүргеніне бір жылдың жүзі болды. Ол анасы қайтыс болған уақыттан бері осында жиі болады... Айтуынша, мен оның анасына ұқсайды екенмін. Ал тауық сорпасы анасының сүйікті асы. Әлгі көк шөпсіз шешесіне сорпа батпайтын көрінеді. Бұл жерге келген сайын анасын есіне алып, сағынышын басып кетеді. Кейде мені “Анашым” деп байқамай атап жібергенде жүрегім қарс айырылады. Сен білмеген сияқтысың ғой, ол бүгін саған ешкімге айтпаған сырын ақтаруға дайындалып келген еді, сен оны дұрыс түсінбедің. Иә, ол бақуатты байдың баласы. Бірақ ешқашан қымбат жерден ас ішкен емес. Біз жабылмақшы болғанда асхананы алып қалған да - сол! Анасына деген махаббаты мен сағынышы осы ескі Асхананы сақтап тұр.

Соңғы сөздер Мараттың есіне кіріп те шықпады. Тек сыртқы есікке қарай ентелей берді...

III

Қазір ескіше көкек айы. “Сәуір болмай тәуір болмас” деген халық даналығы бекер емес сияқты. Табиғат жасыл көрпесін асыра жабынып, күннің жылы шырайынан тоят алып жатқандай. Өткен аптадағы жауынның иісі әлі тарай қоймаған. Қазір Орталық бақтың да дүрмегі жүріп тұр. Анау шығыс жақ беттен аяғын баппен басып, жұқалтың киіммен келе жатқан адамның түрі әлсін-әлсін көрінеді. Өне, оң жақ бүйірінен біреу қолын көтерді. Оның басында күннен қалқалағыш шәпкісі бар демесеңіз, оның киімі де жұқалтаң. Көптен бері көрмеген жандардай құшақтарын айкастыра, төс қағыстырып амандасып жатыр. Айналадағы, адамдардың оларда назары болмағанымен, оқушым, оны сіз бен біз бақылауға тиістіміз. Әлгі “Ескі Асхана” уақиғасынан кейін араларына мызғымас бауырмалдылық орнады. Сәкен баяғыдай томаға тұйық емес. Жүзінде қуаныш бар. Ал, Марат ше? Сол жағдаяттан кейін өз сөзін есептен өткізіп сөйлеуге дағдыланды. Әр айтарында салмақ бар. Қазір екеуі қайда барады дейсіз?! Иә, сол ескі асханаға қарай жол тартпақ.

Біз өмірде мәңгілік дүниенің орын алуы үшін неліктен қателесуге құмармыз? Өлде, бұралаң тағдырмен келген істер көп жасай ма?

ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР БОЙЫНША III ОРЫН ИЕГЕРІ

Елдос ТОҚТАРБАЙ

Л. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті

СЕРТ

(әңгіме)

Уәде – Құдай сөзі
Халық мәтелі

Мектеп жылдары. Мен ол кезде өте мансапқұмар, мақтансүйгішпін. Сыныптың старостасы, мектептің «Жер-Ана» жас экологтар үйірмесінің жетекшісі секілді жоғары лауазымды мансаптар атқарамын. Яғни, қатардағы оқушыдан бір саты биік тұратынымды сеземін. Және осы биігімнен құламау үшін, керісінше, қайтадан жоғары, тәу биікке өрлей түсу үшін үздік оқуға тырысамын. Оның бәрі – өршіл мінезіме тән құбылыс. Сынып

түгілі, күллі мектеп оқушылары мені «профессор» дейтін. «Мұның білмейтіні жоқ», «Энциклопедия», «Білмейтіні жер астында» деген сықылды сөздерге құлақ етім үйреніп қалған.

Сондай күндердің бірінде сынып жетекшіміз Қаламқас Нұрболатқызы: «Сендер енді 7-ші сыныпты да тәмамдайсыңдар. Үш ай демалыстан соң, 8-ші сынып боласыңдар. Енді сендер туған ауылымыз – Аршалының тарихын білулерің керек. Ол үшін үш ай демалыста текке жатпай, ауыл туралы, бұрынғы колхоз туралы мәліметтер жинаңдар!» – деді. Бәріміз ұстаз тапсырмасына келіскендей, басымызды иіп, ишара таныттық. Айбар деген сыныптасым бар, менімен бәсекелес, әлде қарсылас па, ол жағы маған түсініксіз... Сол сынып алдында өзіне ұпай жинамақшы болып:

– Апай, біздің сыныптың старостасы – Сырымның білмейтіні жоқ қой. Ол – біздің сыныптың «профессоры!» Сырым, өзіңнің көшең жайлы айтшы? – деп, маған қарап бір көзін қысты. Барлық сынып оқушыларының назары маған қарай бұрылған. Өзімнің биігімнен құламай, сынып алдында еңсемді түсірмеу үшін өз көшемнің тарихын ақтардым:

– Біздің көше – Аршалы ауылындағы орталық көшенің бірі. Көшенің аты – Қазақтың тұңғыш космонавты Тоқтар Әубәкіровтің құрметіне берілген, – дедім. Сыныптастарым менің табан астында жауап бергеніме қуанып, ду қол шапалақтады. Сол қошемет-құрметке марқайып тұрғанымда, Қаламқас апай:

– Сырымжан, сен қателестің. Ол көше – Тоқтар Әубәкіровтің емес, Жұмаділ Әубәкіровтің атына берілген, – дегені сол еді, мен де сынып алдында еңсемді түсіргім келмей:

– Апай, Жұмаділ деген кім? Жұмаділ дегенді бұрындары естіген емеспін. Бәлкім, Тоқтар Әубәкіров шығар, – деп қоймадым. Менің жеңілгенімді пайдаланып, Айбар ілешала:

– Сырым-ау, сенген қойым сен болсаң!.. – деп мені тағы сөзбен түйреп өтті. Сыныптағылар тегіс қарқылдап берсін. Сол күлкі – мені жер қылды. Бетім қызарып, айыпты болған баладай басым салбырап, жүрегім тулап тұр. Сонда апайым:

– Жұмаділ Әубәкіров – біздің даңқты жерлесіміз. Ол – кешегі 1941-1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан әскери капитан, – деп біздің өз ауылымыз туралы әлі ештеңе білмейтінімізге қатты налыды. – Естеріңде болсын, туған ауылының тарихын білмеген бала, болашақта оның көркейіп, дамуына үлес қоса алмайды! – дегені сол еді, қоңырау шар ете қалды. Осы қоңырау мені тығырықтан шығарған «құтқарушы періштем» секілді болды. Алайда мұғалімнің соңғы сөзі қатты әсер етті.

Анам мен әжем үнемі: «Сырым бізді ешқашан ұятқа қалдырмайды! Ол – ертең керемет мамандық иесі» болады дейтін. Менен үміт күтіп отырған екі адамның бірдей сенімін ақтай алмай сынып алдында оларды ұятқа қалдырдым. Айбар секілді сыншыл сыныптастарым үйлеріне барғанда бүгінгі жағдайды ата-аналарына айтса... масқара, арты не болмақ! Не болса да, қайырлы болса екен...

Ауыл – шағын. Енді мені бүкіл мектеп мазақ қылатын болды. Анам мен әжем үшін, сынып жетекшім үшін – туған ауыл тарихын бес саусақтай тарқататын, тамыры терең Отан тарихын жетік білетін азамат боламын деп, өзіме серт бердім. Осы жолы оңбай күйредім, бірақ алдағы күндері қайтсем де бәрін қалпына келтіремін. Нағыз жігіт өз сертіне қиянат жасамайды. Енді мен сынып алдында, ауыл алдында өзімнің ауыл тарихын білетінімді дәлелдеуге тиіспін. Өйтпесем... апайымыз айтқандай, азаматтығым қайсы?!.

Қыркүйектің белортасы еді. Желтоқсан дегеніңіз иек астында тұр. Уақыт шіркін сынаптай сырғиды. Әжем мен Нұрғайша тәтемді ертіп алып, ауылдық кітапханаға бардық. Кітапханашы Қадиша апай бізді әдеттегідей құшақ жая қарсы алды. Әжем мен көрші тәтем мән-жайды тегіс айтқан соң, кітапханашы:

– Сырым ала жаздай кітапханада жүрді. Әр кітапты байыбына барып, мұқият қарап, оқитын. Қазір мен өлке тарихына қатысты кітаптарды алып келейін, – деп кітап сөрелерінен бізге керекті кітаптарды тауып берді. Кітаптарды үйге жаздырып алып, анам Гүлжанар екеуміз бірге оқыдық.

Кешқұрым шай үстінде әжем бұрын-соңды естімеген қызық әңгіме қозғасын.

– Мына Нұрғайша тәтеңмен отыз жылдан астам көршімін. Бұл – Жұмаділ батырдың немере келіні. Мына іргедегі Қызылжар деген ауыл бұрын 11-ші бөлімше деп аталатын. Осы бөлімшеде Әубәкір деген ақсақал болған. Оның төрт баласы бар еді. Төрт баласының екеуі соғысқа кетіп, Отан қорғау жолында шейіт болды. Сол екі ұлдың бірі – Жұмаділ. Оның артында жалғыз қызы қалды. Осы ауылда тұрып, курортта дәрігер болған. Қазір Алматының маңында тұрады. Өте тағдыры қиын әйел. Бізбенен замандас, – деді де, көзіне жас алды. – Аты – Рена. Өзінің әкесін көрмеген. Әкесі соғысқа кеткенде ол іште қалған. Тағдыр оны маңдайынан сипай қойған жоқ. Ол да сен сияқты нағашыларының қолында өсті. Жұмаділді ауыл тұрмақ, Ренаның өзі де біле бермейді. Асыл ер ұмыт қалды-ау, ұмыт қалды, – деп Жұмаділ батырдың жалғызы туралы айтып, көңілімді аулады. Түнімен дөңбекшіп, төсегімде жата алмадым. Батыр жауынгердің қызы - Ренаны көзбен көріп, тілдескім, әкесін тірілтікім келді.

Таң атысымен әжем екеуміз көршінің үйіне бардық. Мұражай - кемпірдің үйіне кіріп, атасының суретін көрдім. Сұлу, ренді, айбатты кісі болған екен. Батырдың суретін қолыма ұстап тұрып:

– Нұрғайша тәте, атаңыз жайлы айтыңызшы? Рена апамен танысқым келеді, – дегеніме көршім сүйсініп, көз жасын бір сығып алып:

– Жұмаділ атам, №100 атқыштар бригадасында әскери комиссар болған. Мәншүк Мәметова, Әзілхан Нұршайықовтарға әскери шеберлік курсы өткізген. Жоғары дәрежелі «Қызыл Ту», «Қызыл Жұлдыз» ордендерінің кавалері. Отыз екі жасында жер жастанған арыс қой! – деп бізге шай құюға кірісіп, әңгіме ауанын басқа арнаға бұрды. Бәлкім, шерменде жүрегі ауырған болар. Мен де қазбалап сұрамадым.

Үйге келген соң, көршім жинастырған құжаттарды ақтарып, қарай бастадым. Жұмаділ – өте сауатты болған екен. Ол Ташкентте, Ашхабадта білім алыпты. Орыс, латын тілдерін жетік меңгерген. Жазған хаттары, құжаттары бәрі орысша, латынша жазылыпты. Соғысқа дейін Алматыдағы өрт сөндіру басқармасында басшылық қызметте болыпты. Оқып алып, таңқалдым. Ол кезде ілуде біреу болмаса, қазақтың қара домалақ баласының билік басына келуі екіталай еді. Әмбе тарихтан білуімше, ол кезде қазақтың оқығандарын нақақтан-нақақ Итжеккенге айдап, түрмеге тоғытқан емес пе?!

Менің ғылыми ізденіс жолым осылай басталды...

Өкініш

Сабақ бітіп, демалысқа шыққаннан кейін үйге Нұрғайша тәте келіп, әжеме:

– Зейнеш, мен жақын күндері Алматыға кетпекшімін. Рена екеуміз Әзілхан Нұршайықовпен кездесуді жоспарлап отырмыз. Сен менің қасыма Сырымды қосып бер, әйгілі батыр-жазушыны көріп, кездесіп, батасын алып қайтсын, – деді.

– Жолына ақша тауып беремін, барсын, көрсін, – деді әжем. Бірақ, өзімнің сол кездері көңіл-күйім болмады. Әмбе ғылыми жұмысты жалғастыруға ниетім де жоқ еді. Желтоқсандағы қиянат жүрегіме кірбің түсіргені соншалық өзімнің сүйген ісімнен жеріп кеттім. Ойлаңызшы, өзіңнің аңсарың ауып келген, жүрегің қалаған сүйікті ісіңнен, өмірлік арман-мақсатыңнан бас тарту деген оңай ма?! Оңай соқпады. Үміт күтіп отырған үш әйелге:

– Мен бара алмаймын! Демалғым келеді. Әзілхан атамен кейін бір кездесермін, – дедім де, қитығып өз бөлмеме кіріп кеттім. Жыладым. Бұл жас – қиянат жасаған адамдардың кесірінен аққан жас еді.

Әттең, сол кезде баруым керек-ақ еді... Қайран, Әз-атам да дүниеден өтіп кетті. Әзілхан ата бұл дүниеден өткен күні – өзімнің қырсық-қыңыр мінезіме қапаланып, ішім қан жылады. Ең үлкен өкінішім – Әзілхан Нұршайықпен кездесе алмауым.

Нұрғайша тәте махаббат жыршысы атанған жазушының өз қолтаңбасы қойылған кітабын естелікке сыйлады. Жеке кітапханамдағы ең құнды дүнием – Әзағаның қолтаңбасы бар «Боздақтар» деген кітабы. Бұл кітаптың он сегізінші бетінде менің ауылдасым капитан Жұмаділ Әубәкіровтің көзсіз ерлігі туралы жазылған.

«Сырымжан, талабың оңғарылсын!

Егер әскери шенді капитан, батальон командирі Жұмаділ Әубәкіров Ұлы Отан соғысы майданына 8 рет кіріп, ерлікпен қаза таппаса, бүгін Маршал болмаса да, Талғат Бигелдинов сияқты генерал болатын еді. Іске сәт!

Ізгі ниетпен, жер басып жүрген ең соңғы майдангерлердің бірі – жауынгер атаң

Әзілхан Нұршайықов,
Қазақстанның Халық жазушысы.
23.07.2008 жыл, Алматы»

Бұл қолтаңба – тарих, әдебиет саласына келуге іңкәрлік танытып, аңсары ауып жүрген жас талап иесіне берілген жүргізуші куәлігі секілді қасиетті құжат.

Бұйырған тағдырдың дәмін татамыз. Қарсы соққан дауылға төтеп берер күш-қайратымыз бар. – Батаңды бер, – деген жас жігіттің отты сөзіне қария шын қуанып, көзінен қайғының емес, қуаныштың лағыл жасы ақты. Ыстық жас жігіттің алақанына тамып жатты. Әке-бала боп, бірін-бірі риясыз түсініп, ұзақ уақыт құшағына қысып тұрды.

– Жарқыным, мұхит тағдырдан өтер қайығыңның ескегі берік болсын! Бердім ақ батамды. Ғұмырлы бол, тұғырлы бол, – деп маңдайынан сүйіп, жігітті ұлы жолға шығарып салды.

Иә, серт!

ПОЭЗИЯ БОЙЫНША ЖҮЛДЕЛІ I ОРЫН ИЕГЕРІ

Ділда Уәлибекова
Л. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті

Мәңгілік ел – мұратым (немесе Күн ұлы)

«Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен-Күн ұлы көзімде күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туған, Ғұннан туған, Пайғамбар!»

Мағжан Жұмабаев

Менің бабам – Күннің ұлы, көзінде күн нұры бар,
Тәжі – намыс сырғымайтын, тағы менен тұғыры – ар!
Менің бабам- Ғұнның ұлы, ұлы дала баласы,
Көмейімде көк түріктің ерлік дастан, жыры бар.
Күн жаралды, сәлден кейін бабам туды сол Күннен,
Содан бері тарихымның даңқты күйі шертілген.
Содан бері ұлы дала – алтын бесік, мекенім,

Бөктеріне сан ғасырғы қан мен маңдай тер сіңген.
Керей менен Жәнібектей қос оғыланың, әз ұлың,
Елдігіңнің ордасының қағып берді қазығын.
Еркіндігі болмаған деп көкіген кей кеуделер,
Ақиқатқа мойынсұнып, ете білсін тағызым.
Серпіп тастап бодандықтың тұмшаланған пердесін,
Ал, бүгінде жанарыма жалт қараттым Жер бетін.
Мәңгілік ел – бабалардан мұра болған мұратым,
Күн сөнгенше маңдайдағы жұлдызымыз сөнбесін.
Ертегідей ескі күнді парақтасақ естегі,
Сан соқпақты заман кештік аумалы да төкпелі.
...Шексіздіктен бастау алған керуені қазақтың,
Мәңгілікке, мәнді ғұмыр жаққа қарай беттеді.

Шабыт

Іңір нұры тереземе тамады,
Көңіл ішегін тербеп кештің самалы.
Ағыл-тегіл төгіле алмай параққа,
Көкірегімді өлең тырнап барады.
Күн матырып қызғылт нұрға бұрымды,
Көкжиекке одан әрі тығылды.
Төбіреніп жыр оқығым келіп тұр,
Үркерден де әрі асырып үнімді!
Гүлдердің де қанығырақ бояуы,
Көбелектер құшағын кең жаяды.
Көк төрінде жалғыз жұлдыз жымыңдап,
Әлсін маған қолын созып қояды.
Көкжиекте мақта бұлттар жалындап,
Батар күнді қия алмай тұр дамылдап,
Жел, жапырақ қосылып ап тұрғандай
Ерекше бір симфония орындап.
Күйге тұнып, әнге тұнып құлағы,
Тербеледі жердің майса құрағы.
Құмырсқа да бар тірлігін ысырып,
Шегірткемен бірге билеп жүр әні...
Толған айды үстелшам қып түнімен,
Жыр жазбақпын жүрегімнің үнімен.
Қылттияды күйбең тірлік сол сәтте,
Қиялымның есігінің түбінен,
Мазақтайды тілімен.

**ПОЭЗИЯ БОЙЫНША ЖҮЛДЕЛІ
II ОРЫН ИЕГЕРІ**

Махаббат Жарбосина

Қостанай мемлекеттік
педагогикалық институты

Тәуелсіздік тірегім

Толқын жырлар тулайды жүрегімде,
Тәтті ұғым туралы тілегім де,
Тарту еткен Тағаллам мейіріммен,
Тәуелсіздік тұғыры- нұр елінде.

Тарихымнан салмақты ой теремін,
Тереңдегі тамырдан бой көремін.
Тектіліктің тамаша символындай-
Тік тұрады төрімде Бәйтерегім.

Төре хандар қалаған бұл хандықты,
Тең көрмейді өзіне бодандықты.
Түрлі сындар тосыннан тартылсада,
Татулығы бұл елдің одан мықты.

Тегіс әлем бағалап, мойындаған,
Тағылымым мәні еш жойылмаған.
Тарландарым әлі де бағындырар,
Талай шың бар қолтаңбам қойылмаған.

Тебіренсем тарихым жайлы сұрап,
Теперішке түстім-ау қайғы құрап...
Тәубе деймін бүгінгі тағдырыма,
Тәуелсіздік- халқымның байлығы нақ.

Толағай- намыс жырын жарқын жырлап.
Тектілігін ту тұтқан халқым- қымбат,
Тым биіктен туымды желбіреткен,
Тірегі ғой елімнің алтын ұрпақ.

Тәтті күннің нәр алып тұнығынан,
Түрлене түссін қалам, Ұлы далам!
Талай тарлан боздақтар аңсап өткен,
Тәуелсіздік таймасын тұғырынан!

Күзгі хандра

Сұрғылт аспан көңілдің шынысындай,
Жадырамас бұл жүрек мұңы сынбай,
Түндерінде ызғарлы Қарашаның-
Дірілдеп бара жатыр тынысында ай.

Баққа қарай баспадым ақыры адым.
Кеудеде күзбен үндес жатыр әнім.
Жол бойында күттің бе әлдекімді?
Жаныма кеп жайғастың жапырағым...

Сырынды айт, ағыңнан жарыл енді,
Күз сенің алып кетті тағы неңді?
Жанымның жылуымен жылытайын,
Сарғайып кетіпсің ғой, сабыр енді...

Кешкендеймін сәулесіз сауық-күйді,
«Күз ағам» тағы сары сауыт киді.
Іздеген тәтті әуенім бұл емес қой,
Құстар неге нотадан ауытқиды?

Сырғанақ мұң, көңілден тайып кетші,
Күз, өзімді кінәла, айыпты етші.
Бәйшешектің нәзіктеу сұлбасын сап,
Жаңбырменен жүректі шайып кетші.

ПОЭЗИЯ БОЙЫНША ЖҮЛДЕЛІ ІІІ ОРЫН ИЕГЕРІ

Данагүл Мәденқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
ЖОО дейінгі білім беру факультеті

Шыт

Шыт еді қыз баланың бір мүлігі,
Кестесінен көрінер мың бір үлгі.
Шыттарымен әдемі көрінетін,
Оранғанда ақ шытқа түн бұрымы.

Арудың биік тұрған айдан да ары,
Бұлақтың тұнығындай қайнар жаны.
Ақ шытына түйіп ап ақ сәлемін,
Жіберген сүйгеніне майдандағы.

Хатшы-құсқа шыт байлап ұшыратын
Шыт мен үшін қадірлі, құты басым.
Мен оқудан келгенде анам маған,
Сарқыт түйген сәнді шыт ұсынатын.

Шытым менің асылға байлайтұғын,
Қыз едік қой қыр гүлін жинайтұғын.
Шыты бардың - құты бар деп,
Ақ жеңешем зерлі шыт сыйлайтұғын.

Шыттың сыры бөлекшеаруға шын,
Болғандықтан барымнан арым басым.
Шыт кепкенше өкпелер қарындасың,

Шыты бар құрбыларға жаным жақын.

Ерен қабырғаға

Еренімсің қабырғалы кара тау,
Сағынышым бір басылмай барады-ау!
Алыстасам бір сәт сенің қойныңнан
Сағыныштың жасын сүртіп қалам-ау!
Тауларыңның арасынан аң қашқан,
Төскейінді сағындым ғой мал басқан
Қайта айналып барсам егер қойныңа,
Жырлар едім, жырлар едім талмастан.
Қойныңда бар таусылмайтын кендерің,
Ағып жатыр күмістейін өзенің
Ерлерің баралып тұлға нар туған
Қару алып, қорғап өткен өз елін.
Сайларыңда қаулап өскен бүлдірген,
Сағындым ғой құрбыларды бір жүрген.
Арман қуып алыстадым өзіңнен
Барайыншы, көрейінші көзіммен!
Жырақтадым арман қуып тауымнан,
Қиын екеналыстауың бауырдан.
Ұмыттың ба, ұмыттың ба сен мені,
Бірақ сені артық көрем жанымнан.

«ЖАС ҚАЛАМҒЕР»

НОМИНАЦИЯСЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ

Гулсара Әділова

Аймақтық әлеуметтік
инновациялық университеті

Білімге деген құмарлық аяққа тұрғызды

Азамат бүгін ерте оянып алып, терезеге қарады. Дала аппақ, қар жауып тұр екен. Қардың жаууы – физиканың диффузиясын елестетеді. Ретсіз, тоқтаусыз қозғалыс жасап жатқан ақ түйіршіктер. Неткен тазалық, неткен сұлулық. Кеше ғана тымырайып, қабағын түйіп тұрған аспан бүгінде лезде өзгеріп сала берген. Құдды өзімен егіз секілді. Иә, расымен-ақ аумайды... Дүниеге келе салысымен жүру дегеннің не екенін білмейтін, өз қол-аяғы өзіне бағынбайтын, ес білісімен дәрігермен туыс, таныс, бауырдай болып алған Азамат бүгінде өткеніне көз жіберіп отыр.

Аяғына тік тұруды арман ететін бала бүгін терезеден жүгіріп ойнап жүрген өз қатарластарына қызығып, өмірден үлкен үміт күтеді. Кішкентай бала ғой, бар арманы – осы балалармен ойнасам екен деген ой. Өз қол-аяғы өзіне бағынбау деген қасіретті Азаматтан өзге ешкім түсінбес. Ал екі аяғы бола тұра жүре алмау - бала түгілі үлкен кісі көтере бермейтін үлкен азап. Азамат та өз қатарлары секілді ойнағысы келеді, сабаққа барып, жана достар тауып, қоршаған ортамен қарым- қатынасқа түскісі келеді. Мектеп формасын киіп, мұғалімнің өнегелі әңгімелерін тыңдағысы келеді. Бірақ амал нешік, бұл ол үшін арман ғана. Мейлі, аяғы ғана жүруге жарамсыз болса, арбамен –ақ сабаққа барар еді-ау, бірақ құрғырдың қолы да қаламсап ұстауға қауқарсыз. Үйде отырып анасының әрбір күйбеңіне «әттең, менің де бір көмегім тисе ғой» деген оймен күндерін өткізіп жатқан жас бала өмірдің тәттісінен гөрі ащысын көбірек тартқан. Анасы да күйбең тіршіліктен әбден шаршайды, бірақ ананың аты- ана. Азаматтың анасы есінен айырылған

Жоламанын далаға тастамай, үмітін үзбей іздеп келген Найман-Ананы бірден еске түсіреді. Кейбір көкек аналарымыз балалар үйіне себепсізден –себепсіз балаларын тастап кетіп жатқанда, тумысынан еңбекке жарамсыз ұлын қызғыштай қорыған нағыз қазақ анасы. Қиналып, тұтығып сөйлейтін баласының әрбір сөзін асықпай тыңдап, ешқандай сөзін жерге тастамайтын сорлы ана үшін баласының жазылып кетуін тілеуден басқа амалы жоқ. Дәрігер көмегіне жүгінейін десе, қолы қысқа. Күнделікті өміріне жететін азығын тауып әкелгеніне де шүкіршілік етеді кейде. Таңертең де, кешке де бір тыным таппайды. Баласын дәретке отырғызады, кір жуады, тамақ дайындайды, баласын қолымен тамақтандырады, мосы құрып, түтіндете үрлеп от жағады. Азаматтың арманын тыңдайды және өзі сенбесе де, жасырып көзін сүртіп алып, армандарының орындалатынына баласын сендіреді. Осының бәріне уақыт тауып, әйтеуір, тыпырлайды да жүреді. Бірақ баласының алдында қабақ шытып көрген емес, шаршағанын білдіртпей, үнемі сергек жүреді. Осыншама қиыншылықты көрсе де, жалғызбасты ананың өмірден шаршаған кезі болған емес, керісінше, өзі «адам баласының ең басты құндылығы – өмір» - деп іштей қайталап, осы өмірде аман-есен жүргеніне алғыс айтып, баласының жазылып кетуіне тілек тілеп, оның бір қажетіне жарап жатқанына, қиын сәтінде қасында болғанына қуанады. Бұл кетсе, баланың күйі не болмақ? Тіпті ойлауға да қорқынышты.

Азаматтың 6-сыныпты бітіретін шағы. Балалардың сабақты тәмамдап, жазғы демалысқа шығатын, көптен күткен сәті келіп, «соңғы қоңырау» шырылдап жатыр. Ал Азамат болса, үйдің төрт қабырғасына телміріп, күңгірт тартқан шаңырақта тек армандаумен отыр. Бар ойы мектепке барып, сондағы балаларды, сән салтанатты өз көзімен көру. Анасына айтайын десе, өзі шаршап жүр ғой деп те ойлайды. Дәл осы уақытта күнде бір сағатқа келіп, сабақ үйретіп жүрген ұстазы келе қалды. Күнде асыға күтетін Азаматтың мұғалімі үй ішімен амандасып, жақсы көңіл-күймен бүгінгі сабақтың тақырыбын айта бастады. Білім алуға ерекше құмартатын Азамат бүгін ондай құлшыныс танытпады бірақ. Мұғалім алдындағы оқушысының сабаққа осыншама селсоқ қарап отырғанын байқап, не жағдай екенін сұрамасына болмады. Жалпы, біздің Азамат өте сезімтал, алғыр, алған бетінен қайтпайтын, ақылды бала болатын. Сабақ беруге келгеніне бір жыл толар- толмас болса да, алдындағы Азаматын танып үлгерген Әсем апай күле қарап, не мазалап отырғанын сұрады. Өмірді көрген сайын ой-өрісі дамып, үлкендерше ойлай бастаған ол мектеп қабырғасына баруды қиялдап отырғанын мұғалімге айтар-айтпасын білмей, қызара-бөртіп біраз тосылып қалды. Дегенмен, Әсем апай түсінігі мол кісі ғой деп, тұтығып, сөздерін қинала бөліп-бөліп айтып, терге малшынып өз ойын жеткізді. Мұғалімнен қарсы жауап күтіп еді, бірақ қуанышқа орай олай болмады.

- Ол не дегенің, балам-ау! Әрине, қалауың сол болса, апарып келейін, бірақ анаңның рұқсатымен ғана.

Байғұс ана тек баласының тілеуін тілеуші ғана ғой, қалайша қарсы болсын, мұғалімі апарамын деп тұрғанда, қуана-қуана келісімін берді. Баланы сыртқа шығуға дайындап зыр жүгіріп жүріп, мұғалімге алғысын жаудырып та үлгеріп жатыр.

Көптен күткен сәт те келді. Үйден оқытылатын Азамат пен ұстаз мектепте. Еркінен тыс қимыл-қозғалысы болмаса, Азамат арбада тып-тыныш қана айналасына үлкен бір сүйіспеншілікпен, қызығушылықпен көз тастап келе жатыр. Жан-жағындағы гүл, шар ұстаған балалар, жайдары ұстаздар – бәрі-бәрі бейтаныс әлем секілді. Білімге құмарлық деген осы шығар, мектепті аса жақсы көріп құрметтейді. Балалар секілді ойнап-күліп жүріп білім алғысы келеді. Бірақ бойын меңзеген дерт оған мұрша берер емес. Әйтпесе, адамға берілген Алланың үлкен сыйы – ақылы дүп-дұрыс.

- Қа-а-н-ддд-аа-йй, ккқан-даай та-маа-ша! Б-ұрррын бб-ұұры-нн не ккып келмей жү-жүргенбіз мұнд-да?

- Саған ұнаса, бұдан кейін жиі келіп тұрайық...

Ақкөңіл ұстаз бен білімге ғашық бала мектепті ұзақ аралады, үйге қайтар уақыт та таяп, мерекелік кеш те мәресіне жетті. Үлкен қуанышты сезіммен үйге қарай бет алған

Азаматтың алдынан көрші әрі өзімен қатар өскен Арман жолыға кетті. Ізеттілікпен Әсем апаймен, содан соң Азаматтың қал-жағдайын сұрап амандасып болған көрші бала жаңалықтарын айта бастады.

- Азамат, саған жақсы жаңалық айтқым келіп тұр. Облысымыздағы жаңадан салынған Н.Назарбаев атындағы зияткерлік мектебі алғыр, озат оқушыларды қабылдап жатқанын барлық телеарналар мен басылымдар жарыса хабарлап жатыр екен. Бағынды сынап көрсең қайтеді?

Азамат біресе қызарып, біресе сұрланып не күлерін, не жыларын біле алмай қалды. Баруға білімі жетер-ау, бірақ қалай болар екен? Ондай дәрежесі зор мектеп мұны қабылдасын ба? Баланың бар ойы осы болып, тұрып қалды. Арман болса анасы шақырып жатқандығын ескертіп, асығыс, жөнімен кете барды. Ойға шомған Азамат үйге қалай жетіп қалғандығын байқамай да қалды. Үйге келе салысымен анасына осы мүмкіндікті байқап көргісі келетіндігін, сол мектепке тест тапсырғысы келетіндігін жеткізді. Анасы болам деген баланың бетін қақпай, келісімін берді. Азамат болса қуаныштан жүрегі жарылардай болып, үш күн тұрмастан қабылдау емтиханына дайындалды. Әсем апай да бар жанын салып көмектесуде. Азамат құдды бір ғажайып сәулені көріп, соның ізінен қалмай еріп келе жатқан секілді сезініп жүр өзін. Осылайша, бірнеше аптаны артқа тастап, жанына батқан дертін де ұмытып, тест тапсырушылардың қатарында арбаға таңылған бала да келді. Ес білгелі мектеп көрмеген балаға бұл дегеніміз - үлкен мәртебе. Мәртебе болмай қайтсін, он екі мүшесі сау адамның қолы жетпей жүрген мектепке Азаматты үміт сәулесі жетелеп алып келді. Нәтижесі қалай болар екен? Тесте алғыр балаға өзіне бағынбайтын қолы кедергі келтірмесе, сұрақтар ешқандай қиындық тудырмады. Өйткені ол алғыр болатын. Логикалық ойлауы өте жақсы дамыған еді. Іріктеу аяқталып, талаптанушылар үйлеріне тарай бастады. Жауап келесі күні белгілі болады. Азаматта үлкен бір сенім бар, алайда анасы байыз табар емес. Ертеңгі күні баласының үміті аяққа тапталып, білімге деген құштарлығы мүлде сөніп, жағдайы нашарлап кетсе қайтпек?

Жоқ, олай болмады. Келесі күні анасы мен баласы мектепке шақырылды. Және өте қуанышты жүзбен мектеп басшысы өзі қарсы алып, орталықтан Азаматтың мектепке қабылданғаны туралы хат келгендігін хабарлады. Бұл тосын хабар анасының көзіне еріксіз жас әкелді:

- Бұлай болуы мүмкін бе?

- Әрине, мүмкін. Сіздің балаңызда ерекше қабілет бар. Арнайы дайындалған тест тапсырмаларымыз оңайлықпен орындалатын тапсырмалар емес еді. Ал Азамат болса, барлығын керемет орындап шыққан. Білім алуға құштарлық бар болса, денсаулығы кедергі емес деп ойлаймын. Осындай баланы тәрбиелегеніңізге алғызым шексіз!

Азаматтың анасы мұндай жауап күтпеген еді, ал Азамат қандай күйде? Анасы өз-өзіне өзі сене алмай қалды. Түс көріп тұрмын ба деп ойлады. Жоқ! Ешқандай түс емес. Азамат қуаныштан, осындай мектептің оқушысы атанғанына, әлгі кісінің анасына айтқан сөзіне, құрметіне шыдай алмай орнынан тұрып кетіпті. Не деген құдірет десеңші?! Бұл да бір Алланың сыйы болар. Дүниеге шыр етіп келгелі аяғына жан бітпеген Азаматты екі аяққа тұрғызған өмірге деген құлшыныс, талпыныс, білімге деген құштарлық еді. Өмірдің қатты тұсына қасқайып қарсы тұра білген, сынбаған, қайсарлық танытқан баланың оқуға деген ынтасын жоймаған мектеп ұжымының адамгершілігі болатын. Енді ол осы мектепке өз аяғымен келіп, өз аяғымен қайтқысы келеді. Байғұс бала анасына қарай санаулы ғана қадам жасап, құшақтаған күйі жылап жіберді. Осы күнге жеткізгеніне, бетін қақпай, белін бұғанына алғысын айтып жатыр. Мектеп ұжымы да көздеріне жас алып, қалайда осы баланы үлкен азамат етіп шығарамыз деп бір-біріне ант етісті.

Көп уақыт өтті. Өмір ғой, көп қиындықтар да, қуаныш та орын алды. Бірақ Азамат қазір жай азамат емес. Ол аяғына тұрғызған асыл мектебін бітірді, одан соң Кембридж университетін тәмамдады. Ең қызығы, бала кезіндегі жанына батқан, емі жоқ деп еліне қайтара берген аурудың емін ойлап тапты. Көп балаларды аяғына тұрғызып та үлгерді.

Аружан Рақымғалиева

Сәтпаев Университеті

Айша

Түн. Ай сәулесі. Суық бөлмеде қарауытқан бір бейне. Жүзін әжім шалған, шашын ақ басқан, көзі мұң мен сағынышқа толы Айша еді бұл. Айша өрмекшінің торындай шырмап алған ауыр ойлардан арылар емес. Бәрінен бұрын оның жанын қинайтын сағымдай көзден ғайып болған сол бір бақытты шақтың естеліктері.

Ой жетегін қуалап, беймаза күйде отырған оның санасын оятқан сағат тырсылы болды. Енді байқады бойы суықтап қалыпты, кереуетіне барып жайғасты, бірақ ұйқыға кетер емес, бөлме тыныштығында тек Айшаның күрсінгені естіледі. Ол әдеттегідей сол күнгі оқиғаларды ой елегінен өткізуге кірісті. Айшаның көз қуанышына айналған Арман атты жалғыз ұлы, ақылына көркі сай келіні, Нұртай есімді тәп-тәтті немересі бартын. Нұртай балабақшадан келе сала әжесінің етегіне жармасып, күні бойына бір елі қасынан қалмайтын, ұйықтар алдында әжесі оған қызықты ертегілер оқитын, ал немересі Айшаның ыстық, мейірімге толы құшағында мұрны пысылдап тәтті түстерге саяхат жасап кететін. Ұлымен сырлас досындай, келінімен қызындай сөйлесетін. Кешқұрым отбасының басы қосылғанда барлығы мәре-сәре болып әңгіме дүкен құрысатын. Бір кездері бұл шаңырақтың да айы оңынан туып, әр күні сәттілікпен ұштасып жататын. Бұлай әрдайым болар ма еді, сол бір қарғыс атқыр күн болмаса...

Сол күні балалар қала шетінде тұратын достарына бару үшін ерте тұрып жол қамына кіріскен. Аналарын ертпек болып еді, Айша жол ұзақтығын сылтауратып қалып қойды. Әншейінде бұндай әдеті жоқ Нұртай есік алдына беттей беріп кері бұрылды да, әжесінің екі бетін кезек-кезек сүйіп, томпаң қағып шығып кетті. Әттең, бұл соңғы кездесу екенін екеуі де сезбеді...

Айша үй ішін ретке келтірді, сүйікті кітабын оқыды, бөлме гүлдерін суарды, уақытын өткізу үшін жаны қалайтын істермен айналысты. Бірақ, ана жүрегі бір сұмдықты сезгендей сағатқа қарап елеңдей берді. Кенет шыр етіп телефон қоңырауы шалынды, неге екені белгісіз Айша тұтқаны қолы қалтырап көтерді. Даусы дірілдеп шықты. Ар жақтағы дауыс оған бір сұмдық жағдайды хабарлады, Айша елең-алаң қалыпта, сенер сенбесін білмеді. Тек бірер сәттен кейін ғана құлын даусы шырқырап, ботасынан айрылған аруананың жан айқайындай дауыс естілді. Бір түсінгені оның жүрегіндегі үміт сәулесі, жанарындағы сенімі қыршын кеткен балаларымен бірге тұншықты. Ары қарайғысы бұның есінде жоқ. Айша қазір таңның атуын күтіп жатыр, ертеңге жол сөмкесін дайындамақ, жалғыздықтан құтылу үшін қарттар үйіне кетпек. Мүмкін қарттар үйінде ол жан тыныштығын табар.

Әй, бірақ, қайдам...

Самат Раимбеков

Л. Гумилев атындағы

Еуразия Ұлттық Университеті

Жүрек мұздай қатқанда

Қаладан төмен түсе берген кезде, айналама қарайлап, жаңашылдық іздедім, алайда, көз қандырар ешнәрсе таба алмаған соң, жәй ғана отырдым. Атам неліктен шақырды, тағы жұмыс па, деп те ойлап қоямын. Сөйтіп отырғанда Үлкен Ата көшесінен автобусқа Ержан кірді. Өңі бұзылған екен, қабағынан қар жауды десем, асыра сілтемеспін. Алғашында мені байқамаған ол, көзін терезеден алмай тесірейе тұрды. Бірнеше аялдамадан кейін маған қарай таңырқап қарады да:

- Елдос! Сен қашаннан тұрсың, - деп маған қарай жылжыды. Менде қарап тұрмай оң жақ қатарға ауыстым. Жөн білісіп, көңіліне, не қаяу түсіргенін түсіндім.

- 1-апта бұрын анам мен әкем екеуі қонақтан қайтып келе жатқанда, масайрап алған жастар, біздің көліктің күл-талқанын шығарды. Ал қазір сол малғұндар кесірінен әкемнің бірнеше жері шытынап хәл үстінде жатыр, - деген Ержанның сөздері де соған дәлел. Іштей ал әлгі жастарға не болды деп ойладым, дегенмен, досымнан сұрауға дәтім бармады. Есіне салып, жағдайды ушықтырып аламын ба, деген ой да дереу келді. Тура сол сәтте кондуктор:

- Ақтамберді бар ма? – деп сұрай қалды, досым болса дереу

- Бар! – деді. Содан, тоқтап шыға бергенде, артынан қарап тұрған мен, көз алдымдағы балалар үйіне қарап қалдым.

Автобус қайта жылжығаннан кейін біраз отырып, балалық шағымды еске ала бастадым. Ержанның әкесінің хәл үстінде жатқаны да себеп болған шығар. Тек ол ғана емес, менің алғашқы қонысым болған бағанағы балалар үйіде соған себеп болды-ау деймін.

Көбінесе сол көшеге қарамай өтетінмін, атында ұмытқан едім. Ақтамберді де..! Балалар үйі бар көшенің аты жырауды жырлатпай, жылататындай еді, қайткенмен де, ол жерде тым көп естеліктерім болды. Осы оқиғаның бәрі, Ержанның әкесінен өзімнің әкеме уайымдауға айналды, алайда...

Әке-шешем 7 жасымда жеке психолог жалдады. Ол кісі болса балалық шағымдағы оқиғаларға байланысты дәптер ұстап, бәрін жазып жүргенімді қалайтын, әсіресе, уайымдаған сәтінде жазуыңа болатын дейтін. Мен болсам психолог кеңесіне құлақ аспадым, себебі, онсыз-ақ бәрін ұмыта алдым, әйтсе де, сол уақытта алғашқы рет жазып көрейін деп, келесі автобус ауысқанда, босап қалған аяққы орынға отырып, сөмкемді алдыма қойдым да, алғашқы әңгімемді бастадым.

Қай күн екені есімде жоқ, әйтеуір, шайдай ашық күн болатын. Сол баяғы ойын алаңында жүрдік. Біраз доп қуалап болғаннан кейін демалайын деп орындыққа отырған кезімде, Айжамал апай келіп, жаныма отырды да:

- Сүйінші! – деді күлімсірей. Мен таңырқай:

- А? – деп қалыппын.

Айжамал апайымыз сыр бермейтін, әрқашан күлімсіреп жүретін. Ерзатты асырап аларда, тура солай қуанып, Ерзатты да қуантып аттандырған болатын, дегенмен, достарымнан естуім бойынша Ерзаттың кегісінен-ақ жылапты деседі-мыс. Тура сол сәтте мені де асырап алатын ата-ана табылды ма, деп ойлаған мен, дөп түсіппін.

- Алдында келген Бекен ағай мен Кербез апай есінде ме? Сол кісілер сенің жаңа ата-анаң болмақшы, қандай керемет Елдос, - деп бетімнен шымшып-шымшып жіберді. Менде қуанып кеттім де:

- Шын ба?! – деп жылап жібере жаздадым, соның өзінде, бала жүрегімде бір батылдық болды ма, білмеймін, Айжамал апайды құшақтап алдым да, біраз уақыт жібермей тұрып қалдым. Сол уақытта достарымның маған қызыға қарап қалғаны әлі есімде, қайтсе де, бәрі де әке-шешесінің болғанын қалайды ғой!

Уақыты келгенде, жаңа ата-анам мені құшақтарына алды. Аға-апай достарыммен қоштасып, бір жағынан қуана, бір жағынан күрсіне Бекен әкемнің машинасына отырдым. Басында бөтен үйде болғандай болдым, алайда, жаңа анам мен әкемнің арқасында, оларға бауыр басып қалдым. Нағыз ата-ананың махаббатын сезіне бастадым. Көршілермен танысып, талай жаңа достар таптым. Әке-шешеме қатты үйреніп қалғаным сонша, олардан айырылып қалудан қорықтым, содан болар, айтқандарын бұлжытпай орындап жүрдім.

Көктемнің аяғындағы бір күндер еді. Достарыммен алаңда ойнап жүрдім де, сол бұрынғыдай құммен ойнауға кеткен болатынмын. Бір сәтте жаныма ағай келіп:

- Қалың қалай? Не істеп жатырсың? – деді. Менде аңғармай:

- Сарай, - деп жауап қаттым. Ертеңінде тағы сол адамды кездестірдім, одан кейін тағы солай, аяғында ол ағайға үйреніп кеттім. Бір күні ол аға:

- Мен саған бір сыйлығымды көрсетуім қажет, - деді. Мен қызыға сол ағамен бірге ере көлігіне отырдым, сол ақ екен Еркін ағаны танымай қалдым. Беті сұрланып, өзгеріп кетті. Рөлді қайта-қайта саусақтарымен тоқылдатады. Қысқа бойыммен төменнен жоғарыға қарап отырған мен, алдыңғы терезеге шағылып тұрған көңілсіз, сасқалақтаған түрін байқадым. Мен енді ғана:

- Аға, сізге не болды? – деп сұрайын деп болмағанша Еркін аға маған:

- Мені кешір, менің амалым жоқ, - деп көзінен мөлдіреп жасы шыға бастады. Шынымды айтсам, сол уақыттың өзінде мен ешнәрсені түсінбедім, түсініп те үлгермедім, алдымызға дабылын қосқан күйі келіп полиция қызметкері тұра қалды. Сасып қалған Еркін аға артқа жылжып үлгергенше екінші машинада жетті. Еркін ағаның қолына кісен салып, өз машиналарына отырғызған полиция қызметкерлері:

- Мына кісі саған зиян келтірмеді ме? – деп сұрады. Менде саспай нақты әрі анық:

- Жоқ! – дедім. Сол-ақ екен әкем мен шешем жетті. Түрлері бозарып кеткен екен. Анам жүгіріп келіп, жылаған күйі мені құшақтап, сүюде. Екі иығымнан жұмсақ қыса, көзіме қарап:

- Саған тиіспеді ме? Ештеме істемеді ме? – деп сұрақтарды жаудыртып жіберді. Әкем болса басымнан бір сипай, полиция қызметкерлері жаққа кетіп қалды. Сол сәтте ғана түсіндім ғой деймін мені ұрлап кеткенін, сонда да, анамды қинамау үшін сол баяғы бәрі кереметтей кейіп таныттым.

Біршама күн өтті, бәрі реттелгендей болды. Ол уақыттарда не болғанының анық-қанығын біліп алдым. Ең қызығы мен отырып кеткен көліктің нөмірін достарымның бірі жаттап алыпты. Анамның айтуынша ол баланың шешесі бөгде нөмірлерді жаттап, сақ жүруін талап етіпті-мыс, менің сол баладай болуымды қалағаннан айтқан да шығар. Қалай болса да, сол досымның арқасында аман қалдым деп ойладым.

Келесі күні әкемді сотқа шақырды, бір қызығы мені бірге алып келуін өтініпті.

Сот залына кіре салысымен суық лебізді сездім. Сол лебіз сол жақ бұрыштағы тор ішінде тұрған Еркін ағадан шығып тұрғандай болды. Салқындықтан мені біраз үрей биледі, дегенмен, батылдығыма әлі таңырқаймын. Дым білдірмей анамның қасынан алыстамай жүріп отырдым.

Соттың ортасына дейін Еркін ағаның заңға қайшы іс жасағаны туралы айтылды. Бізден істің қалай болғанының мән жайын сұрады. Бәрін тыңдап, қорытып отырған мен, бұл Еркін ағаның алғашқы ісі екенін түсіндім, айтуынша, әуесқой ойыннан қарызға белшесінен батыпты. Қарыздан тез құтылудың жолын іздеп, әрең дегенде бала ұрлап ақша табуға бел буғанын айтты. Алайда, «бала ұрлап» дегеннен кейін біраз кідіріп қалды да, маған қарап, бірнәрсе айтпай кеткендей болды. Сол сәтте Еркін ағаға:

- Сіз білесіз бе? Сіз ұрлаған бала, сіздің ұлыңыз, - деді де, күрсіне қоя салды тергеуші мырза.

- Тордың ішінде тұрған Әкемнің де (Еркіннің де), сыртында тұрған менің де жүректеріміз мұздай қатты ғой деймін. Сол уақыттан ары қарай, не болғаны есімде де дұрыс қалмаған. Тек бір нәрсе есімде! Алғашында таңырқап тұрған Еркін, бір жымыды да, өксіп жылап қоя берді. Тордың ішінен шығарып, алып бара жатқанында жыламсырай:

- Қиналғанда жасаған ісім, айналып келе баламды алдыма әкелді ме? Қалайша? – деп айтқан сөздері анық естілді, бірақ, ары қарай соңғы сөзін жасаурап тұрған көзімнен көрмей, тек дауысын естідім:

- Ұлым мені кешір..! – деген. Одан ары есімнен танып қалыппын, содан бері, ата-анам маған жеке психолог жалдады, бәрі реттелгенше қасымнан бір елі алыстамады. Менде үйрендім бәрін ұмыттым, әке-шешемде ұмытты, алайда, әлі ойлаймын ұрлаған

баласы қалайша өз ұлы болып шықты деп, қалай болса да, бұл өмірде кездейсоқ ешнәрсе болмайды ғой...

Біршама сөйлем жазып тастаған мен, атамның үйіне жетіп қойғанымды да, байқамай қалыппын. Автобустан секіріп түстім де, таза ауаны кеудеме бір толтырып алдым. Жазған қағазымды, сөмкеме салдым да:

- Атам неге шақырды екен? – деп қайта ойлана, үйіне бет алдым.

**«ЖАС АҚЫН»
НОМИНАЦИЯСЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ**

Дәулет Жәлелов

Л. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті

*Құдай-ау, қайда сол жылдар,
Махаббат қызық мол жылдар?
Ақырын-ақырын шегініп
Алыстап кетті-ау құрғырлар*

Абай

Махаббат баяны

Сезім дегенің селк етіп қалған,
Қас-қағым сәттік аян ба?
Ғашықтық деген сақталған еді,
Кешегі Жібек, Баянда.
Жүрегім менің денемде емес,
Жүрегім менің миымда.
Мидағы жүрек тулайды қайта,
Айналып сан сәт құйынға.
Ақындар күнде ғашық болады
Сезімім менің тиылма.
Санамды сан ой баурап алғанда,
Жүректі жаулау қиын ба?
Ақындар рас ғашық болады,
Сұлуын тандап көздесе.
Сезімін бірақ өлеңмен өрер,
Басқадан сәл-пәл өзгеше.
Мендегі сезім, мендегі сана,
Айналған емес бұйымға.
Санамды сан ой баурап алғанда,
Жүректі жаулау қиын ба.
Мендегі сезім, діріл қағады,
Самалмен бірге саялы.
Тасада тұрып қалғып кетпесін,
Махабатыңның баяны.

Қазақтың қадірі

Қарт бабам қадірін қашырмай,
Басынан дауыл сөз асырмай.

Қарағай білекті абыздар,
Жарқылдап жарқ етті жасындай.
Тұқымы тұз болып шашылмай,
Заманның тезіне бас ұрмай.
Даланы дүбірге бөледі,
Нөсерлеп құятын шашындай.
Түскі асы Сағынай асындай,
Қайраты аждаһа басындай.
Билерім бар еді от ауыз,
Әр сөзі Күлтегін тасындай
Елім бар байқасаң осындай,
Сөйлетін халық ең тосылмай.
Аналар бесігін тербетті,
Әлдиін өзгеден жасырмай.
Көзімде көк бөрі ойнақ сап,
Жүректе ел болу бір мақсат.
Әруақтың алдында айып қой,
Көктемді көңілден ұрлатсақ.
Қанымда Абадан ұлыған
Ұрпақтың болмасын қолы қан.
Атамыз текті еді ежелден
Баласын құрсақтан таныған.
Теріс ой, тереңге іркілсін,
Жалынды жас жүрес бұлқынсын.
Қазақтың қадірін ойлайтын,
Әр үйде Абайдай ұл тусын!

Аламандағы ой

Дәстүріне қанып өскен құндақтан,
Қолтық сөгіп, аламанды тулатқан.
Бозайғырды ауыздықтап еншілеп,
Қиқу салып, боз балалар шулатқан.
Аламаның бақ қоржынын ақтарам,
Көшпендіде болмас әсте ат шабан
Себебі ол, менің бабам алашым,
Тұран далам, Түрік бабам баптаған.
Аламанға түскен тұлпар жебедей,
Дүбіріне дүбір қосар телегей.
Іш дем тартып, қас жүйрігің көсілер.
Тұғырды да мәрені да елемей.
Үміттеніп көрермен тұр дәмеден,
Бозайғырың бір-ақ шықты мәреден.
Тұлпар жену, тұлпар келу маңызды,
Өнеге ғой, келе жатқан көнеден.
Суытбастан бозайғырдың терісін,
Аралауда қалың дүйім ел ішін.
Той думанды атқарады қазағым,
Бір мүдде бар бірлік деген келісім.
Делебені қоздырады дәстүрім,
Алтын ғасыр есігіңді аш бүгін.

Біз аламан бағындырған Шұбар ат,
Тар заманда білдірмейтін аштығын.
Рухы-асыл, бабам сөзге үңілген.
Әлімсақтан дәстүріне жүгінген.
Төрт таңбаны тарихыма қашауға,
Қазанаттар келе жатыр дүбірмен.

Аманкелді Ақжігіт

Л. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті

Түнгі ой

Күйге енгізіп беймезгіл бізді ғаріп,
Асыл арман үмітін үзді нағып,
Ғашықтарды ғазалға айналдырып,
Ғайып болды ғарышта жұлдыз ағып.
Ғайып болды сол жұлдыз сіңіп түнге,
Енді оның тағдыры ұмыт мүлде.
Айлы түнде сан жұлдыз жымың қағып,
Аңсарына айналған жігіттің де.
Сырымды үнсіз тыңдайды түн меңіреу,
Жаны ашыды білемін бізге жүдеу.
Сары күзбен сағыныш тағы келді,
Сырын айтып отыр ма сізге біреу....
Ал қазір түн, елестер маужыраған,
Құлаққа ұрған тыныштық жанға ұнаған.
Құмартқанда қол жетпес айға асылып,
Қол созарда қош айтып қалды ма арман.
Болашақты отырмын жорып менде,
Елжірейді үніңе еріп кеуде.
Ақ қанатты пері қыз ақ ұлпадай,
Ақынды аңсап келгейсің зеріккенде.
Арман менен ой кезген атырапты,
Айдың нұры әлемге шашырапты.
Анау гүлде қосылмас ғашықтардың,
Аңсағанда төгілген жасы қапты.
Сағынышқа дос қылып күзді(ң) күні,
Солып кетті құлпырған гүл ғұмыры.
Арманы ұшып аспанға, ай аруға,
Ақындардың заңдылық үздігуі.

Дүние деген фәни бұл

Басыңа бақты жауғызған мәңгілік деме фәниді,
Көшпелі дәурен біреуден біреуге барып дариды.
Күле, күле күн кешіп, жылай да жылай өлгенде,
Үзігінді жалғайтын, ізіңде ұрпақ бары игі.
Тұтамдай ғұмыр-дастанды есті де жазар ессіз де,
Еңсеңді езіп мұң мен зар, телегей бақыт кештің бе.

Ғұмырдың ол да сынағы өтпелі өмір-өзенде,
Мәңгілік емес ештеңе, мәңгілік емес ешкім де.
Тарланбоз тартар тірліктің талай да талай тұсауын,
Қырандар қысқа ойламас қай жерде биік ұшарын.
Астамсып жүрген жан болар көкірегі көр соқыр,
Көзбен көріп, жанға ұқпас дүниенің мысалын.
Жаманнан досың би болса жанына жақын аттатпас,
Жақсыдан досың би болса өтірік өзін мақтатпас.
Түзуден тайған туғанды, турашыл оққа байлап бер,
Тірлікте кей сәт болады батырлық етпей бақ таппас.
Жетесізге бес тиын жазылмай жүрген жат мұңы,
Өтірікке айналар жақсының айтқан тап шыны.
Заман біреу, заң біреу шашылған тары-пендеге,
Темірқазық болады тәңірдің жалғыз хақтығы.
Балапан ғұмыр талпынып, шың басында түледің,
Тағдыр заңы - солады құлпырып тұрған гүл өңің.
Адал боп туған, ақ туған кірлемей "жылы жүрегің",
"Адам боп келдің өмірге, адам боп өту-тілегің".

Ерасыл Сәдуақас

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Ауылды аңсау

Түзетем деп тағдырымның тұғырын,
Арпалысты өтіп жатыр ғұмырым.
Алма кезек аласұрған өмірдің,
Күні күрең, түні мұң.
Долы жүрек тулайды кеп, дүрсілдеп,
Тіршілікті, ұмытып бәрін, құрсын деп,
Сағынып кейде ауылға кеткім келеді,
Қолымды да бір сілкіп.
Ауылым, шіркін, түзу шыққан түтіні,
Сапарым оңып, барып та қалам бір күні,
Сағыныш кернеп, олар да мені сағынып,
Жүрген де болар бүкілі.
Сағыныш оты ауылға қарай нұсқайды,
Шалықтай балғын сезімге көңіл сыздайды.
Жүректің шартын орындай алмай сол сезім,
Қаламымды ұштайды.
Білмеймін...
Көрмеді ме көңіл, әлде, қаланы шақ?
Маған басқа бар жаятын дара құшақ.
Ауылымның топырағына сіңіп кеткен,
Мен көрген балалық шақ.
Таң бозарып атқанда, малы маңырап,
Тіршілігі жандана түсер жадырап.
Қалаға кеттім арман қуып, дегенмен,
Ауылым – алтын шаңырақ!

Еріксіз оймен себепсіз түсер есіме,
Сезімге толы ауылдың ғажап кеші де.
Ауылда өскен қара домалақ қазақпын,
Жасырам оны несіне?!
Қоғамнан мынау кетсем де кейде жалығып,
Солмайтын гүлі кеудемде толы сан үміт.
Асыл өлкем, ауылымның бейнесін,
Еске алам тек сағынып.

Бір нәзік сәуле

Түн. Қараңғы. Үнсіздік. Қаяу көңіл,
Тағы ойлар мазалап қояды бір.
Амалың жоқ, қамсызданып тұрсаң-дағы,
Қарсы шығып, құшағын жаяды өмір.
Қайрат жыйып, күш көрсет қамықсаң да,
Бұйырады жеңіс тек алысқанға.
Қаһарымен төніп кеп, айбаттанған,
Өмір кейде ұқсайды арыстанға.
Тағдырына наласын төкпеді кім?
Жүрегінің естіртіп өкпелі үнін.
Айбаттанса арыстан сындыра алмас,
Рухын тек қайраты артық көк бөрінің.
Жалын кеудең, атады жарқын күнің,
Сезіне алмас бұл өмірдің балғындығын.
Болашақ күндерімнің ұшқынынан,
Алысып, арман қылып алдым бірін.
Күш кернеп, көңіл шіркін алқынады,
Көкке ұшып, баса алмай жүр мауқын әлі.
Сапар шегіп қиялмен армандарға,
Болашақтың бақыты – бар құмары.
Жүрек шерін ақ қағазға шертемін мен,
Асып кетпей көңілдің шеңберінен.
Үміттеніп қарасам алаңдамай,
Бір нәзік сәуле сәуле көрем ертеңімнен.

Қарлығаш Хавай

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Сіз маған хат жолдаңыз...

Сіз маған хат жолдаңыз ара-тұра,
Байлап ап көгершіннің қанатына.
Құстардан хабар күтіп мен де күнде,
Сан рет үңілейін сағатыма.
Сіз маған хат жолдаңыз барды жазып,
Өкпелеп...мейлі...реніш, зарды жазып.
Өзім-ақ жазар едім, әттең, бірақ
Қалдырам қайда ғана арды нәзік?

Сіз маған хат жолдаңыз мұң жамылған,
Мен сізге жауап жазам жырларымнан.
Мәңгілік махаббатқа малынып ап,
Отырып сағынайын түн жарымнан.
Сіз маған хат жолдаңыз сирек, мейлі,
Сағыныш сонда ғана күйретпейді.
Сізді ойламау қиын ғой, маған оны
Ешкім де үйрете алмас, үйретпейді!
Сіз маған хат жолдаңыз... қиын ба еді?
Сезімнің қиын шығар құйын лебі.
Бәлкім, сіз жолдадыңыз.. ал көгершін
Хатыңды алып жүру қиын деді?!
Сіз маған хат жолдаңыз әрбір құстан,
Қанатын қайырып ап жалғыз ұшқан...

"Ақын азабы"

Бар ғаламды құшағына сыйғызып,
Бұл ақындар бастан кешкен күй қызық.
Талықсыған таңмен бірге тағы отыр,
Рәмкесіне қайғы-мұңын құйғызып.
Шөлмек соңы ұмыттыр деп тағдырын,
Ішеді кеп жұбатардай жанды мұң.
Барсакелмес сапарына жөнелтпек,
Қайғысына толтырып ап сандығын.
"Бәрі де ұмыт, бәрі кетті, алдамшы"
-деп жанардан сорғалайды бал тамшы.
Сол ақынның жүрегiнiң сол сәтте
Сокқысына құлағымды салсамшы!
Бұл -ақынның ғалам үшін құрбан қып,
Өз шаттығын айырбастап тұрғандық.
Бар әлемнің бұрын сезіп шындығын,
Азап шекті, ал біз білмей бұлдандық!
Жоқ болған соң жанын ұғар құрдасы,
Ақ қағаз бен көк сиясы- сырласы!
Парша-парша ойлары жүр сан -сақта,
Жүзге, мыңға бөлінгендей бір басы.
Көп жан өзін қиялымен алдайды,
Ол қиялын шындығымен жалғайды.
Қайғырады сондықтан да, өйткені
Өтірікпен өмір сүре алмайды!

Әбдіразақ Тұрсынбек

Л. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті

Мақтаныш

"Бисмиллах" деп бастадым сөздің басын,
Баршамызға қасиетті сөз болғасын.
Бойыма берген екен ақындықты,

Тұрсынбек бір - екі ауыз сөз қозғасын ...
Рабым - Алла , махаббатпен жаратқан ,
Мың сан шүкір , таңым үшін әр атқан .
Мен - мұсылман , дінім - Ислам , діңгегім !
Пайғамбарым , Мұхаммедім таратқан .
Ұлтым - қазақ , атадан қаным таза ,
Тілім - қазақ , тілім үшін жаным қаза !
Жүрегім дінім , тілім , ділім деп тұр ,
Мақтанамын , мақтап өтем бәрін жаза .
Бабам - болыс , ұрпағымын даналардың ,
Тектілікпен ел билеген даралардың .
Әруағыңнан айналайын , Тәліп баба !
Сіздей болғай , шөбере , шөпшек-балаларың .
Көркем мінез , тілі тура , майда болған ,
ИнШаАлла , жайы Жәннат жайда болған .
Әбдіразақтай мүминге немеремін ,
Намаздағы дұғасынан пайда болған .
Ата - бабам ұрпағы үшін тәубе қылған ,
Мен неге онда , масайрап , әуре болам ?!
Тектілікті жоғалтудан ұяламын ,
Әруағынан бабалардың Әулие болған !!!

Сол бір қызға ...

Мүз құрсаған жүрегімді жібіткен ,
Ұйықтап жатқан шабытымды тірілткен ,
Қандай қызсың ? Не құдірет соншалық ?!
Ғашық болып қаларымды біліп пе ем ?
Білген жоқпын , байқамадым , сезбедім ,
Жүрегімнің ақылымды жеңгенін .
Ботадайын мөлдіреген көзіңмен ,
Ой - санамды баурап алдың сен менің !
Ұлбіреген әппақ жүзің мақтадай ,
Жан дүниемнің улап , шулап жатқаны - ай .
Абайсызда сүйіп қалдым өзіңді ,
Солған кеудем , дабыл қағып тоқтамай .
Қызық сезім , бәрі болды кенеттен,
Бір бұйырған , ешкім білмес себептен.
Түн ұйықтамай , арнап саған жырымды,
Қабыл алшы , саған ғашық жүректен!

Қасиет Қасиетов

Л. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті

Қадыр ақынға

Қадірлі атам Қадырым,
Арғымақ аттай арының,
Алаулы оттай жалының,

Толқындай тасты дарының.
Шабытың шоқтай маздайды,
Қуантып қазақ қауымын.
Миларды қатқан қозғайды,
Ұйытқып соқса дауылың.
Тұяғың болат тозбайды,
Терлеуден тынбай сауырың.
Тіліңнен құйып сөз майды
Тіркестің төктің тәуірін.
Қайнар бұлағын бөгемей
Қалдырдың таудай тағылым.
Мергендер атқан жебедей,
Діттеген жерге дарыдың.
Өрнегі қалған көнедей,
Ақылын айттың кәрінің.
Туралық айтқан Төледей
Көңілін таптың бәрінің.
Қызғыштай қорғап тілімді
Намысты тасқа жаныдың.
Қоғамға айтып үніңді
Халықпен бірге налыдың.
Жұртыңа аштың сырыңды
Ақынның бұзбай сабырын.
Ту етіп арды тұғырлы
Өлеңмен қақтың қазығын.
Тереңге жайған тамырын,
Талғамы биік Алыбым.
Ізінді басқан біз барда,
Сөнбейді жаққан жарығың!

Сыр сезім

Мен едім кеше мұз кеуде
Күңіренген күз белде,
Махаббат па жеткізген
Тылсым ғажап қызды елге.
Білмедім қандай сыр барын,
Нәзік жанды жүздерде.
Қандай хабар айтады,
Сыр толтырса қыз кеуде,
Керек болар қандай күш,
Жетелейтін бізді өрге?

Ізгі үмітпен іздеуге
Жүрек жібін үзбеуге,
Адалдық жанға керек-ті,
Сындардан сезім сүзгенде.
Сабырлық бойға керек-ті,
Қарсы ағысқа жүзгенде.
Пәк сезім керек екеуге,
Бірін-бірі іздерде,

Жанарға жас үйіріп,
Моншақ тамшы үзгенде.
Қызғаныш керек жүрекке
Бастырмай бөгде іздерге,
Теңіздің бетін толқытып,
Түбінен маржан тізгенде.
Қанаты әсте талмайтын,
Биікті ғана шарлайтын,
Алауы өшпес мәңгілік,
Махаббат керек біздерге!

Аягөз Мақатова

Қостанай Мемлекеттік педагогикалық институты

Тәуелсіз ел жастары!

Қанды кешкен, армандарын мұң қылып,
Суға түскен, отқа түскен мың күйіп,
Халқымыздың өткенінен сыр шертер
Тарих деген түбі терең тұңғиық.
Жылдар өтті, айлар өтті, тағы күн,
Қайран елдің көп болды ғой зары тым.
Торға түскен құс секілді қазағым,
Бодандықтың киді талай қамытын.
Қазағымның басқа қонар бағы үшін,
Азаттық деп аталатын таң үшін.
Оятам деп ұйықтап жатқан алашты,
Құрбан болып кетті-ау талай арысың.
Уақыт өтті, күн мен түн де ауысты,
Еңселі елім еркіндікпен қауышты.
Желтоқсанның алауы ғой оятқан,
Жетпіс жылға қалғып кеткен намысты.
Қасіреттің қара тонын шешкен ел,
Қыран болып қазақ бүгін төске өрлер.
Бағындырар қия шыңды қиналмай,
Талай-талай тар жол, тайғақ кешкен ел!

Жасай бер!

Самұрық дала, сарыны бөлек сырың бар,
Алты Алаш үшін алтынмен асқақ құның бар,
Тәңірден келген тәу етер асыл қазынам.
Алатау сынды азаттық атты тұғырлар.

Дарабоз бабам додаға түсіп сан түрлі,
Тәуелсіздікке қан төгіп жүріп талпынды.
Түркіден жеткен Тарихым тағы тіріліп,
Жаңғырттым қайта сақтардан қалған салтымды.

Жерұйық мекен дәуірлер сазын тербеткен

Кермиық өлкем Қорқыттың күйін кернеткен,
Осынау жерде Керей, Жәнібек ту тігіп,
Осынау жерде Абылай хандар ержеткен.

Тұлпардан түспей, тоқымға басып жауларын,
Сұңқардай болып самсаған көкке самғадың.
Бабалар күші, намыс пен жігер қосылып,
Дұшпанға бермей еншілер қалған аумағын.

Қаныма сіңген қасиетімен бабамның,
Күдірет болып кеудеме көктен таралдың,
Қасірет күнді еңсеріп едің сабырмен,
Халқымның үні – дауылпаз жыры заманның!

Санадан өшпес сағым жылдарым көшелі,
Желтоқсан болып желпінтіп өткен кешегі.
Жастардың асыл арманы болып жаңғырған,
Тоныкөк айтқан: «Мәңгілік елім» осы еді.

Құлазып жатқан Қазақстаным – кең жерім,
Абылай болып аталы сөзбен тербедім
Ұқса екен деймін ұл-қызы Алаш халқының,
Егемендіктің қиындықпенен келгенін.

Келтірер барлық дүбірлі жиын көрігін,
Дәм-тұзы кетпес қонақжай қазақ төрінің.
Тектілігі зор Толағайларды тудырған,
Жасай бер мәңгі, ұрпағы болып бөрінің!

Серік Салтанат

Абай атындағы ҚазҰПУ

Соңғы кездесу

Бүгінгі әдебиетімізде Әзілхан Нұршайықов бір романымен махаббаттың қызығы да, азабын да жеткізе алған жазушы. Мен бұл өлеңімдегі кіршіксіз аруды Әзағамның “Меңтайына” ұқсатамын. - Автор

Біз тағы кездестік,
Мүмкін бұл жол ең соңғы.
Алатаудай маңғазданып тұрдым мен,
Биік ұстап еңсемді.

Маған сүйеп басыңды,
Көк төбені нұрға бөлеп,
Жырға бөлеп,
Бір керемет ән салдың.
Сосын тағы ...
Бақыттымын дедің де,
Түнгі аспанға алахайлап жар салдың.
Әттең, әттең...
Күліңгірлеу шаттыққа,

Еш күдіксіз шаттандың.

Біздегі бұл бақыттарға баянсыз,
Тұрды аспаннан үнсіз ғана ай қарап.
Самал тербеп еркелеген бұрымың,
Жатты менің дидарымды аймалап.

Айға білеп қолыңды,
Өлең оқы дедің маған,
Даусыңды сағындым.
Өкпелімін мынау тілсіз ғаламда,
Жазғанына өмір атты сағымның.
Бірді – бірге арман еткен,
Махаббаттың майданына шағындым.

Аз ойланып отырдымда,
Қоштасайық деп бастадым бір өлең.
Сенің сұлу дидарың,
Неге бұлай жүдеген?!
Теріс қарап отырдында бұртиып,
Қарамадың қолыма,
Айлы аспанға білеген.

Неге дедің, неге дедің...
Қос жанарың мөлдіреп.
Бұрын сонды қинағаным азындай,
Жанарыңа жас толтырдым енді кеп.

Мен сені де,
Оны дағы ұнатам,
Енді қалай жазалайсың өзің біл.
Бар қазақтың қыздарына жыр жазам,
Түсін бірақ, сүю емес сезім бұл.

Ұнату ол,
Жай бір сезім кіршіксіз,
Ал, шын сүю бір басқа.
Ғашықтыққа ғажайып,
Әнде басқа, жыр басқа.
Бақытыңды тапқан кезде баянды,
Кімдер кепіл сен маған,
Алғыс айтып, оқала тон жаппасқа.
Кімдер кепіл мұңға толған жанарың,
Жазғы тандай шұғыласын шашпасқа.

* * *

Айхай арман,
Бұлдыраған ертеңі.
Махаббат – ай,
Бұлдыраған ертеңі.

Әкеге хат

Бұл өлең шекараның арғы бетіндегі “Асқар тауыма” жолданған хат еді.

Әкетай, алыстасың меннен жырақ,
Санаңды торып жүрме толған сұрақ.
Жігітсің деп жібердің елге мені,
Сол күні қалған еді анам жылап.

Шүкір, бүгін мендегі думан бөлек,
Өз елінде қалған жоқ қарғаң жүдеп.
Сізден алыс демесем бүршік жарды,
Жат елдегі тұншығып солған жүрек.

Бұл өмір сырғып өтер санап беді?
Беліңізге қойыпты сұрақ белгі.
Уақыттың ағысы сынап сені,
Қырықты да қызғанып сұраппа енді?

Мен туғанда болды деп қолғанатым,
Сүйіншіге мінгізген қолдағы атын
Әкетай, көмбелерден көрінбедім,
Тұлпар құрлы құным жоқ малданатын.

Маған ақыл берсе Алла жырақтатпай,
Әр сөзің сезіледі-ау жүрекке оттай.
Сол құлақпен тыңдаған ақылыңды,
Оң құлағым жүр бүгін сұрап таппай.

Берсеңші деп қаламның күшіне ерік,
Көрініп жүрсің әр түні түсіме еніп.
Шұрқыраған көңілдің сәні кетті,
Сағынышта жүрмейді кісіге ерлік.

* * *

Әзірге Қайратым жоқ "кісінерлік".
Сағынышта жүрмейді кісіге ерлік.

Алтынбек Мерсадықов

Л. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті

Қара өлеңім-күдіретім ...

Ей, қара өлең!
Сен менің қадірім-ең,
Шалмасын өн бойыңды кәрі күрең.
Ақ қағазға мөлтілдеп ағыла бер,
Шабытымды құшайын дарыныммен
...Алланың әмірімен.
Сап-сары күз...

Жырыммен төгейінші аппақ аңыз,
Іштегі тасқын ойды ақтарармыз.
Сен сары күрең болып көрінгенде,
Біз сенің қасыңда қап-қарамыз
...Осылай ақталамыз.

Дархан далам...

Жан бар ма сеніменен мақтанбаған?
Түрлі сезім өрбиді қапталдардан.
Қанша сойқан соғысты көргенімен,
Ошағы бәрібір де сақталмаған.
...Есімде жатталмаған.

Бейбіт аспан...

Көкжиек қара бұлттан арылмастан,
Өтті ғой, талай зұлмат небір бастан.
Сонда да күн күлімдеп шыға келді,
Шуағын төгуден еш тарылмастан.
...Сен едің алып дастан.

Жалын жырым!

Қасиет-қадіріңе бағынды кім?
Шектеуі болмасыншы, жалынымның.
Мен сенің әр сырыңа қанығайын,
Жолымен жүріп өңкей дарындының.
Жанымнан табыл, жырым...

*Жарық дүние, жанарым менің жайнаған!
Жап-жарық неткен айналаң!*

М. Мақатаев

Қараңғылық...

Жадымда менің жаңарып көктем,
Жалғыздығым да нала боп өткен.
Жанымда нәзік жарық қосылмай,
Жылдарды өткіздім қараңғылықпен.
Ағарып таңым ата алмағандықтан,
Арманымды алысқа сата алмағандықтан
Айғайға бастым алабұрттанып,
Айтуға сөзді бата алмағандықтан.
Рухына Өлеңнің илана бердім,
Расында жырды сыйлаған едім.
Реңімді түзеп, келешек үшін,
Рақымын Алланың қимаған едім.
Бістығын тағдырдың өңгере бердім,
Ымырт кештерде сенделген едім.
Ықылас білдіріп жарым түндерде,
Ынтама біраз өң берген едім.
Қадалып ажалды басына бергем,
Қиындықтарға қарсы да келем.
Қара көздерім жарықты қалайды,
Қараңғылыққа бас ұрғанменен.
Жарық дүние, жарығым, қасыңдамын мен!

Күз. Сағыныш

Жасын бұлттар жанарынан жас тамып,
Өлең құшып,өзегімде мүлгіп Ой.
Өмір менен,Өлең сенен басталып,
Қоңыр күзге мұңымды артып жүрмін ғой.
Мұңымды арттым,қоңыр күзге шерімді,
Түн жылаған..түнжыраған кезім бұл.
Неге маған жалғыздығым сезілді,
Неге менен кезбе бақыт безіп жүр?!
Кезбе бақыт кезігеді талайға,
Көмейлері көлгірсесе, көкіп іш.
Маған ондай бұйырмапты алайда,
Өңменімді өртеген соң Өкініш...
Өкінішім сары күзге,сап-сары..
Ашылмаған,айтылмаған сыры мол.
Оятардай ақ төсектен таңсәрі,
Ей,аруым, жүрегімнің жыры бол!
Жүрегімнің жыры да сен,нұры да,
Қанат қақтым,қиялыңа алып ұш.
Жолықтырар екеумізді тағы да,
Мөлдір мұңның мекені ғой Сағыныш.
Сағыныштан жапырақтар жылайды,
Жапырақпен қоса жүрек езіліп.
Еркемінез қылықтарың ұнайды,
Көз алдыма қайта оралшы,кезігіп.
Қайта оралшы,қайта оралшы сол бір күз.
Мұңымды айттым,саған,сырды ағытып.
Қайта оралшы,қайта оралшы сұлу қыз,
Өлеңімнен өзіңді ізде,тағы күт...
Мен келермін,бір күні...

Ерназ Дуриханов

Л. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті

Мен!

Түн көрпесін жамылғанмен түнектің
Тың ойымды түзде ғана түлеттім
Тек Тәңірге сырымды айтып іштегі
Ұзақ-ұзақ ұлуменен жыр еттім
Құла түзде жортып өткен бар күнім
Құла жонда қыр басында қалғыдым
Құла қары қырбақтанған далада
Құла айғырдың құлағына қарғыдым
Мен!
Мен солайша қасқырмын
Тарпаңдарды таңдайыма ас қылдым
Қас жауыма қарсы шаптым қынжылмай
Аю түгіл айдаһарды састырдым

Мен!

Мен солайша тағымын!

Намыс отын ойнатады тамырым

Дала сырын дүниеге келмей-ақ

Сұр құртқаның құрсағында таныдым

Қасқыр болып аспаныма ұлыдым

Құла қырда айқын болып тұғырым

Мен түсіндім жазылмаған ешкімге

Біз кешетін біз өсетін ұлы күн!

Сұр ат

Төрт аяғын тең басқан жануарым

Ат мінбесе қазақтың жаны жарым

Атам сені мінгізген бәсіреге

Топ жылқының ішінен танығанын

Ардағым-ай Сұр атым мақпал жалды

Сендей жылқы біздерге сақтан қалды

Ерге қонса ер қазақ рухы оянып

Ат жалында жасайды жоқтан барды

Ардағым-ай Сұр атым бұғы маңдай

Пышақ жүзді тұяқтың қыры қандай

Қыран төс екпініңмен дауылдатсам

Қашқан аң жатар еді тірі қалмай

Көз қарасың сұңқардың көз қарасы

Бақа қабақ мөп-мөлдір көз шарасы

Бұлан шоқтық қаз мойын бірге біткен

Қарабайыр жылқының өз баласы

Салпы ерін барыс кеуде тырна сирақ

Құзғын мықын, бөкен сан, құйма тұяқ

Шәйнек қарын кең тыныс көкжал құйрық

Өр болса өр, шабатын қырға ширақ

Өй, Сұр атым!

Сен кеткелі тақым да босап қалды

Мұң мен шер ар(ы) жағымда қосақталды

Ер жастанып жатамын ауылға кеп

Жануарым қинайды осы-ақ жанды

Айналайын, Сұр атым паң денелі

Темір тұлпар болса да бар беделі

Ауылда өскен балаға әрқашанда

Ондай пырақ тақымға тар келеді

Жылқыға тек жүрегім байланды шын

Үйірі жоқ далаға айналды ішім

Қазір мініп қайтайын Сұр атым-ай

Қай жұмақтың төрінде байлаулысың?!

Динара Мухтарова

М. Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінің
Қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің студенті

Сыр

Қайта елестеп өткен күндер, жылдарым,
Қуалаймын балалық шақ сырларын.
Кітаптардан көз аудармай күн-түні,
Жаттап өстім, Абай атам жырларын.

Ақындардың тұла бойы мол дарын,
Қалт жібермей ойлы шумақ жолдарын.
Жатсам, тұрсам тастамадым қолымнан,
Асқар, Сырбай, Әбділданың томдарын.

Ақын болу арман еді маған да,
Жақсы өлеңді жатқа айтушы ем табанда.
Сағи, Қадыр, Әзілханның жырлары,
Ұран болды мен туылған заманда.

Қиял-қанат қия шығып талпынып,
Қиындықтан көргенім жоқ тартынып.
Ордамызға ақын кепті десе егер,
Алдыменен мен жетуші ем алқынып.

Күн батады, электр шам сөнгенде,
Ұйқы көрмей кіп-кішкентай бөлмемде.
Дүниеде ең бақытты жан болдым,
Өлеңдерім газет бетін көргенде.

Күз

Табиғаттың мінез-құлқын ұға алмай,
Бұлт көшеді бір орында тұра алмай.
Күннің көзі бұлт астынан сығалап,
Бұлқынады бұғалықтан шыға алмай.

Көл өзеннің қолтығы да сөгіліп,
Кенерінен асып құмға көміліп.
Келін түскен тойда шашқан шашудай,
Жапырақтар жатыр талдан төгіліп.

Құт-береке дарып бақша, бауға да,
Қырман толып, айналды дән тауға да.
Диқан ағай майлап, сүртіп, тазалап,
Комбайынын қойды әкеліп аулаға.

Атам менің жомарт емес басқадай,
Шөбін шауып малға бере бастамай.
Көрші әжей де қорасынан шықпай жүр,

Қолындағы сыпырғышын тастамай,
Тазалықтан шаршап жаның құрысып,
Күз келгенде таусылмайды жұмысың.
Көгершіндер қонып алып аулаға,
Теріп жеп жүр жаздан қалған ырысын.

Далам мүлгіп қалың буға батқандай,
Қырат-қырды қырау шапан жапқандай.
Күздің мынау мазасын ап түрткілеп,
Кезегі кеп қыс килігіп жатқандай.

Еламан Төлеутай

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Жаратылыс

Жылатса, мені жел жылатады,
Жел уатады уатса.
Құлатса, мені ел құлатады,
Ел ұнатады ұнатса.

Құшағына алса, Аспан алады,
Әкемдей ұғар ол ұқса.
Көзінен таза жас тама алады,
Ұлы бір баққа жолықса.

Кешірсе, мені ғалам кешірет,
Анам кешірет үндемей.
Өсірсе, мені Далам өсірет,
өсексіз,
сөкпей,
күндемей.

Қорғаса, мені алып қорғайды,
Ол алыпты мен Тау дедім.
Қорласа, мені даңқ қорлайды,
О, даңқты мен Жау дедім.

Сүйіктім болса, Ай дер ме ем оны?...
Тәкаппарлығын тәрк еткен.
Сүйенішім болса, Жай дер ме ем оны?...
Қаһарын шашып жарқ еткен.

Түсінсе, мені Қалам түсінер,
адам түсінер демеймін.
Түсірсе, мені адам түсірет
Қалам түсірет демеймін...

Тексерсе,
Уақыт тексерет мені,
Тексерулерге сол шебер.

...Тарих сөгеді сөксе егер мені,
Тарих көреді көрсе егер.

Күз жылаған...

Сен де жетім,
Жетім күз,
Мен де жетім...
Кесір дүние біздерді кері тебетін.
Неге сонша қиырға кеттім екен?
Қарындасымды мұң болды-ау еркелету...

Жыла, күзім,
Жылайын қосылып мен.
Жарылайын! Жетеді осы күткен.
Қарындасым жүр ме екен
«қайтқан әкем
оралар- деп- бір күні» бос үмітпен..

Оралмайды ол.
Өлім бұл – ойын мәңгі.
Мен де сеніп, қанатты қайырғанмын.
